

А 2017

5266 к

Нұрмұқан

ЖАНҰЗАҚҰЛЫ

*Қоқтөмен  
күзге дейін*








Нұрмұқан  
ЖАНҰЗАҚҰЛЫ

*Қыркүйектен  
қыркүйекке дейін*



АНАРАЛЫҚ  
БАСПАСЫ

Алматы,  
2017

ӘОЖ 821.512.122-94  
КБЖ 84 (5 қаз)  
Ж 26

**Жанұзақұлы Н.**

**Ж 2 Көктемнен күзге дейін./Нұрмұқан Жанұзақұлы./**  
– Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017. – 152 б.

ISBN 978-601-7023-83-1


Белгілі ақын, сыншы Нұрмұқан Жанұзақұлының «Көктемнен күзге дейін» атты кітабы автордың жарты ғасырдан асып жығылар ғұмырбаяндық-каламгерлік жолынан тереңірек сыр шертеді.

Сөз өнерінде айрықша таңбасы бар қаламгердің әріптестері оның шығармашылығының әр қырынан қарастырып, бүтін бітімін, бөлек болмысын кейіптейді.

Кітап көпшілік оқуымен қызығымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-1  
КБЖ 84 (5 қаз)

© Жанұзақұлы Н., 2017  
© «Ан Арыс» баспасы, 2017



## БЕТАШАР

**М**ен тәуелсіз отаныма мәңгі борыштармын. Отан тәуелсіздігі болмаса мен жөнінде «Бір ауыз сөзім – мың ділда» сынды кітап шығару өңім емес түсіме де кірмес еді. Алғашқы нұсқасын «Шынжаң ғылым-техникасы» баспасына ұсындым.

*Сүйдім сені өмір бойы сүйіктім,  
Сол сүюден тарттым талай күйікті.  
Астау толы ақ жүректің ақ сүтін,  
Тар ыдысқа лақылдатып құйыптын, –*

дегендей болды да «ділдам» кері «қайтарылды». Қайтарса да қаймыққам жоқ. Мен өзіме өзім бек сенетінмін. Ең кереметі – қазақ атты, әсіресе психология атты ғылымның ұлт жанының түкпіріне жасырынған ғажайып күшіне деген сенімім мол еді. Сондықтан кітап Қазақстанда басылып, жариялана салып, өз орнын тапты. Оқырмағым мен ойлы зерттеушілердің назарын өзіне аударды.

Бүгінгі кітаптарымның тұсаукесері – осының нәтижесі. «Құлақтың қасуына, серіппенің басылуы» дегендей, балалардың шешесімен отбасын құрап, шаңырақ көтергенімнің жарты ғасыр толуы мен тұсаукесердің сәйкес келуі кездейсоқтық емес. Бұл – біздің бақытты 50 жылымыз! Немесе:



*Өмір өтті артына қарамастан,  
Ұры неме, жастық шақты ала қашқан.  
Қос қайықшы тірі жүр,  
Тәңір сүйеу.  
Өмір атты толқынмен жағаласқан, —*

деп жыр шумақтарымен өрнектей түскенім артық болмас.


Менің өмір және еңбек жолдарым туралы қалам тербеген Қазақстан және Қытайдағы қандас әріптестерім мен аға-інілеріме, достарыма рахмет, шынайы алғысымды айтамын. Мен жөнінде ойлаған, түсінген алтын көңілдерінен айналайың!


Ал кітап мазмұны туралы қалың оқырмандарымның өзімнің ойларыммен ортақтаса алатынына кәміл сенемін.

Бірінші бөлім.

---

*Ата мекенде*





## АВТОРДАН

*«Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты  
кітабыма түсінік*

**К**азақ ұлтының тілі мен сөздерінің құнын кастерлеу үшін кітаптың атауын «Бір ауыз сөзім – мың ділда» деп атадым. Қазақ тілінің байлығы мен құндылығына әр қандай ұлттың тіл байлығы жете алмайды десем мақтанғандық емес, бұл – ұлт жаратылысының шындығы мен намысын сақтағандық. Ұлттың тағдыры мен тілі ғасырлар бойында көкпарға түссе де, Алла мен тарих заңдылығының арқасында қайта көктеп ұлтымыз теңдік алды.

Әкем Жанұзақ Төлебекұлы шежіреші, әңгімеші, ертекті адам еді. «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты ертегіні әкемнен мен сегіз жас шамасында естіген едім. Бұдан басқа да «бір ауыз сөз» немесе «көп ауыз сөз» сияқты ертегілердің аты мен мазмұны болған талай-талай ертегілерден де хабардар болдым. Мысалы: «Жаман қатынды жақсы еркек баға алмайды. Жақсы қатын жаман еркекті баға алады», «Қатын жапа, ит опа», «Оқ жылан» т.б.

Әкемнің айтып берген барлық ертегілер мен әңгімелері есімде өз ерекшеліктерімен қалса да, «Бір ауыз





сөзім – мың ділда» атты ертегісі әлі күнге дейін өмірлік ойларым мен істеріме психологиялық тұрғыдан тәрбиелік мәні зор, әрі өзіндік ролін атқарып келді. Ендеше, осынау ертегіні қысқартып айтып көрейін.

«Бұрынғы заманда атақты бір бай болыпты. Оны жалғыз ұлы бар екен. Көзі тірісінде ұлына тіршілік жолын үйретпегендіктен, бай өлгеннен кейінгі жылдарда әлгі ұлы әкеден қалған барлық мал-мүлікті шашып-төгіп тауысады. Шалқыған байлық таусылып, бара-бара ішер асқа да зар болады. Ұлының келіншегі ақылды екен. Енесі беріп кеткен үш ділданың біреуін күйеуіне беріп: «Бар-жоғы үш ділда қалды. Біреуін базарға апарып өткізіп азық-түлік алып кел», – деп жұмсапты. Күйеуі ділданы алып базарға бара жатса, жол ортада бір ақсақалды қарияның «Бір ауыз сөзім – бір ділда!» – деп айқайлап тұрғанын көреді. Ақылы тозып жүрген жігіт: «Барлық мал-мүлкімнен айырылып қалуым ақылдың аздығынан болса керек. Ақсақалдан ақыл сұрайын», – деп бір ділдасын береді. Сонда қария: «Ажалсыз шыбын өлмейді», – депті де ғайып болыпты.

Келіншегі күйіп-пісіп жүріп ертеңіне тағы бір ділданы күйеуіне беріп жолға салыпты. Кешегі орнында қария тағы да айқайлап тұр екен. Жігіт белін буып, қолындағы бір ділдасын тағы береді. Қария: «Сұлу, сұлу емес, сүйген сұлу», – деп ғайып болады. Үшінші күні екі ділдадан да айырылдым ғой, қарияның соңғы сөзін естиін деп соңғы ділдасын да береді. Қария: «Сабыр түбі – сары алтын», – деп көрінбей кетеді.

Үш ділдадан түгел айырылған жігіт тіршілігінде әкесінің жан досы болған бір бай адамға барып, мәнжайын айтып ақыл сұрайды. «Жарайды, – дейді әкесінің досы, – сен де менің баламсың. Әкенің достық қарызы мойнымда. Келінді өзім қолыма әкеліп аламын. Сен оралғанша өз қызым сияқты қараймын. Алаңсыз бол!



Менің сауда керуенім Араб өңіріне жүргелі тұр. Сол керуенге басшы бол да, пайдасын өзін ал! Өз еңбегіңнің жемісін же!», – дейді. Жігіт қуана-қуана келісе кетеді.

Керуен шөл-жазирада құмды боранға жолығып, жолдан адасып кетеді. Адамдар мен түйелерге шөлден қырылу қаупі төнеді. Тосаттан құмды алқаптың ішінен қамысты көкорай шалғын кезігеді. Ортасында мөп-мөлдір сулы құдығы бар екен. Бірақ құдыққа арқанға шелек байлап түсірсе арқан шығады, шелек шықпайды. Керуенбасы жігіттің басы қатады. Сонда ділда берген қарияның айтқан алғашқы ақыл сөзі есіне түседі. «Ажалсыз шыбын өлмейді», – деп жігіт беліне арқан байлап, қолына шелек алып, құдыққа түсіп кетеді.

Құдықтың асты перілер патшасының мекені болып шығады. Перілер патшалығының қарауылдары жігітті ертіп «адамзат әкелдік» деп, патшаның алдына апарды. Патшаның алдында бір жігіт және бір айдай көрікті қыз және бір қара сұр қыз отырады. Патша жігітті отырғызып «Адамзат жақсы келіпсің. Перілер айта алмаған билік бар еді, сен билік айт! Билігің тура болса, не тілесен де тілеуінді беремін. Қате айтсаң, өзіннен көр», – дейді. «Дат тақсыр!» – дейді жігіт. «Мынау менің жалғыз ұлым, мынау отырған қара сұр қызды аламын дейді. Патшалығымыз болса сұлу қызды таңдаған болатын. Балам сұлуды алмаймын дейді. Айтшы, балама не болған?»

Жігіттің ойына қарияға екінші ділдасын беріп алған сөз оралады. Ол тартынбастан: «Сұлу, сұлу емес, сүйген сұлу, ұлыңыздың сүйген қызын алуға қақысы бар», – дейді.

Патша берген уәдесінде тұрады. Анар бақшасын аралатып, шөлін қандырып, жігіттің тілегенін орындап шығарып салады. Анар бақшасынан алған он тал анарды келіншегіне ерте қайтқан керуеннен сәлемдемеге беріп жібереді. Айлар аунап, жылдар өтіп, он неше жылдан соң керуен табыспен елге оралады. Жігіттің үйіне келуі түн



ортасымен тұспа-тұс келеді. Қараса бұрынғы үйі жоқ. Үйінің орнына алтынмен апталған, күміспен күптелген сәулетті сарай салыныпты. Есік қараушы қақпаны зорға ашады. Келіншегінің жанында мұрты тебіндеп қалған бала жігіт ұйықтап жатыр. Сырттан қолына бір балтаны көтеріп кіріп: «Мен жоқта...», – деп енді балтаны сілтей бергенде, есіне үшінші ділданы беріп қариядан сатып алған сөз түсе кетеді. «Сабыр түбі – сары алтын» деген. Алдымен жағдайдың мәнін сұрайын деп келіншегін оятады. Келіншегі болса өзімен жылап көріседі. Жігіт келіншегін кеудесінен итеріп жіберіп: «Мынауың кім?» – деп сұрайды. Сөйтсе, бұл балаң жігіт өзі алыс сапарға кеткенде келіншегінің ішінде қалған перзенті болып шығады. Ал он тал анардың дәні түгел гауһар болып, алтын сарай солай салынған екен».

Әкем айтып берген осы ертеке жылдар бойы жадымнан шыққан емес. Ертегі маған сөздің құдіретін танытқандай. Мәні тереңде жатқан сөздің ақыл мен ойдан туындайтынын да сездіргендей. Бірақ барлық адамға солай болуы да екіталай. Ал өзім үшін алғанда, естіген әңгімеден, оқыған кітаптан ой түйіп, оны жаңа өмір мен тұрмыстың керегіне жарата білу – күнделікті салтқа айналып қалған.

Сөздің де сөзі бар. Теніздің бір қасық суынан теңіз суының дәмін білген сияқты бір ауыз сөз, бір сөйлем немесе бірнеше сөйлемнен бір кітап немесе бір мақала айтатын ойды бейнелеуге болады деген мақсатпен осы кітап жазылып отыр.

Иә, халық ауыз әдебиетінде бір ділда емес мың ділдаға татитын сөздер жетерлік. Менің бұл кітапты жазуыма да сөз қазынасының шабыт пен қайнар бергендігі даусыз. Сөз қазынасын адам жаратпақ. Адамнан адамға сөз қалмақ. Ұлтымыздың ата-бабадан қалған алтын қазынасын молықтыру бірден-бір мақсатым. Егер осы жазбаларым ел санасына сәуле түсіріп, адамдардың ой-



лау өрісін кеңейтіп, мінез-құлқының көркемденуіне, өмір сүру әдетін сапаландыруға болымсыз болса да көмегі тиіп жатса, онда мен ең бакытты адамдардың қатарындамын. Бұл күнде ненің болса да бағасы өсіп, құны асқақтап тұр. Ендеше, ежелден бері бағалы есептелетін сөздің құны да артуға тиіс! Сол үшін кітабымның атауы — «Бір ауыз сөзім — мың ділда».

Бала кезімізден бастап әке-шешелерімізден, аузы дуалы үлкендерден ертегі естіп, әңгіме тындай жүріп мектепке бардық. Мектеп табалдырығын аттаған соң ұстаздарымыздан және ұлттың білімпаздарынан Қазақ атты ұлтымыздың, сондай-ақ адамзат руханиятының озық үлгілерінен үйрендік. Әсіресе адамзаттың рухани көсемдерінің көрнектісі ұлы Абай атамыздан өз басым мол азықтанып, көп сусындадым. Бар ғұмырымда Абайды үлгі етіп келемін. Абай жазбалары, Абай философиясы және Абай идеологиясы ой өрісімді кеңейтті. Ақыннан ой ойлау мен ой түйіндеудің барысын, әдісін үйрендім. Ұлы Абай атамыз қазақтың бағына біткен ұстаз екені әлемге аян. Тек мен ғана емес бүкіл адамзаттың данасы, дарасы, атасы ғой!

Менің білуімше, казактан Абай сынды данышпан, психолог-ғалым әлі шыққан жоқ. Абай тағылымдары мен Абай шығармаларынан өзімді, заманның адамдарын, әсіресе өз ұлтымның адамдарының болмысын танып, түсіндім. Сөйтіп, өзіміздің алдымызда да адам тәрбиелеу міндетінің тұрғандығын тереңірек сезіндім. Бұл біз сияқты және қазақ зиялыларының Алла, одан кейін ұлт алдындағы борышы еді. Сонымен адамдарды тәрбиелеудің өзімше формасын жасауға құлшындым. Адам тәрбиесінің осы заманғы жаңа ойларын ортаға қоюға, қалам тербеуге кірісіп кеттім. Осы кітапты жазуыма Абай атамыздың рухы шабыт берді. Тіпті әруақты атамды түсімде де көріп, таяғымен түртіп: «орныннан



түр», – деп оятқан кездері де болды. Содан баба аруағына Құран бағыштадым да, осы жұмысқа кірісіп кеттім.

Абайдың идеологиясы, Абайдың поэзиясы, Абайдың қара сөздері... Абайдың қазақ болып жаратылуы, Абайдан бұрын және кейін дүниеге келген ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин, Мұхтар Әуезов, қос Махамбеттер, Ғабит Мүсірепов қатарлы тұлғалардың еңбектері ұлт сапасының өсуіне зор әсерін тигізді. Өткен ғасырда да Абайды зерттеген тұлғалар ұлттық ақыл-ой, мінез-құлықтың дамуына өшпес үлестерін қосты. Сондықтан «Бір ауыз сөзім – мың ділда» – атты кітапты Абай атамыздың: «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз», – деген тәлімі бойынша жазылды деп түсінгендеріңіз жөн.

Абай секілді алып тұлғалар өз заманында ұлтын, адамзатты тәрбиелеуді өз борышым деп өмірден өткені аян. Ендеше, біз де ұлт алдындағы борышымызды шама-шарқымызша өтесек, сонда ғана адамдар дұрыс түсінеді деп ұғамын. Қысқасы, бұл кітаптың мақсаты – ұлтты, адамзатты ақыл-ой, өмір сүру психологиясы тұрғысынан сапаландыру.

«Сөздерді» өмірдің өз ортасынан, осы заман адамдарының тұрмысынан, қарым-қатынасынан, қоғам өмірінен алып жаздым.

Бас үлгім – ұстазымыз Абай.

Адамдар түсінігі әралуан болғандықтан: «Мынау Абай болғысы келіп жүр екен», – деп күңкілдейтіндер бар шығар. Бірақ мен ұлтымыздың барлық жастарының Абайға еліктеп, Абай атасы сияқты болуға ұмтылуын әр күні Алладан тілер едім. Ал көпшілік оқырманым осынау кітабымды оқығаннан соң менімен бірге ой кешетініне сенемін. Олай болатыны, Абай атамыз жасаған дәуірден бері бір жарым ғасырдан аса уақыт болыпты. Заман ұшқан құстай дамып, ғажайып электрон дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Ұлтымыз ат мінетін заманнан, алып



ұшақ мінетін «айшылық алыс жолдардан, жылдам хабар алғызған» озық өмірде ғұмыр кешіп жатқаны белгілі.

«Елу жылда ел жана, жүз жылда – қазан». Ұлтымыздың рухани өркениетінде, қоғамдық қатынасында, ұлттар ара қатынасында да, адамдар ара қатынасында да, заман дамуының қажетіне қарай түбірлі өзгерістер, адам ойына кіріп-шықпайтын орасан зор дамулар болуда. Заман өзгерісі Абай атамыз жасаған заманнан әлдеқайда бөтен, әрі жана. Адамдар жаналықтың қабылдаушысы болумен бірге, оған ілесіп отыруы қажет. Ол үшін жаңа заманда жаңа сөз, жана ойлар айтылуға, ойлантуға тиіс. Ол сөзбен ой, ұлттық өмірге көзқарасы мен психологиялық сапасын, тіршілік формасы мәселесін алға қойып, оны дамыған дәуірге сәйкестендірудің қажеттілігін талап етеді. Абай атамыз тірі болса өзі айтар еді, деп армандай отырып, Абай қазынасын жан-тәнімізбен қорғаумен қатар, алдыңғылардан үйрену негізінде ел болып, Абай мұрасын байыту керек деп білдім.

Бізді жаратқан, бізді тәрбиелеген ұлылардың әруағы тек сонда ғана разы болмақ. Өз сөзіңді өзің сөйлемесең, «өз теріңнің пұшпағын өзің илемесең» кім саған аузына ас салып берер! «Бір ауыз сөзім – мың ділда» кітабим тағы да осындай ой мен мақсаттың нәтижесі. Арысы адамзаттың, берісі өзіміздің ұлт азаматтарына, ұлтты сапаландыруға пайдасы тиер деген ой мені қолыма қалам алуға жетеледі.

«Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты кітаптің жазылу формасы мен әдісінен сөз қозғар болсақ, адамдардың рухани өркениет тіршілігін тірек етіп жазылып отыр. Әсіресе, адамдар психологиясын, кітаптың барлық мазмұнында қамтуға ұмтылыс жасалды. Жиыны: 10 тақырыптық, мазмұн, бөлімнен құралған 1100 дана ақылиялық сөйлемдер мен сөйлем құрамалары жазылды. Шағын сөйлемдер басым көп санды ұстайды. Ең кіші сөйлемдер үш, төрт, бес сөзден құралған. «Отанның





опасызына оқ та арам» (622 сөз) (221 сөзге де қараңыз!) Ең көп сөз, 64 сөзден құрам тапты.

Ұлтымыздың шешендік, ақылия, мақал-мәтел формасымен жазылды. «Адамдықтың белгісі, Ақылын мен мінезін, Адам болам десеніз, осы екеуін түзегін», – деп жазғанымдай, адамдардың ақыл-ой сапасын, психологиялық мінез-құлық сапасын, қоғамды, өмірді білу, түсіну сапасын, тұрмыс-өндіріс сапасын, ұлт пен халықтың заң, тәртіп, басшылық ету сапасын жоғарылатуға септігі тиер деген үміттемін.

Кітапты жазу үшін бес жыл жұмсадым. Олай болатыны – кітапта айтылған барлық сөздерге автор оқырман алдында жауапты болу керек. Әсіресе, 1100 дана ақылиялық, түйін сөз, тұжырым сөздерге айтылу мүмкін сұрауларға алдыман жауап беруге дайындалуым керек. «Судың да сұрауы бар».

«Өлімнен ұят күшті» емес пе? Сондықтан басқа ұлттар мен шетелдің адам психологиясы жөніндегі жазбаларын мүмкіндігім жеткен деңгейге дейін көріп шықтым. Озық ұлттардың психологиясын адам өміріне қолдану тұстарындағы ой-қимыл жүйелерінің ұнамды жақтарын жинақтап, оны ұлтымыздың өміріндегі артық-кемімен салыстырып, сол арадан жаңа сөз, жаңа ой іздедім. Ұлтымыздың мақал-мәтелдерін, тіл шеберлігін, халық фольклорын өзіме үлгі еттім. Өзімнің тіл, діл, ой түйіндеу ерекшелігім сөз саптауда арқау болды. Көп ойды бір сөйлем сөзбен жеткізгенде кез келген оқырманның түсінуі – бұл кітаптың басты ерекшелігі дер едім. Мысалы, «Қойдың жуастығы қасқыр мен ұрыға пайда», «Ақылдыға ақша бітсе, көңілінен гүл ашады. Ақылсызға ақша бітсе, аузынан жын шашады» немесе «Сынықты сыйпап отырып саларсың, Сынған көңілді сыйлап жүріп жазарсың» т.б. Меніңше, бұл қорытындыларды бір-бір көлемді мақаланың еншісіне қалдырғанымыз дұрыс шығар.



«Ділдалар» өмірдің өзінен алынды немесе бірге жүрген адамдардың қараған көзінен, айтқан сөзінен, оң-теріс қылықтарынан, болмаса қоғамның қисық-қыңыр тезінен, әділет пен әділетсіздіктен алынды деуге болады. Өмір кімнің болса да ұстазы. Тек ойлайтын ой, көре білетін көз, сөйлей алатын тіл болса болғаны.

Кітапты жазу барысында «ділдаларымның» осы заман адамдарының ерекшелігінен, тәрбиесінің қажетінен шығу үшін және басқалардың ойлары мен жазғандарын, айтқандарын қайталамау үшін үш жақтан барынша сақтандым.

Олар: бірінші, Абай атамыз бастаған тарихи ұлы тұлғалардың жазғандары мен айтқандарын қайталамау.

Екінші, дүние жүзімен бауырлас ұлттардың ұлы тарихи тұлғаларының жазбаларынан көшірмеу, қайталамау.

Үшінші, мейлі қайсы ұлттың болмасын, мақал-мәтелдерінен, шешендік сөздерінен көшірмеу, пайдаланбау, қайталамау. Тек өмір өзі ұсынған жүректің әмірін айту және жазу. Ес-ақылы қалыпты адамдардың ойлау барысының мазмұндық ұқсастығы болуы табиғи. Десек те, жазғандарым мен айтқандарымның өзіндік мазмұн, өзіндік формасының барлығын ескерткім келеді.

Осы кітапты жазуды Қытай топырағында 2007 жылы көктемде бастаған болатынмын. Әрі кітап етіп шығаруға дайындала бастадым. Баспаға беруден бұрын тәлейімді сынап көргенім бар. Алдымен өзім жазған ақылия сөздерді реті келген жиылыстарда, отырыстарда әншейін ғана айтып көріп едім, бірсыпыра адамдардан жылышырай сөздер естідім. Түрлі басылымдарға жіберіп байқап көріп едім, олар да жылы қабылдады. Әсіресе «Шынжаң ғылым-техника» газеті «Бір ауыз сөзім – бір ділда» атты айдар ашып, жыл бойына «Үкілі де ойлы сөздер» деген тақырыппен әр нөмері сайын жариялап тұрды. Осылайша талай оқырмандарымнан шабыт және



қолдау таптым. Іле Қазақ автономиялы облысының белгілі мекемесіндегі басшы жолдас маған жолығып, бір топ мадақтаудан кейін: «Сөздеріңіз ұлтымызға өте пайдалы екен. Кітап етіп бастырыңыз, қаржысы бізден болсын!» – деді. Амал не?.. Қазақстанға, атамекеніме, Алматыға қоныс аудару алдында едім. Әлгі ініме алғысымды айта-айта көшіп кете бардым.

Қазақстанға қоныс аударғаным да екі жылдан асып барады. Барлығымыз қазақпыз десек те, жана қоныстың ерекшелігі, жана адамдардың өмір тұрмысы мен қоғамдық түзімі, ұқсас емес тәрбиенің нәтижелері... тағы басқа да жәйттер кітапқа түзетулер жасап, жана мазмұндар қосуыма себеп болды. Тәуелсіз қазақ елінен айналайын! Көп уақыт өтпей-ақ Алматы қаласындағы қаламдас, ақкөңіл аға-бауырларыммен аралас-кұралас болып сырласып кеттім. Әдеттегі жолдас-жораларым да аз болған жоқ. Әнгіме барысында кітаптағы сөздер туралы, тыңдаушыларыма суыртпақтап айтып көріп едім, жылы қарсы алып, «кітап етіп жазсаңызшы» деген тілектерін де жеткізді. Сынактан өткен сияқтымын.

Сонымен екі жыл уақыт жұмсап кітабымды қайта өңдеп жаздым. Тіл, атау терминдерді қолдану барысында Қытайдағы қазақтардың атау-терминін қолдану формасын қолдандым. Бұл қазақ тілінің шұбарлығынан сақтануда оң рөл атқаратындығына сенемін. Иә, ел тілегі елу деген емес пе?! «Ділдамның» – өз орнын қайда барса да табатын мүмкіндігі бар. Оқырмандарымның олпы-солпысына, орынды сын, ақыл айтып, шаңын сүртіп, онан ары жарқырата түсетініне сенімдімін. Оқыған жан өз бағасын бере жатар. Ойларым мен оқырман ойлары ортақтасатын да шығар. Өзім жөнінен алғанда, ұлтымның адамзат руханиятының қажетіне жараудан артық тілерім де, сұрарым да жоқ.

Жаңа қонысымда ата-бабамның аруағы қолдай гөр!



**Бакыт  
САРБАЛАҰЛЫ,**  
сынышы,  
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының  
лауреаты

## ЖҮРЕКТЕН АҚҚАН ЖЫР-БҰЛАҚ

**М**ен жақында баспадан шығу алдында тұрған Нұрмұқан Жанұзақұлының «Көктемнен күзге дейін» атты таңдамалы жыр жинағына редактор болуыма тура келді. Осы жыр жинағын оқу барысында осындай ойлар ойға оралған болатын.

Тендік тиіп, егемен ел құрғанымызға 25 жыл болса да, Кенесары ұранына еріп, кемелімізге келіп, толыса алмай жатқанымызды, бәйтерегіміздің діңін Сарыарқамыз төрінде нық тіктесек те, жақын және алыс шетелдерге шашырап, таралып кеткен жасыл жапырақ, алуан бұтақтарымызға болыса алмай жатқанымызды несіне жасырамыз?! Оны жасырғанда шындықты достарымыз көрмей ме, түрлі тілектес емес қастарымыз шын жағдайымыз – ахуалымызға көңіл бөлмей ме? Дау жоқ, ең басты шүкіршілігіміз: табан тіреп тұрған туған топырақ – жеріміз, бүгінгі күннен де кең қанат жайып, алдағы уақытта көкке өрлетер Бостан Еліміз бар: бас еркіміз өз қолымызда. Билігіміз түзелсе, гүл бітіп, нұр төгілуі әбден мүмкін алыс сапар – Ақ жолымызға. Жас





мемлекетімізді нақ осындай кеңістік келеге жеткізер, өркенді өреге өткізер басты бір себеп-фактордың бірі — дау жоқ, диаспораға айналған, айналмаған көрші-көрші емес елдердегі қандастарымыздың көшіп келсе — өздерін, жас ұрпағын, қатарымызға қосуы, отырған жерлерінде ірге көтермей қала берсе — сөздерін, ақ тілегі — яғни әдебиеті мен пәк жүрегі, мәдениетін атажұрт Қазақ Еліне жеткізіп, ортақ ұлт игілігіне айналдыруы Ұлы Сырдария Тәңіртаудағы бастау-суат, жолдан қосылған жүздеген бұлақ-өзендерден қор жинап, дарқан дарияға айналса, біз де болашақта Самұрық құс ұя салар алып бәйтерек болып бой түзейміз десек, сырттағы 5 миллион қазақсыз күн көрсек те, қорек ашып, Алтын Ордадан бөлінген кешегі терең тамырымыз — ірі қағанат Қазақ хандығындай қалыпқа қайта жете алмаймыз.

Біз өз басымыз сондықтан да сырттан кіндік атажұртына жеткен әрбір қазақты жалғызым деп қана қоймай, сол сырттағы әрбір ақынды, мәдениетке жақынды, алаштық қоңыр сазды, саңлақ өнерпазды лайықты бағалай білу — елдік мәселе, егемен еліміздің еселі дамуы үшін өте қажет бұлақ, жанып тұрған шырақ деп есептейміз. Әрине, бұл әйтеуір олар жазған ұйқасқанды өлең деуге ұласпауға тастүлек қырандар, құландар орнына қарғалар мен шырғалар қыр аспауға тиіс. Яғни бұл тұста да әдеби деңгей, өнерлі болмыс-бітім бірінші орында. Олар өз елдерінде қандай еңбек сіңіріп келді, Әуезов бола алмаса да Әлімқұлов (Тәкен) болды ма, өз үнін, күнін кемері мен бедерін тапты ма, бізге келген соң да таза бұлақ болып мөлдіреп ақты ма, осының бәрі екшеліп-ескерілуі керек. Өнерде көкпеңбек Талғар шыңына қоса басы шалған Көктөбенің де басқалар баса алмас өз орыны, қош порымы бар екеніне келіссек, қазақ жырының құлагері Илияс Жансүгіров:



*Лермонтов болмағанмен біздің Ақан,  
Жан ба еді ақындықтан құр алақан, —*

деп айтқаны қашанда қалтқысыз шындығымен мойындата берсе керек.

Біздіңше, кіндік атажұрт Қазақстанға көшіп келгелі де екі-үш әрлі өлең, нәрлі қарасөз жинақтарын шығарып, әдеби сынымызға да шама-шарқынша араласып жүрген Нұрмұқан Жанұзақұлы да — осындай еленуге, құрметке бөленуге тиіс тұлға, тәуір қаламгерлеріміздің бірі. Оның шығармашылығы жөнінде туған жері Қытай елінде құнды байлам-пікірлер айтылып, жеке мақалалар жазылып қана қоймай, бүгінгі біздің Қазақ Елінде де біраз лайықты бағалар беріліп, мақалалар жарық көрді. Мұның үстіне жеке басымыз Н.Жанұзақұлы еңбектеріне ең басты өлшем, әділ таразы — осы ақын, қаламгер әріптесіміздің төл шығармашылығының шынайы көркемдік келбеті, шын жеткен биігі, қазақ әдебиетіне қосқан үлес-жыр жаңалықтары деп білеміз.

Мен ақын Нұрмұқан Жанұзақұлымен қашан және қалай таныстым? Ашығын айтсам, дәл қай жылы, сол жылдың қай күні жүз көрісіп, жөн сұрасқаным есімде жоқ. Бірақ бірімізді-біріміз бұрыннан, баяғыдан жақсы білетін жандардай жатырқамай араласып кеткеніміз анық. Шындығы да осыған саяды-ау. Ол менің шығармашылығымды Бейжіннің «Ұлттар» баспасынан 1982 жылы жарық көрген «Ақиқат алдында» кітабынан бері жақсы біледі екен. Ал мені оған табыстырып, бірден бауырластырып жіберген — «Өмір — өлең, өмір — думан» атты ажелең жыры. Айтпақшы, бұл өлеңнің қияға қанат сермейтін, жүректен тербейтін әдемі ән-әуені де бар. Өзі оны кәнігі әншілердей қаздай қалқытып, шабытпен шалқытып шырқағанда мен неге екенін қайдам, сазгері кім деп сұрамаппын да. Сұранып тұрған сұлу





өлеңіне өзі шығарған жүрекжарды әні деп ойладым.  
Әйтеуір кемі жоқ, тені жоқ бір сұлу ән.

*Өмір – өлең, жарандар, өмір – думан,  
Думандатып жүреді ұл боп туған.  
Өмір деген – жақсыға той мен думан,  
Ажыратпа, құдайым, осы дудан.*

*Есіктің алды қоғалы-ай,  
Жақсының орны жоғары-ай!  
Сыйласып өткен бір күнің  
Мың күнгідей болады-ай.*

*Мен әнімді айтамын осындайда,  
Елдің басы еліне қосылмай ма?!  
Елдің басы еліне қосылмаса,  
Періштесі қазақтың шошымай ма?*

*Есіктің алды көлдей-ді,  
Сезімім кейде шөлдейді.  
Артымда қалған сол өмір,  
Қайта айналып келмейді.*

*Мен әнімді айтамын осындайда,  
Достар басы досына қосылмай ма?!  
Достық кетсе, араңнан сыйың кетсе,  
Қамшың келіп жотаңа осылмай ма?!*

Шырқалған ән-өлең бұрынғы халық әндеріне ұқсап тұр ма? Ұқсап тұр. Алайда бұл байырғылық осынау өлең-әнге халықтық сипат сыйлап, қарапайымдылық сымбат дарытып, табиғи ете түскен. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер койнына кірер денен» деп қайран абыз Абай ғажап айтқандай, мына өлеңде де өмір – өлең, өмір – думан екені ажарлы жеткізіліп тұрған жоқ па?! Анық Абай ізі, алайда қайталау емес. Абай жырынын



нұрлы жүзі, бірақ Нұрмұқан айқын өз дидарын тапқан. Өлеңнің аңғартары — елге ел қосылмаса, қай қазақта да бірлік болмаса, қазақтың періштесі қашып кетері; досқа достың басы қосылмаса, сыйластық сұйылып, бастағы бақыт безіп, ұлттың жотасына араздықтың, азғындықтың қамшысы соғылары. Жақсылыққа, жақсылармен жүздескенге, сыйласқанға, сырласқанға не жетсін! Сондықтан да әрқашан «Жақсының орны жоғары-ай!» Сондықтан да «Сыйласып өткен бір күнің Мың күнгідей болады-ай».

Міне, осылай басталған таныстық ақын Нұрмұқан Жанұзақұлы шығармашылығымен табысуға, жақсы адам, жоғары Азамат Нұрмұқан Жанұзақұлына жанасуға ұласты. Яғни бізді жүздестіріп, жақындастырған — өлең. Өресіз өлең емес, өміршең Өлең.

Сырттан аңсап жетіп, бүгінгі аркатірек Асқар тауы — тарихи Отанымен сағына табысқан қандастарымыздың мына біздерден басты айырмашылығы — тәуелсіз Қазақ Елін қатты қастерлейтіні, өліп-өшіп жақсы көретіні. Біздерге бадырайып көрініп тұрған ірі кемшілік, орасан олқылықтарға көз жұмып емес, кешіріммен қарайтыны. Біздің жемқор, әлі орыстың отаршылдығынан бас тартпаған бейшара, бұқарасымен бөгде тілде сөйлесер билігімізді өз үкіметіміз деп санайтыны. «Қанша жаман, бодан болса да, жақсысын кім береді?!». Бұған бағып мінді көрмейді, дымды «білмейді» деу орынсыз. Ортақ тағдыр, балалар қамын ойлау, ортақ болашақ қамын түгелдеу, бүгінгі тәуелсіздігіміз құрылысына бел шеше қатысу оларға бізден де гөрі тән, бізден гөрі де ерекше етене десек қателеспейміз.

*Топырағымнан көріп мөлдір бұлақты,  
Бұлақ болып жүрегімнен жыр ақты.  
Аңсап жүрген топырағымды иіскеп,  
Шалғыныңа шаттана кеп құлаппын.*



*Жүрегімнен бұлақ болып жыр ақты,  
Сүйдім-ау кеп тау, даламды, қыратты.  
Бұлттарың құшақтады, жұбатты,  
Маңдайымды самалыңмен сылаттым.*

*Атамекен, қойыныңа құладық,  
Құшақтастық, аға-інілер жыладық.  
Құшағымыз жазылмасын мәңгілік,  
Бір Алладан қатар тұрып сұрадық...*

*Өз топырағым  
Қалай жүрем жерсінбей,  
Топырағым танымас-ау тер сіңбей,  
Отандасым, бізді түсін, келісім бер!  
Ал, қайсың бар,  
Ерулікке келсін дер...*

*Топырағыма тойғалы үшін келгем жоқ,  
Ежелден-ақ өзімдікі жер мен көк.  
Менің жауым қуса дағы қай жаққа,  
Бар түкпірде ұлт намысын бергем жоқ...*

Бағзы бабалардан асыл мұра — атамекен жерге деген, туған елге деген мұндай маздақ махаббаттан, мөлдір сезіммен бұлақ болып жыр ақпауы мүмкін емес. Жай адамның жүрегінің өзі жырлап тұрса, (*жеткізе алу бір басқа, әрине*) ақын адамның, дау жоқ, жүрегінен бұлақ-жыр бұлқына ағады.

Ақын Нұрмұқан Жанұзақұлының өлеңдері — сондай жырлар, ақ маңдай сырлар, ақ тандай нұрлар.

*Ата қалам Алматы,  
сағынып, аңсап жүріп мен келдім,  
Еркіндікке, елдікке жан сап жүріп мен келдім.*



*Қазақстан шаруасын шалқытайын деп келдім,  
Қазақ исін әлемге аңқытайын деп келдім.*

*Егіз туған анадан туысқаның мен болам,  
Қалмақты ұрып қақ басқа қуысқаның мен болам.  
Тыныштықта тыртаңдап өкпелескен мен болам,  
Жау жағадан алғанда өртті кешкен мен болам.*

*Жеті атамның жерінен қуылған ер мен едім,  
Жетпіс жеті ұрпағым туылған жер сен едің.  
Қазақ атын өзіңнен ұғынған ер мен едім,  
Намысымды бермеуге өзіңді іздеп келемін...*

*Алатауды жастанып, ойлар жинап жатырсың,  
Қасиетті қарт қалам қазағын түгел шақырсын.  
Алашыл, бөлгіш адамға Алматы атам ақырсын!  
Елбұзар, дінсіз, ессізге тізесін атам батырсын.*

*Тілегім бар, Алматым,  
берші маған төрт тілек,  
(Ана тілге аямай қойған екен өртті кеп).  
Тіл, дін, дәстүр, топырақ —  
Бұл төртеуін қорғайық,  
Қорғай алмау төртеуін — ата жаудан дерттірек.*

Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді. Ақжарма акынның ақ, адал махаббаты аялап баурайды. Оның көл-көсір ыстық сезімі — бір автор акынның ғана сезімі емес, Отанға көшіп келіп жатқан барша ағайынның да көл-көсір сезімі. Оны айтасыз, осы Отанда өмір сүріп жатқан баршамыздың жан-жүрегімізден актарылған мархабат пен махаббат, парасат пен шапағат теңізі.

Жоғарыда айта да кеткеніміздей, «Алматыға айтарым» атты бұл өлеңде сыр ғана емес, сын да бар. Тәуел-



сіздігіміздің бесігі, Азаттығымыздың есігі Алматы – бұл кезде әлі астана – жұмыр Жер бетіндегі бар қазақты елге шақырған да сол; дінсіздікке, елсіздікке тізесін батырған да ділсіз көмескі мен тілсіз емескіге ақырған да сол; дәстүр-салтымызды құраған, отаршыл орысқа қоса әлемнен теңдік сұраған, Алашымызға Ақ Тан атырған да сол. Демек, ақынның ата қала, астана Алматыдан төрт тілек тілеп, мемлекеттік туған Тілді, маңдайымызға біткен төл Дін-исламды, кастерлі тарихымыз бен қайғылы-қуанышты тағдырымызды түзіп, қорғап, сақтаған Ұлттық Дәстүрімізді, ана-Топырақ Қазақ Жерін көзіміздің қарашығындай қорғайық деуі – заңды перзенттік «жұмысы» елдік жүрек тынысы. Расында бұл төртеуін қорғай алмау – жаһанданудан да өрттірек, ата жаудан да дерттірек.

«Алматыға айтарым» атты бұл өлеңге тоқталу себебіміз – оның ақын Нұрмұқан Жанұзақұлы шығармашылығындағы аттап кетуге болмайтын арда жыры болуында ғана емес. Ол – бүгінгі өміріміз бітімін Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдардағы тынысын жіті танытады. Бұған қоса аталмыш туындыда автордың ақындық шеберлігін де, адамдық кемелдігін де жақсы аңғартады десек асыра айтпаймыз. Мәселен, ақында ақжарылып айтар ойлары осал емес, бүгін күн бітімін байқатудағы бойлары аласа емес болса да, орындалуы жұп-жұмырлығы тұрғысынан (*ұйқасуы, түрлік келісімі, мазмұндық мағынасын жарқыратып ашу түсуі*) тұрғысынан олқы, копал өлеңдер баршылық. Ал мына туынды қай жағынан алсаң да жұтынып, озықтық, ақжал арғымақтай сұлулық байқатады. Сыртқы ұйқас тастай, әрбір жолдың аяқталуы әдемі екенін былай қойғанда, балталаса бұзылмас: «ансап жүріп», «жансап жүріп», «шалқытайын», «анқытайын», «туысқанын», «қуысқанын», «өкпелескен», «өртті кешкен» тәрізді ішкі



ұйқастардың өзі қосымша көрік қосып, жыр қуатын арттыра түскен. Өзі шабытынан танбаса, Алла тағала колдаса, Нұрмұқанның неше түрлі нұрлы, қазаққа құтты қандай да бір туындылардың да жалынан ұстап, қазақ әдебиетінің алтын қорына қақпайлап қоса алатынын көрсетеді.

Ақын Нұрмұқан Жанұзақұлы азат атақоныс табалдырығын аттағалы бері де жерімізде де, елімізде де оң өзгеріс көп. Әлеумет қамынан да, әдебиет жағынан да қатты ілгерілеу бар. Өміріміз жаңғыруда, мәдениетіміз жаңаруда. Мемлекетіміз Орталық Азия көлемінде ғана емес, халықаралық әлемде де өсіп, өркештеніп келеді. Мұның өзі адамдарымызды да өсіргені – аксиома. Ендеше ақын Нұрмұқан Жанұзақұлының да бірге өсіп келе жатқаны айғақ тілемейді. Айталық, ол алтын Арқа төріндегі жарқын жаңалықтарды, аршынды алға басуды «Астана – ғажап» деп жалаң тамсанып қоймай, ерке өзен «Есілді көрдім» деп танданып, оқырманын жүрек сөзіне сендіріп, қарапайым ғана жеткізеді. Ал өмірдегі, өнердегі шын сұлулық түгіл шын ұлылық та – қарапайымдылық қымбатта, халықтық сымбатта.

*Есілді көрдім, анамды көрдім,  
Анам су алған даламды көрдім.  
Жағасындағы жаңа қаламды көрдім.  
Астанамдай панамды көрдім.*

*Бабамның басқан іздерін көрдім,  
Сіңірі созылған заманды көрдім.  
Есілді көрдім, десімді көрдім,  
Күлкіні көрдім, досымды көрдім.*

*Есіл ағысы, толысып едің,  
Ғасырдың жаны шошынып еді.*





*Бүгінгі сұлу сыбдыр, сыңғырыңа  
Ән шырқадым қосылып өзім.*

*Есіл ағады, Есіл ағады,  
Әлемнің көңілін тесіп ағады.  
Есілім менің — ұлтымның сусыны,  
Тағдырын халықтың шешіп ағады.*

*Есілім менің — есімім менің,  
Жатайын жағаңда көсіліп өзім.  
Сені қорғаймын шешініп өзім,  
Тәңір алдындағы шешімім менің.*

Өзгеше өрелі, өрісті өлең. Жалғыз жараспай тұрған «сіңірі созылған...» деген заманға анықтауыштың өзі — билігіміздің құлқын, байларымыздың ғұрпын көріп-білгеннен кейін артық емес-ау дейсің. Ұлы заманымыздың сіңірін созып жатқан — солар болмаса, басқа кім?!

*Анау тұрған тауларың  
Әкемнің өзі сияқты.  
Бұлағың мен көлдерің  
Айнамның көзі сияқты.  
Соққан майда желдерің  
Жарымның сөзі сияқты.  
Ұл-қызымды көргенде  
Даламнан көрем құрақты.  
Соққан сенің бораның  
Елімнің тезі сияқты.*

Өлеңнің ұйқастары оңай, карапайым көрінгенмен, ежелгі халықтық ұғымға тамыр тартқан. Асқар таулар мен шөлдердің, әкенің өзіне бұлақ пен көлдердің ананың көзіне ұқсауы сияқты ғана емес, айнымайды. Қалғандары



да нақ осындай тауып-танып айтылған тамаша теңеулер.  
Рухани аштығыңды басар теңеулер.

*Тауыма тағзым еттім. Құлақ түрдім.  
Бейішті тіршілікте-ақ бір-ақ білдім.  
Тау суы сарқырайды, сылдырайды,  
Білмедім күліп тұрмын, жылап тұрмын.*

*Барсаңыз Шұбарталдың жылғасына,  
Қалады жан құмарың бір басылып.  
Кешінде қоймен бірге жатады екен,  
Шошынбаған арқар мен құлжасы да.*

*Сайрайды бұлбұлдары дара тынбай,  
Жапанда жалғыз сұлу жаратылған.  
Жылқышы қиқулайды қырдан асып,  
Шалмасын Ай мойнына салатындай.*

*Сағынышты Шұбартал ұғады екен,  
Ұлт тағдыры мәңгілік оған мекен.  
Топырағыңды қап-қара иіскесем,  
Қара шашым қайтадан шығар ма екен?..*

Табиғи ақ тілек. Қарапайым бітімді. Осыған қарамастан жүректен шыққан құнарлы сөздер. Тіпті айрықша Мұқағали Мақатаевтың мөлдір мақамын, жыр жазу жаратылысын жадқа түсіретіндей. Осы ұлы ақын өніп-өскен өлкенің бір пұшпағын бейнелеп отырғандықтан ба? Жок әлде Нұрмұқанның өзі де осындай тау, өзен, баурайларда туып өскендіктен бе екен? Мынадай тау, аңғар, мынадай өзен, кезеңде, арқарлар мен қойлар қотанда кешке бір жататын өңірде, жылқышыны мойнындағы шалмасын аспандағы Айға аса салатындай



күй кештіретін өлкеде өлең осылай жазылуға тиіс-ау. Қалай болғанда да ақиық Мұқағали мен ақын Нұрмұқан-да бір қандастық, жандастық бар.

Ары қарай ақынның жаңа кырларын аңдап, соны сырларын біраз барлап көрелік.

*Жыбырлаған құртты да,  
Үстінен басып өткем жоқ.  
Қастандық қылған бұлттыға  
Қастандық тұрмақ өкпем жоқ...*

*Найзағай түссе гүр етіп,  
Шамы деп тірлік қуандым.  
Жыласа сәби шыр етіп,  
Өле ғой десе, тіл алдым.*

Ақ көңіл, жомарт жанды, өмірді өліп-өшіп сүйген ақын табиғатынан жақсы хабар берер жолдар бұлар.

*Мүрделер, жат, ұйықта. Кеше тірі.  
Заң солай: тірінің бар көшетіні.  
«Адамға тумақ — парыз, өлмек — сүндет»,  
Рас ол егіз-екі десетіні.*

*Тұйықтап топырақпен төңірегің,  
Жатырсың ел қорғаны — небір ерім.  
Жылым жер бәрін жымдай жасасырыпты,  
Топырағың торқа болсын!  
Егілемін...*

*Жерлікке тағы бір жан қатар келді,  
Тірлікте ала көзбен атар елді.  
Оның да «жақсы адам» деп жаптық бетін,  
Өтірік, Шын жап-жақын жатар енді.*



*Ақыры бір төбеге жиылыпты  
Тойдыңдар көздеріңе құйылып құм.  
Ақырғыш, тілдегіштер аяз бүркіп,  
Таңылып екі елі ақпен – тиылыпты.*

*Адаммын. Аруақты да қимас балаң,  
Ақын ба – өлі-тірісін жырласпаған.  
Еркек пе – елі үшін қырды аспаған,  
Елдік пе – тірі кезде сыйласпаған...*

Осы өлеңге қосалқы түсініктің керегі шамалы. Ол – «Қабір басындағы ой» – өлім өлеңі ғана емес, Өмір өлеңі. Бойында ашы шындық бар, бәлкім біздер зорға сенер сұмдық бар; Алла тағала үкіміне бағынып, екі-ақ елі ақ шүберекпен таңылып, қос қарыс жер-молаға көміліп, жақсы мен жаман, Ер мен ез, Арман мен Жалған «татуласып», бақұлдасып қатар жатар тіршіліктің қатал заңын айғақтаған Ажал жыры.

Ажал сыры ашылған соң, ақырет жыры шашылған соң, оқып отырған оқырман ойына еріксіз Адам өмірінің басы – алғашқы жарық күнін оралмай ма?! Ол – нәрестелік, сәбилік болса, оның да тағы ұлы бастауы бар емес пе? Яғни ол Ана жыры, аналық сыры. Бірақ, бірақ... мұның өзіне және қайнар көз керек. Ол – қыз бен жігіттің маздақ та мөлдір Махаббаты. Соның жұмбағын ашатын Нұрмұқан Жанұзақұлының және бір жырына ден қойсақ, ол – «Сұлуды кім сүймейді?» деп аталатын өлеңі. Бұл – аруға, оған деген ғашықтық сезімге арналған жыр ғана емес, іс жүзінде Аналық жыры, жаңа да жасампаз Өмір Өлеңі.

*Кім сұлуды сүймеген, жаратпаған,  
Жігіт пе екен сұлу қыз қаратпаған?  
Сұлу өмір, сұлу жыр, сұлу жардан,  
Одан артық деп жүрме жаннат табам.*



*Сұлу жырды жазғанның жаны балдай,  
 Әр шумағы жаныңды жанығандай.  
 Махаббатын жырласаң адамзаттың,  
 Адалдықтан қаласың арыла алмай.*

*Сұлу жардың белгісі маңдайында,  
 Сұлу жарсыз бағыңыз жанбайды да.  
 Сұлулығы ақылдан табылатын  
 Қайсы қыздар кездесер қандай ұлға.*

*Сұлулықпен ақынның өсер жыры,  
 Сұлулықпен көңілдің өсер гүлі.  
 Жүректердің сұлуы қандай жақсы,  
 «Етікпен су – досыңның – кешер күні».*

*Сұлу керек, бұл әлем сұлу болса,  
 Тыныш өмір – әлемге сұлу толса.  
 Ең сұлуы өмірдің одан аспас,  
 Әр отаудың түтіні түзу болса.*

Өлең көрікті-ақ – бәлкім сұлулықты сұлу жырлай алғандықтан шығар. «Адалдықтан қаласың арыла алмай». «Жүректердің сұлуы – қандай жақсы» десек те, мынау тәтті әрі тар жол-тайғақ кешулі – қатты өмірдің ең сұлулығы – әрбір отаудың түтіні түзу ұшуы. Осылай тәмамдалған өлеңнің түйіні қандай ұлағатты?!

«Махаббатсыз өмір – бос» (Абай), қараныз. Махаббатпен өмір – дос, саған. Көңілсіз жұбайлық жұптан құлғана бала туса, махаббатсыз алтын Күн көкке көтерілмейді; алқызыл гүл өспейді, самал жел еспейді, ақша бұлттар көшпейді. Махаббатсыз мешіт те салынбайды, сыр да айтылмайды, жыр да жазылмайды. Тіршілік жалғаспайды. Махаббат оты мәңгілікке өшсе, мүрдені көметін адам түгіл түптің түбінде өлетін адам да табылмай қалуы әбден мүмкін.



Жә, осылай ойлауға болса да, сары уайымға салынбай, ақын Нұрмұқан Жанұзақұлының шығармашылық әлеміне қайтайық; поэзиясының келесі бір жаңа қырын айтайық. Алайда оның өлеңдерінің келесі бір жаңа қыры да – тағы да махаббат.

*...Келсе де қысым, күз бенен,  
Махаббат жанбыз іздеген.  
Жетімді көрсек жетектеп,  
Қайырымсыздыққа төзбеген,  
Махаббаты ғой бабаның  
Желісін ұлттың үзбеген.  
Махаббатымызбен өсірдік  
Ұл менен қызды біз деген.  
Махаббат керек сізге де,  
Махаббат керек бізге де.  
Махаббаты таулардың  
Сырласар солай сізбенен.*

Иә, мына жарық күніміздің жүрегі жарқын өміріміздің тірегі – Махаббат. Махаббат керек қыс бен күзде де; Махаббат керек біз бен сізге де. Өмірің нұрлы, жырлы болсын десең, күйіп-сүйе біл. Махаббатқа қол жеткіз, ие бол. Бір адамдарды аялай алғандықтан зор жасайтын да – махаббат, бір адамдарды саялай алмағандықтан қор жасайтын да – махаббат. Демек, қадірлі оқырман, жас болсаң да, жер ортасына жетсең де, жетпіске толсаң да, кілт өзіңде: махаббаттың құпиясын аш, шұғыласын отбасыңа, Отаныңа шаш.

Қаламдасымыз Нұрекең елудегі ер кезі түгілі алпыстан асса да, жетпісті желкелеп, сексенге қарай қадам басса да, тіршілік нұры – махаббатқа бай. Сондықтан да Ол Абай айтқан үш нәрсеге: «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрекке» кенен. Нақ осы себептен де



көлемді дастандарға құлаш ұрса да, әндерге мәтін жазса, да, сырлас-сыйластары мен Алаштың ардақты тұлғаларына өлең арнаса да, сәттілікке қол жеткізеді. Тіпті кейбір реттерде ол сықак өлеңдердің де сынын келтіріп, балғын бөбектердің де тілін тауып, ақ қағазға бал өлеңдер түсіретіні бар. Біз соның бәрін түгелдеп, ақынның осы қырларын да байыптап, арнайы тоқталар болсақ, мақаламыздың тағы да ұзарып кетері кәміл. Мен сондықтан да оның «Қайран Қалдекен» атты бірегей өлеңін ғана таныстыра кеткім келеді.

*Сырласып жүрдік, жан аға,  
Үрімжі деген қалада.  
Аралап шығыс қазағын,  
Кезіктің шал мен балаға.  
Мұң менен сырды бөлуге  
Өзіңнен басқа бара ма?!  
Солардың бәрі санада.*

*Ақылың — алтын, пейілің — ақ,  
Сұрадық, аға, не қымбат?  
Жауабың, аға, — жер қымбат,  
Бәрінен ұлтың — ең қымбат.  
Ұлттың нарқын сомдаған,  
Елді ойлаған ер қымбат.  
Еркектің, ердің ішінде  
Таңдаулы, аға, сен қымбат.*

Нұрмұқан Жанұзақұлының сағынып, саф алтынға балап жырлап отырған кісісі — қайран Қалдекені — кәдімгі Қалдарбек Найманбаев. Кеше ғана өмірден өткен асыл Ер, ардақты Азамат, абзал Адам, кабырғалы Қаламгер, сирек те сом Қайраткер, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары болған.



атажұрт Қазақстаннан тысқары бес құрлықты мекендеген 5 миллион қазақ түгел таныған, сол бес миллион қазақтың камын жеп, барын базарлап, жоғын түгелдеген Қалдарбек Найманбаев. Ұлтымыз қашанда тірі болса, Ол – ұмытылмас Ұлт Ұлы. Өкінішке орай, орны бүгін де ойсырап тұр. Кейінгілер орнын толтырмақ түгілі оңалта алар емес. Демек Алашымыз азаттығы болашағына, бар қазақтың басы қосылуына қатысты алаңдатарлық ахуал Нұрмұқан Жанұзақұлы айтса айтқандай:

*Дәл өзіңдей Дос қайда,  
Дәл өзіңдей Ес қайда?  
Ұлтын сендей түсінер  
Таба алмадық ешқайдан;  
Өзің бастап шұбаған,  
Қазақтағы көш қайда?!*

*Теңелер саған бой бар ма,  
Теңелер саған ой бар ма?  
Теңелсін ой мен бойлар да,  
Осы біздің қазақта  
«Қазақпын!» – деген ой бар ма?!  
Өзің жоқта, Қалдеке-ау,  
Кетемін ауыр ойларға!..*

Ой. Ой. Ой.

Ойланған дұрыс-ау. Нұрмұқан Жанұзақұлындай ақындар халыққа ой салғаннан басқа не істейді? Бой қайда, ау, Үкімет! Топ жарып, тізгін ұстар, шетелдердегі қалың қазаққа Ес болар, егемен еліне Дос болар Сой қайда, Алаш азаматтары!

Қалдарбектей Қажымұқан болмағанмен, шетелдердегі қазақтар ішінде де небір ерлер мен серілер жоқ емес қой. Нартұлға азаматтар бар. Нұрмұқан келісті мүсіндеген сол ағалардың біреуін Қалекен қатары-





на қосып, қалдырмай халықпен табыстыра кетейінші. «Көңіл дастарканы» атты бұл өлең белді қаламгер, белгілі қайраткер Тәліпбай Қабаев тұлғасына бағышталыпты.

*Ақыл аға,  
аспаным, алтын аға,  
Хан білген қадіріңді халқың, аға.  
Жандарға жаны жаздай жарқын аға,  
Бар жерде күліп жүру — салтың, аға.  
Өр-еңісін өмірдің бірдей көріп,  
Көп білдің адамдықтың нарқын, аға.  
Қадірін өз халқының білу, білмеу —  
Данышпан мен даңғойдың нарқы ғана.  
Қазақтың ұл боп туған еркектері  
Өзіңе туа берсін тартып, Аға...*

Көлемі шағын өлеңнің кенеуі шалқар. Оқырман осы жолдардан-ақ Тәліпбай Қабаевтың кім екенін жақсы біліп қалады десек артық айтпаспыз

Қош, нақ осылай таныстырып, талдай берсек, акын Нұрмұқан Жанұзақұлының шығармашылығы туралы сөз ширай берері дәлел тілемейді. Сондықтан аттын басын іркіп, оның өлеңдері мен өнерлері жөніндегі талдау-түйдек сөздерді тұйықтап, түйіндеуге көшсек, жоғарыда айтылғандардан аңдайтынымыз — Нұрмұқан Жанұзақұлының жақсы табиғат лирикасы — туған жер. Шығыс Түркістандағы көгілдір көл, адыр-адыр бел, кең байтақ Қазақстандағы тау-тас, шүлен шөл, дала-өзендерінің өлеңі. Ал, оның алуан көңіл күй, мейір мен пейіл, қазақы қайсарлық пен төзімді, халықтық болмыс пен тарихты, махаббат пен ғадауатты, перілік пен періштелікті, жастық пен егделікті, әкелік кезінді. аталық сезімді тақырып еткен туындылары — Адам өмірінің Өлеңі. Мұның үстіне Нұрмұқан ағамыз бір



адамдай ғана емес, Ірі адамдай ғұмыр кешкендіктен Қытайда қазақ болып қалу үшін тірес, Алаш Азаматы болу үшін күрес мектебінен өткені мәлім. Осы ретте бастан кешкен ғанибет те ғибратты ғұмырында талай қиындық көргені, сергелденге ұшырап, бәле-жала батпағына батқаны, тіршілік «түрмесінде» қамалып жатқаны терең ізін, өшпес танбасын қалдырғаны ақиқат. Демек, біз Нұрекеннің танымға нұрға толы өмірі мен тағылымға, сырға, жырға толы өнеріндегі кейінгі кездердегі келелі сапалық өзгерісті, бес күндік тіршіліктің бұрынғыдан да биік белесіне көтерілуді аңғармай қалсақ, оның өмірбаянының бетбұрыстық басты бір беті кем болып, жаңа парасатты кезені айтылмағанмен тең болып қалар еді.

Сонда оқырман көңілінде «Бұл неғылған келелі өзгеріс, өмірдің қандай жаңа биік белесіне көтерілуі?!» деген сауал еріксіз тумай ма? Ол елуінде елеусіз қалғанмен, алпыстан асқан соң аңғарылған, жетпіске жеткен соң қарқындап белең алған қанағат табу көрінісі өміріне, шапағаттану өленіне қанағаттану. Шынында да өмірдің тар жол-тайғақ кешуінен сүрінбей өткен, ғұмырында алдына қойған мақсатына жеткен адам ғана шапағат тауып, қанағаттана алса керек. Ал мұндағы қолтықтан демеген, жүрек қуатын еселеп жебеген басты күш-қүдірет – еркіндік сезімі, азат Атамекенге оралу болса, екінші бір күш берген қайрат пен айбат – қаламының ұштала түсіп, канаты жас ұлғаюы әсерінен әлсіремей, қатая түсуі. Сондықтан ол жиған жемісі мен жеңісіне қанағаттанып, шүкіршілік еткенмен, жаңадан шапағат іздеп шаршамаған қаламы – қолында. Осы себепті жүректен аққан жыр-бұлағы саркылу орнына шарқұру жолында. Мұндай түлеу күзді жаз етері, шуақ төгері күмәнсіз деп білеміз. Мұның өзі өмірден жаңа өлең, жаңа думан тудырады.



*Көктем едік, күз болдық,  
Жас едік, қарт біз болдық.  
Екі жол едік қосылған,  
Тарау-тарау із болдық...*

Жастықтан қарттыққа өтудің жемісі көптігі сол – тарау-тарау із. Нақтылыққа көшсек, ол өмір – өлең ғана емес, ол өмір – өмір. Бұл не жұмбақ деменіз, қосылған екі жол – жас жігіт Нұрмұқан мен ару қыз Дәшен – жарық дүниеге 4 ұл, 4 қыз келтіріп, тарау-тарау іздер тартты. Бұл – бүгінгі қарттықтың жасаруы; жаз болып желек жаюы: жаңа жас отаулар тігілуі, немерелер дүниеге келуі емес пе? Мұнда қанағат бар, шапағат тіпті мол. Міне, біз айтқан келелі өзгеріс, мына тіршіліктің жаңа Биік белесіне көтерілудің бір қыры, сыры осы.

Біз айтқан келелі өзгеріс, мына тіршіліктің жаңа Биік белесіне көтерілудің көрінісі – жазылған, жазылып жатқан жаңа өлеңдер. Жаңа толғаулар, сын мақалалар. Біз ақын, қаламгер, сыншы Нұрмұқан Жанұзақұлы шығармашылығының жаңа дәптеріне, тың беттеріне тоқталып жатпастан осыларды тудырған, жаңа жырлар тудырар жүрегінің нық соғысын тыңдайықта:

*Қуанам, жылаймын мен елім десем,  
Көз жасым, қаным, терім төгілмесе,  
Боламын қалай ұлың, қалай Ақын,  
Жыр болып көңіліңнен көрінбесем,  
Гүл болып топырағыңа егілмесем.*

*Кім білер кімнің өліп, кім қаларын,  
Тірліктің әр сағаты – бір базарым.  
Дәмімді туған елмен бірге татып,  
Татитын таңдайыңа жыр жазамын.*



*Желкілдек жақындаппын жетпісіңе,  
Түсіпті жілік шаққыш көп тісім де.  
Ажалың айдаһардай ысқырса да,  
Жасқанар ақын жанның от күшінен...*

*Уа, елім, мейіріңе шөлдеп келдім,  
Сусыным деп өлеңді бермеп пе едің?!*  
*Жүрек пен Өлеңімді қалдырамын,  
Сүйекпен ұят бірге жерлеткенім...*

төмендегідей ақ тілегімізді айтып:

Аман болыңыз, жүз мың бір жапырақты, жүз бір бұтақты бәйтерек отбасыңыз, егемен ел Отанымыз да аман болсын, ұлтымыз қазағымыздың жұлдызы жарқырап, миллион ұл-қызын бағып жатқан, ұлысымыздың мәңгілік нұр-шырағы жанып жатқан, мәдениетіміз дүркіреп дамып, оның ішінде зайыр шайыр Нұрмұқан Жанұзақұлының таза жыр-бұлағы да тартылмай ағып жатқан заман болсын, деп мақаламызға нүкте қояйық.



**Жетікбай МЕДЕУОВ,**  
*қоғам қайраткері*

## ТӘЛІМДІ ТҰЛҒА

**Б**үгінде ХХІ ғасырымыз жаңа тыныс тіршіліктерімен, жаңғырған жаңалықтарымен өркениеттілікке көш бастап, заман талабын тарту етіп, әлемдік жүйеде бәсекелестіктің додасын таразылап тұрғаны түсінікті.

Олай болса жігіт жасына жеткен тәуелсіз еліміздің еңсесі биік, жүзі жарқын мемлекетіміздің жағымды жаңалықтары мен жетістіктері де аз емес, тәубе! Шүкір!

«Өткеніміз тарих, келер шақ құпия, бүгініміз олжа сый», – дейтін болсақ, ұлттық ұғым биігінен айтылар сөз де, пікір де ұзағынан өрбитіні анық. Сондықтан саясатты тиек етіп емес, парасатты ниет етіп еліміздің кешегісі мен бүгініне көз жүгіртіп сараптап, тыңдарман қауымға «Ассалаумағалейкум» демекпін...

Айтайын дегенім, Тәуелсіздіктің туы желбіреген күннен бастап алыс-жақын қандастарымыздың ата жұртымен қауышып, табысуына себепші ұлттығымыздың ұлылығы десек тарихи дәлел, шынайы шындық.



Тіл мен дінін бұзбай, тектілік тиегін тайдырмай қандастарымыздың ата-жұртына оралып, толыққанды азаматтарына айналуы қуантарлық жағдай.

Алыстан сермеп, жақыннан тебіреніп отырған қолтаңбалық тілек құрметім яғни, бүгінгі күнде рухани досыма айналған Нұрмахан азамат жайлы болмақ.

2010 жылы Қытайдың Үрімші қаласынан қоныс аударып келген бауырымызбен табысуымның өзі тосын сый сияқты болды. Нұрмахан мырзаның күйеу баласы Қали Тоқтасынұлымен менің о дүниелік болған ұлым Қайрат Медеуовтің достықтары себепші болған еді. Міне сол Қали, Құлпаш балаларымыздың шаңырағында Нұрмахан азаматымызбен танысып, әңгімеміз жарасып достықтың тұсауын кескен едік.

Осы орайда айта кетекенім айып болмас, балаларымыз кәсіпкер дос болғандықтан олардың да іскерлік жетістіктеріне қуана қарадық. Олай дейтін себебім, ұлым Қайрат кәсіпкерлік жолында отандық өнім шығару жобасымен елімізде алғашқылардың бірі ретінде жылыжай (теплица) құрылысын қолға алған болатын.

Қысқа уақыт аралығында жоғарғы жетістіктерінің нәтижесімен президентіміз Н.Назарбаевтың қабыдауында болып, алғыс марапаттауларына ие болғанын тілге тиек, мақтан еткенім артық болмас.

Ұрпаққа тәлім-тәрбиелік жол сілтеу әрбір ата-ана борышы десек Нұрмахан мырза да ұлды-ұяға, қыздықияға, құтты орындарына қондырған азамат екен. Дәмеш Дошымбетқызы жеңгеміз екеуі жарасымын тапқан отбасы ретінде тәлімді ұрпақ өсіріп, әдептіліктің әліппесі мен имандылықтың әлдііне бөлеп отырған жандар екендігіне көзім жетті. Құдайдың берген асықтай төрт ұл, төрт қызын аяқтарынан тұрғызып бақытына бөленіп отырған бақытты отбасы. Ұл-қыздары бүгінгі таңда Алматы, Астана қалаларында яғни ата қоныстарында





әр түрлі салада еңбек етуде. Әдемі қария болу үлгісімен бабалар дәстүрін мұра етіп, саркытты сөздерін санаға жеткізіп жүрген Нүкене деген құрметім арта түсті.

Көрегенділігі мен біліктілігіне биік баға беріп Нүке-аға деп атайтын болдым. Женгеміз Дәмеш Дошымбетқызы ұстаздығымен өскелең жастардың тәрбиесіне еңбегі сінген жан екен. Қазақтың қанатты сөзі: «Ер жігіттің талантты болуы Кұдайдан, толық бақытты болуы жұбайынан» дегенін Дәшен женгемізге лайықты айтылғандай сезіндім. Осы қасиетті сөз Нүкеннің отбасының берекесін кіргізіп, өзінің жал құйрығын түйіп тек ер адамға тән жұмысын атқартқан Дәшен женгемізді Нүкене лайықты жұп екен деп түйіндедім.

Нүкен 2003 жылдан бастап мені сырттай ұлым Қайрат арқылы сұрап біліп жүрсе керек. 2008 жылы Нүкеннің Үрімші қаласында өткен әдеби шығармашылық кешінің әсерлі куәгері боп келген ұлым Қайраттан мен де сырттай естіп, танып қуанып қалғаным бар. Сонымен Қали баламыздың үйінде дастарқандас боп отырып, екі мемлекеттегі ұлтымыздың тарихын тақырып еткенбіз. Әкеден мұра шежірелі сөздерді шеберлікпен қозғап, қазақ қандастарымыздың тарихына терен үңілгеніне таңырай қарап, абыздығын байқадым. «Ұлтым» деп бар болмысымен сағынышын жеткізіп отырған Нүкен өз сөздерімен ерекше әсер етті. «Шапқырашты Қазыбек биді, Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек қожа Шайхсламұлы» кітаптарынан түйдек-түйдек деректер мен уақиғаларды ортаға салғаны бар. Сол дәуірдің сырын шерткен Нүкен сөз арасында өз пікірін өр өлеңдерімен өрнектеп:

Сонда:

*Жазушының талайы тарих жазды,  
Руынан өзінің алып жазды.  
Адамдықтан аттамай шындық айтса,  
Ал біреулер жалғанды қанық жазды.*



*Біреулері ұрыны батыр десе,  
Біреулері батырын анық жазды, —*

деген шумақтарынан ер мінезділік пен шыншылдығын, тарихымыз бен ұлтымызға деген жанашырлығын көргендей болдым. Ойындағысын ақтара сойлейтін Нүкең баурымды қазақ тарихын зерделеуші азамат ретінде танығандай әсер алдым. Сол уақытта яғни 2013 жылдың маусым айына Жамбыл облысы, Меркі ауданында Сыпатай батырдың 300 жылдығына орай «Сыпатай батыр және ХІХ ғасырдағы қазақтардың азаматтық күресі» атты халықаралық ғылыми-конференциясы өтетін болды. Осы іс-шараның бас-көзі боп жүргендіктен Нүкеңді осы тарихи жиынға қатысуына ризалығын алып, конференция басшылығына ұсыныс тастап, мақала-пікірлерін баяндауға шақырғаным бар. Нүкең конференцияда «Сыпатай батырдың жастарға төрт үлгісі» атты баяндамасын оқыды. Серпінді шыққан тың баяндамадан рухани әсер алған көпшілік қошемет құрметіне бөледі. Облыстық бұқаралық ақпарат тілшілеріне берген сұхбаты да тарихи тың мәселелерге дем берді.

Нүкеңнің 2000 жылдан бері күнделік жазатын жақсы әдеті бар екен. Болмысындағы киял-ой құбылыстарын қағазға хаттап, көлемді көне сөздерін қанатты жыр етіп жүрген өлеңдері мен мақалаларына куә болдым. Бірнеше кітаптар жинағының іргетасын осы жерден көргенде ризашылығымды білдірдім. Тарихи отанына көшіп келгеннен кейінгі бірнеше кітаптарының түпқазығы болған күнделік паракшаларынан мынадай сөздерге көзім түсті.

*Жазайын жазайыншы күнделігім,  
Өзіңдей сырласады күнде кімім?*





*Куәсі, тірі өмір сүргенімнің,  
Таңбасы көргенімнің, білгенімнің.  
Күнделік ұрпағыммен бір боларсың,  
Әңгіме, айтыс, тартыс жыр боларсың.  
Күн көңілдің қолында гүл боларсың  
Жын көңілдің қолында күл боларсың, —*

деген атты өлең жолдарынан ақын жанының жұмсақтығын, сабырлылығын, мейірімді жүрек сезімінен шыққан болашақ еншісіндегі сөздері әсерлі өрбіген. Бала көңіл дана ойымен ойындағысын ортаға салатын Нүкенмен жиі жолығып шүйіркелесе сырласуды әдетке айналдырды. Бірде Нүкен Тараз қаласына жолы түсіп арнайы отбасымда қонақта болды. Сондағы байқағаным, бауырмал балажан кісі екендігі. Немереме назары ауып, Қайратымның баласын мойнына салып, балаша шаттанып ойнағанын тазалық пен пәктікке жорыдым. Сол көріністен Нүкеннің мына өлеңдер жолдары есіме еріксіз оралды:

*Баламен ойнау,  
Не деген тәтті,  
Аллыстан асып өткенде.  
Баламен ойнау,  
Балаша ойлау,  
Ертегі әлем көктем бе?  
Көктемгі гүлдер,  
Құлыным сендер,  
Атаңмен ойна бөктерде, —*

деген шумақтан шуақты тенеу жолдары тізіліп тұрғандай болды.

Жанұялық кітапханама көзі түскен Нүкен: «Жетен, қазыналы сөздің қадірін білетін рухани байлықтың



иесі екенсіз ғой!» – деп қуанғаны бар. Достығымыздың дәнекері ретінде «Кенесары хан», «Қазақтың құпия тарихы» атты кітаптарды тарту еттім.

Нүкенмен достығымыз осылай жалғасын таба берді. Жетпіс жастың асты, үстіндегі біз үшін «ДОС» деген сөз қуатты канат сияқты болды. Сый-құрметпен сырласып сокқан достық жүрекке не жетсін?!

Тіршілік сатысында материалдық және руханилық көзқарастың қалыпты жағдай екені белгілі әрине. Бізді достыққа бағындарған рухани әлем еді. Жанұялық жақын жолдастығымыз іргелі өрісімізді кеңейтіп сырлас, мұндас болғанымызды мақтан етемін.

Ескірмейтін естелік күндеріміздің тағы бір айғағы, Алматы қаласында ұзақ күндік іс-сапармен жүргенімді Нүкең естіген болса керек, кешкілік телефон шалып, аман-саулықтан кейін жеке бұйымтайымен хабарласып тұрғанын айтты. «Қазақстан-1» телеарнасына журналистердің сұранысымен «Көші-кон бағдарламасы» бойынша шақырылғанын, өзі қатарлы жергілікті жақын азаматпен баруы керектігін айтып, бірге баруымызды өтінген болатын. Ал мен сол күні шұғыл шаруаларым шығып Таразға жетіп, отбасыма бас сұғып жатқанымды айтқанымда үмітті бұйымтайы сәтсіз болғандай, қынжылып қалғанын сездім. Киім ауыстырмастан шешім қабылдап түнделетіп жолға шығып, танертеңгілік Нүкеннің жанынан табылғанымда марқайып қалды. Сондағы отбасында дастархан үстінде айтқаны: «Заманындағы Естай мен Нұрлыбектің арасындағы достық аңыздарын тәлімдік тиек етіп, алыстан «үш ауыз сөз» айту үшін ат терлетіп келген маған ризашылығын білдіріп мерейленгенін көрдім. Аталы сөз, тәлімді ізденімпаз досымның мерейін көтеріп, адами қатынастың қаймағын бұзбай үзенгілес боп жүру борышым деп ұғындым.



Бүгінде еліміздің әрбір қаласындағы орта, жоғарғы оқу орындарының жастарымен кездесіп, тәлімді тұлға ретінде ғылыми жобалық ақылын насихаттап жүргенін жақсы білеміз.

«Бір ауыз сөзім – мың ділда», «Айналайындарым менің», т.б кітаптарын тұщымды мақалаларын, қоғамдық ортаға ой салатын жауһаз сөздерін талай басылымдардан оқып, біліп жүрміз.

Жалпы айтайын дегенім, ұлттық тәлім, аталы сөз ғылыми пікірлері мен қазақы әдептілігі бойында тұнып тұрған Нүкең қоғамға, жастарымызға жол көрсету идеологиясымен сыйлы тұлға десем жарасар. Санаға сүбелі ой, рухани, патриоттық сезім дарытушы жандардың бірі десем артық болмас.

Ескі дәстүрлі тәлім мен ұлттық менталитетімізді жоққа шығару мүмкін емес. Нүкең бүгінгі таңдағы дәстүрлі сыры кетпеген тәлімді қасиеттерін дарытып, әдептіліктің жолын мензеп жүрген азамат.

«Дос» дегеніміз – Жаратушымыздың 99 есімінің бірі. Сондықтан бұл қасиетті сөздің ауқымы мен жауапкершілігі ұшан-теңіз.

Бүгінде санасы ояу, көзі ашық ұлтымыздың әрбір азаматы «Бауыр», «Дос» деген қасиетті сөздерді жоғалтпаса екен деймін. Ұлы даламыздың, мәңгілік еліміздің тұтқасы бірлік пен ұрпақ өрбіту дейтін болсақ көнелер көзін көрген, көлеңкелі сөзі бар ұрпаққа аталы сөз қалдыра білетін Нұрмахандай азаматтарымыз көп болсын.

Көк бөрі ұрпағы, көк туын көгілдір аспанда жел-біреткен Қазақ еліміз рухани өрісімен ұрпағын өрбіте беретіндігіне сенімдіміз.

Нүкең халықтың сүйікті тұлғасына айналып, қанатты сөздерімен қалықтай беретін азамат.



Ұрпағымен аман-есен ата қонысына келіп қосылуының тізгіні Нұрмахан мырзаның еншісіне бұйырған тарихи ұлы жетістер мен сәттіліктер екені айқын. Ендеше, отбасымен өз Отанында алаңсыз ұзақ ғұмыр кешіп, абыройлы ұлы тұлға боп қалыптасқан бауырыма шексіз алғыс тілектерімді білдіріп, шынайы жүрекпен қолтанбамды қоямын.

*Тараз қаласы.*



Данияр  
ӘЛБОЗЫМ,  
этнограф

## ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АДАМЫ ЖӘНЕ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ КІТАБИ

**З**аман өз адамдарын жаратады, тәрбиелейді. Солай да жасаған дәуірінің тарихы мен заманының жалғастылығын, жасап отырған заманының қыры мен сырын бақылап, зерттеп, сол бақылауы мен зерттеулерінен қоғамына, бүкіл адамзатқа, ұлтына, отанына керекті, әсіресе өз ұлтының ұлттық сапасын өсіруге ұмтылған адамдар саусақпен санағандай. Сондай талант иелерінің бірі – Нұрмұқан Жанұзақұлы. ҚХР-ның, Жазушылар одағының мүшесі. ШУАР-ның Іле Қазақ облыстық Жазушылар одағының мүшесі, Қазақ мәдениеті қоғамының, фольклор қоғамының, ғылым-техника қоғамының мүшесі.

2015 жылы мемлекеттік тапсырыспен «Ан Арыс» баспасынан Нұрмұқанның «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты кітабы жарық көрді. 253 беттен тұратын көлемі шағындау болғанымен кітаптың аты айтып тұрғандай, бір сөйлем сөздің өзі ойлылау оқырманын ой түбіне қарай жетелейді. Кітап 12 бөлімнен тұрады. Негізгі мазмұны



– осы замандық өмірдің алуан қырынан сүзіп алынған алтын сөздер. Бөлім түрлері: «Сөз басы – автор сөзі», «Ұрпақ тәрбиесі», «Неке және махаббат», «Адам және психика», «Адам және өмір», «Бір ауыз сөзім – мың ділда», «Заң, ұлт және билік», «Тұрмыстың қызық-шыжықтары», «Ұрпағым ұлтыңның иесі бол!», «Қаламгерлік және сөз өнері», «Кітап және ғылым». Осыған дейінгі он бөлімі 1300-ден аса бір сөйлем сөз, немесе бірнеше сөйлем сөздерден ғана тұрады.

«Өмір сыры» атты өлеңмен жазылған эпилог, «Тұғыры биік тұлғалы жыр» атты көлемді сын мақала кітап соңына тіркелген. Оқырманға не керектің бәрі бар. Бәрін айтқан. Кітап жиыны автор өзі айтқандай «мың ділдалық», 1300 «бір ауыз сөз».

«Сөздер» ең алдымен өзінің бағыт-бағдарын ұлтымыздың ұрпағын тәрбиелеуді мақсат етумен бастаған. Сондықтан кітаптың бірінші сөзін «Ұрпақ үшін ой бөлмеу – ойсыздықтың белгісі» деп бастайды. Дәл осы сөзді маңдайшалық етіп қойып, Алматы телеарнасының «Ашығын айтқанда» атты бағдарламасы үлкен талқы өткізгенін көріп тамсанғанбыз. Нүкеңнің сол сайыстағы қазақ ұлтының ұрпақ тәрбиесі жөніндегі, әсіресе «Аталар мен әжелер немерені бакса, бағылған немерелер өзінің әке-шешесімен өштесіп кетеді», – дейтін орыс ұлтының ұрпақ тәрбиелеу көзқарасына, қазақ өмірінің нақты мысалдарымен тойтарыс бере келіп: «Қазақ ұлтының әжелері өзінің бір немересі емес, бір ауылдағы немерелерін ұлттың мейірбандығымен тәрбиелей алған», – деген сөзіне айызымыз қанған болатын.

Осы бірінші бөлім – ұрпақ тәрбиесінде 111 сөз бар. Біз өмір сүрген қоғамда айтылмаған жап-жаңа ойлар алтындай жарқырап, ұрпақ өрбітіп отырған есі дұрыс адамзаттың жүрегін толқытып, санасынан орын алуға тиісті жаңа сөздер айтады. «Баланы бастау әкеден, баланы баптау шешеден» (42-сөз)





*«Әке ішінде әке бар,  
Ұрпағы үшін жан берген»  
Енді бір түрлі әке бар,  
Балаға тек нан берген.  
Баладан қашқан әке бар,  
Артық онан мал деген. (79-сөз)*

*Баласы үшін шеше бар,  
Ажалға қарсы шешінер.  
Тағы бір түрлі шеше бар,  
Бала туса аяғын,  
Еркінсіне көсілер.  
Баласын сатқан шеше бар,  
Жерден атын өшірер. (80-сөз.)*

Ұрпақ тәрбиесіндегі мына заманның қымбаты мен қылмысын осылай жинап алып, ойды тарының қауызына сыйғызып айтқан адамды мен өз басым бүгінге қарай әлі көріп, білгем жоқ. Мына сөздерді оқыған кез келген әкешеге ой салары хақ. Ұлт үшін тәнір осылай жаратып, ұлтын шын пейлімен сүйген адам мына қоғамның, жалған-шыны араласып кеткен мына өмірдің ақиқатын осылай айта алады.

Қараңызшы, тіпті бала тәрбиесі мен адам тәрбиесінде тәрбиешінің психикалық даусын да өлшемге түсірген. «Ақыл айтсаң, ақырып айтпа, ақылға шақырып айт! Жан сезіміне батырып айт! Ақырып айтқан ақыл айдалаға кетеді. Батырып айтқан ақыл барар жеріне жетеді».

Нұрмұқан Жанұзақұлы өзі айтқандай, балары үшін «Балтаның жүзі болса да жүріп өткен» кайсар әке. Ол жоғары білімді 4 ұл, 4 қыз өсірген, Алматы мен Астана қалаларында 8 отауы бар қамқор әке. Нұрмұқан әулетіндегілер тәуелсіз қазақ еліннің денсаулық, мәдениет, бизнес, үй құрылысы, электр станция құрылы-



сы салаларында қарқынды еңбек етуде. Айтқаны мен өмірден алған орны бірдей болу – оның ұрпақ тәрбиесінде аса төлейлі, алымды адам екенін уақыт көрсетіп тұр.

Н.Жанұзақұлы заманымыздың адамы. «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты кітабы, заманымыздың кітабы. Қоғамның сөзі. Өмірдің өзі. Кітаптің он бөлімі біз өмір сүріп отырған мына дүниенің жан-жағын тауып айтқан. Айтқанда қандай, оны Нұрмұқан жәй айта салмаған. Адам көкірегіне құйып, түйіп айтқан Ал оқыңыз! «Ақылдыға ақша бітсе көңілінен гүл шашады. Ақылсызға ақша бітсе аузынан жын шашады». «Отансызға оқ та арам», «Үш нәрседен қорқу керек: Алладан қорықпағанның иманы жоқ. Әке-шешесін сыйламағанның ел арасына сыйғаны жоқ. Халқыннан қорықпасаң, халық қарғысы сыйлайды – оқ». «Сынықты сипап отырып саласың, Сынған көңілді сыйлап жүріп жазасың»... Осылай кете береді.

Осы жоғарыда келтірілген төрт сөзден-ақ мына заманның төрт бұрышы түгенделіп отырған тәрізді. Нұрмұқанның әрбір «ділдасын» қолына алып аударып-төңкеріп байқасаң болды, кішкентай айнадан әлемді байқағандай боласың. Қу ішінді де, өзінді де, басқаны да, ханды да, қараны да байқай қоясың. Басынды көтеріп ойласаң мына заманда «гүлді» шашып, «жынды» бүркіп жүргендер аз ба? Халықтың қан мен терін ұшаққа басып алып шетке қашқандар, осы заманның отанын сатқындары емей немене?

Осылай талдай берсең 1300 сөзге түгел мақала жазуға тура келер еді. Алайда мына «ділдалар» олай емес айтарын өзі айтып тұр. Неге солай? Оның себебі автор оқырман алдында, адамдар алдында үлкен жауапкершілікті арқалаған. Автордың көп өмірі екі мемлекет қазағының ортасындағы 6 жылы осы шағын кітапты ойлаумен, жазумен өткен. Оны автор осы кітаптың алғысөзінде былай баяндайды.





«Өлімнен ұят күшті» емес пе? Кітабымды жазу барысында бөгде ұлттар мен шетелдің адам психологиясы жөніндегі жазбаларын мүмкіндігім жеткен деңгейге дейін оқыдым, өз әлімше зерттедім. Өзге ұлттар мен шетелдіктердің өмір психологиясымен қоғамдық өмірі, тұрмыстық өмірге қолданудағы артық-кемін екшеп алдым да, оны өзімнің ұлтымның артық-кемімен салыстырып алтынын алып, қоқысын тастадым да, оны осы заманның қажетіне жалғадым. Сол арадан заманымыздың адамдары үшін жаңа сөз, жаңа ой іздедім. Қазақ ұлтының ақыл-парасатын, мақал-мәтелдерін, тіл байлығын, әдеп-ибасын салт-санасын, фольклорын өзіме үлгі еттім. Өзімнің қазақ тұрмысы, тіл, дін, салт-санамызды үйрену қорым, сөз саптау шеберлігім осы кітаптың арқауы болды. Көп ойдың түйіншегін бір сөз немесе бірнеше сөзбен жеткізу қиын екені рас болса да, ұлт сапасын өсіру үшін заманымыздағы кітап оқымау сынды нашар әдет қалыптасқан кезде, мынадай кітап өте зәру еді. Тағы да барлық оқырманның түсінігін ескерусіз қалмауға тырыстым. Мысалы: «Қойдың жуастығы қасқыр мен ұрыға пайда», «Баланы бастау әкеден, баланы баптау шешеден», «Аты жауыр жігіттің тәуірі болмайды», т.б.

«Бір ауыз сөзім — мың ділда» атты кітап нұсқасы бөлек, электрондық заманның туындысы. Кітап заманымыздағы алуан идеялық ағымдардың тоғысында өзінің ұлттың ерекшелігі арқылы өміршендік күшін әйгілей білген. «Арам жемді жегеннің мінәжаты кімге есеп», «Халық қамын жемесе, патшан да құлға есеп.»

Кітап ұлт тағдырының жоктаушысы болып, қазақ ұлтының ұлттық құндылықтарын, намысын қорғаған. Заманымыздың жаңа бет алысын бағалап, оны ұлт сапасын өсіруге, одан ары қарай адамзаттың пайдасына шешілген кітап деуге болар еді. «Ұлттық мемлекетте билеуші ұлттың өркениеті мемлекет құрудың маңдай



алды шарты болу керек. Сол мемлекеттегі халықтар сол мемлекеттегі билеуші ұлттың ұлттық идеологиясының айналасына топтасуы керек. Мемлекет заңы да осы бағытта жасалады.» (618 сөз) «Өзінің ұлтын ұмытқан адамның рухы тонаушылыларға жолыққан». (623 сөз.).

Біз де талай өмірді көрдік. Талайды көрдік. Оқыдық. Социалистік қоғамда болып, қазақтың тәуелсіз мемлекет болған ширек ғасырын қарттық кезімізде өткізіп келеміз. Шетелдің, Қазақстандағы орыс пен қазақтың талай-тағылымдары мен ойшылдарының кітаптарын оқығаным бар. Солайда дәл осылай мені баурай алмаған сияқты. Олай дейтінім, дәл осындай адамзаттың жан әлемін ақтарып жазған кітап кемде-кем. Мұның да өзіндік себебі болса керек. Сол ойшылмын дегендердің талайы, Абайдан басқасы қазаққа ақыл айтқып, қазақты жазғырып келетін. Абай «Қалың елім қазағым қайран жұртым» деп күйіп-жанып өтіп еді. Ал мына кітап бастан-аяқ «менің ұлтым» дейді екен.

Кітап 6 түрлі ерекшелігімен құнды. Ең алдымен кітаптың авторы ұлтын шын сүйген адам. Оның белгісі мына сөзі «Қазақ ұлтының адалдығы мен тазалығы ең алдымен жаратушы Алла мен адамға деген адалдық пен тазалық. Ол адалдық пен тазалық, қазақ ұлты жаралу, қалыптасу барысындағы тілге, дінге салт-санаға ұлттық тәртіп пен қағидаларына қатаң бойұсынудан айқындалады». (620 сөз.)

Екіншіден, осы заманның ащы-тұщы шындығын ақтарып айта алған. Арғы-бергі заман жазбаларының ерекше тәсілдерінен пайдаланған, алайда көшірмеген. Ол жөнінде автор кітаптың алғысөзінде оқырмандарына былай ескерткен.

«Бірінші Абай атамыз бастаған Қазақтың ұлы тарихи тұлғалардың айтқандар мен жазғандарын қайталамау. Екінші: дүние жүзіндегі ұлы тарихи тұлғалармен



канаттас басқа ұлттардың ұлыларының айтқандары мен жазғандарын қайталамау.

Мейлі қайсы ұлттың болмасын мақал-мәтелдерін, шешендік сөздерін көшірмеу, пайдаланбау, қайталамау»

Автор өзіне осындай қатал талап қойғандықтан болар, біз жоғарыда айтқан нысанасына жетуге мүмкіндік алды дейміз

Үшіншіден, терең мазмұн, шебер де өткір тіл, түйін сөздерді түйіп, құйып сөз жасау арқылы осы заманның жана мақал мәтелдерін жасаған. Осы кітапты осы заманның жаңа мақал-мәтелдер топтамасы дегендей. Қараңыз: «Адамдар ақылымен, адамшылығымен адам. Құлығымен құнды. Құлқынымен жауыз. Нәпсісімен хайуан», «Түлкі қақпанды айналып өте алғанымен, ажалдан айналып өте алмайды», «Таңбасы бар тай жоғалмайды. Тілі бар ұлт жоғалмайды», «Ақылың болмаса жаман адам боласын. Ғылымың болмаса, надан адам боласын», «Ерегеспен есе алмақшы болудың өзі бір түрлі ес кемдігі», «Жанжалшыл үйден жарымес бала өседі.», т.б. толып жатыр.

Төртіншіден, халықтық мақал-мәтелдердің осы заманға сәйкессіз түрлерін қайта жасап, үйлесетін түрлерін толықтаған. Қараңыз: «Асық ойнаған азбайды. Доп ойнаған тозбайды», «Ақша мен байлық қолдың кірі» деген сөз қазіргі заманда жалқаулардың өзін жұбатар сөзі, тегінде солай. «Аузыңа келген түкірік, қайта жұтсан махұр». «Жаныңды жазадан алып қала алатын, басыңды пәледен арашалай алатын сөздерді айтуға тиіс болса да айтпа!» «Арам» болса да жұтып жібер», тағы басқа.....

Бесіншіден, заманына қарай жасалған ұлтымыз бен адамзатқа керекті аталы ақыл-өсиет сөздер кітаптың өн бойында тұнып тұр. Мысалы:

914-сөз: Досым деген адамыңа сегізді істе! Сегізді істеме!

Сегізді істе!

1. Қуанышын құттықтауды ұмытпа!

2. Көңілі қаралы, жаны жаралы болса жанынан табыл!



3. Алыс жүрсең хабарласып, іздесіп тұр!
4. Әр қандай жағдайда уәдене берік бол! Болмаса себебін түсіндір!
5. Басы қатерге ұшыраса кеуде керіп қорғай біл!
6. Жанұяларыңда қонақ болысып, сыр бөлісуді әдетке айналдыр!
7. Досыңның айтқысы келмегенін сұрама!
8. Кешірімшіл кең бол! Бір-біріңмен тең бол!  
Сегізді істеме!
1. Досына ала көңілден аулақ бол! Айтқаныңнан әр кез айныма!
2. Ұсынған сауғанды қайтарып алма!
3. Қиыншылығымды шешіп бер деп қолқа салма!
4. Түн ішінде жар төсегінде жатқан досыңды далаға шақырма!
5. Ашуыңа, кегіңе көмекке шақырма!
6. Әзіл айтамын деп асырып жіберме!
7. Досыңның намысына тиетін сөз айтпа!
8. Жамандығына жан баспа! Мемлекет заңы алдында қылмысын жасырма!

Алтыншыдан, Нұрмұқанның бұл кітабы философия, педагогика, әсіресе психология ғылымдарының ой-өрісі бойынша жазылған. Біздің елімізде психология ғылымдарына мән беруіміз бар мен жоқтың ортасында тұр. Бар дегеніміз кеңестік биліктің зорлықшыл психологиясы әлі үстем тұр. Жоқ дейтініміз – қазақ ұлтының ұлттық психологиялық тәрбиесін әлі қоғам бойынша жолға қоя алмадық «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты бұл кітап біздің осы кемшілігімізді толтыруға септігін тигізе алады. Нүкең айтқандай: «Ой мен жұмыс сәттілігіне төрт жол бастап барар. Олар: Ақыл, білім, қайрат, қағылездік!»

Кітап еліміз үшін де, баска ел үшін де аты затына сай алтын кітап. Қазақстанның кітап қорының қоржыны «ділдалармен» толды деген сөз. Кітап – барлығымыздың



ортақ қуанышымыз. Алайда судың қайнары, ағаштың тамыры, жақсылықтың нәтижесінің себебі болады. Енді сол себептерге үңіліп көрейік!

Қазақ даналығы «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» деп өте дұрыс айтқан. Нұрмұқан Жанұзақұлының бұл кітабы 70 жасында жарық көрді. Сондықтан көп жасағандықтан көп көрген, көп оқыған. Нүкең қазірге дейінгі қоғам тізгінін меңгерген, *(Қытай елімен қазақ еліндегі)* 53 жылдың 28 жылын ауыл мен аудандарда, 25 жылын үлкен қалаларда, 30 жылын ұстаздықпен, 15 жылын билік саласында, ал қалған жылдарын арнаулы қаламгерлікке жұмсаған адам. Бұл өмірдің төрт бұрышын түсінуге, зерттеуге мол мүмкіндіктер берген. Көп жер көріп, көп ұлттармен араласқан.

Ең бастысы Нұрмұқан Жанұзақұлы жоғары білімді адам. Ол мектептен алған білімімен тоқтап қалмастан, мол кітаптарды оқыған. Өзінің айтуынша, он жасында қазақ фольклорындағы «Қызжібек пен Төлеген», «Алтай – Сұлушаш» қатарлы өлең-романдар мен халықтық дастандарды, діни қиссалардан «Әли Айдардың қисасы» «Шахиаапастың қисасы» қатарлы он неше дастанды жаттап үлгірген. Әкесі Жанұзақтан тартып, ел қарияларынан мол халықтық, ұлттық үлгіден сабақ алған. Осы кітаптың алғысөзіндегі айтқандары осының дәлелі.

Үшінші: Нүкең 30 жылдық өмірін ұрпаққа білім беруге арнаған ұстаз. Ең маңыздысы, Қытай елінде бес жыл мұғалімдердің психология, педагогика, философия ғылымдарының арнаулы мұғалімі болған. Алуан басылымдарда көптеген мақалалар жазып, осы кітаптың жарық көруіне дайындық жасаған. Әрі сол елде қазақ ұлтының мектеп тәрбиесінде осы ғылымдар жөнінде сауаттың тым мардымсыз екенін ескеріп, «Психологиялық сөздіктер» құрастыруға кірскен болса



да, қолдау таба алмаған соң осындай бір кітап жазуға бекінген.

Төртінші, Нұрмұқан Жанұзақұлының бас ұстазы — қазақтың бас ұстазы хакім Абай. Ол жөнінде жазушының осы кітапқа жазған алғысөзіне кезек берсек жеткілікті.

«— Менің білуімше, қазақтан Абай сынды данышпан, психолог ғалым әлі шыққан жоқ. Абай тағылымдары мен Абай шығармаларынан өзімді, заманның адамдарын, әсіресе өз ұлтымның болмыс-бітімін танып, түсіндім. Сөйтіп өзіміздің алдымызда да адам тәрбиелеу міндетінің тұрғандығын тереңірек түсіндім. Бұл мен және мен сияқты қазақ зиялыларының Алла, одан кейінгі тәуелсіз отан, ұлт алдындағы борышымыз еді. Осы оймен адамдарды тәрбиелеудің өзімше формасын жасауға құлшындым. Адам тәрбиесінің осы заманғы жаңа ойларын ортаға қою үшін қалам тербеуді бастап жібердім. Осы кітабымды жазуыма өмір бойы үйренген, Абай ақылиялары мен шығармалары үлгі болды. Абай атамның рухы шабыт берді. Мен кітапты жазар алдында түсімде Абай атам аян беріп: «Тұр орныңнан!» деп таяғымен түртіп оятты. Содан баба рухына құран бағыштадым да кітапты жазуды бастап кеттім.»

Нұрмұқан Жанұзақұлы сықылды жаңа заман адамдары көп болсын деп тілейік!

*қыркүйек, 2016 жыл.*





**Дәулетбек БАЙТҰРСЫНҰЛЫ,**

*ақын, Түркі дүниесі жыр  
мүшәйраларының жүлдегері,  
«Мақтұмқұлы Фраки», «Молда Бағыш»,  
«Ильһам» сыйлықтарының иегері*



## АҒА ТУРАЛЫ СӨЗ

**1** 983 жылы қыркүйек айы, жаңадан оқу бітіріп келіп аудандық 1-орта мектепке мұғалім болып жұмысқа тұрдым. Мектеп ұжымы физика пәні бойынша сабақ беруіммен бірге, 8-сыныптың жетекшісі болуымды да жүктеді. Өткен жылдардан бері оқып келе жатқаны бар, ауылдардан келіп жаңадан қосылғаны бар қырықтан аса бала бар екен. Осы кезге дейінгі үйренген теориялық білімдерімізді нақты қолданар сәт енді туып отыр. Өзіміз де осы алдымыздағы оқушылардан соншалықты үлкен емеспіз. Бала деген тамыршыл, қабағына қарайды. Сәл әлсіздігінді байқаса, басына шығады. Сабағынды тындамақ түгіл өзінді көзге ілмейді. Үйренісе келе оқушылардың жәй-күйін біліп, білім-білігін де таразылай бастадық... Өзіміздің де анау-мынау емес, сұсы да бар, білетін тұсы да бар ағай екенімізді дәлелдедік. Мойынға жүктелген сабақты ойдағыдай өту, қанағаттандыру өз алдына, сыныптың жалпы оқу үлгерімі, тәртібі, ұйымдастыру жағы – бәрі біздің тізгінді қалай ұстап, қамшыны қалай басуымызға



байланысты. Ұстазды алға алып шығатын білім-қабілеті, иландыру қуаты және қызметке деген құштарлық! Осы үштіктің басын қоса білген тәрбиеші өз жұмысының үдесінен шыға алады. Осылайша жұмысқа қызу кірісіп кеткен күндердің бірінде аудан орталығынан шеткері Ұзынбұлақ ауылынан оқушымның әкесі іздеп келді. Алдын-ала бәрін сұрап-біліп алғандықтан салған жерден атымды атап, өзін таныстырды.

– Менің атым Нұрмұқан, сыныбыңдағы Ержанның әкесімін. Өзім Ұзынбұлақ мектебінің шаужаңымын (*директорымын*). Баламның жағдайын білейін деп арнайы келдім, – деді. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» деп, таныстық осылай басталды. Жаңадан жұмысқа араласқан балаға білдей бір мектептің басшысы келіп, баласының жағдайымен сөйлесіп тұрса, мерейінді өсіріп, қадірінді арттырады екен. Сол тұста Ержан мектептің жатақханасында тұратын еді. Анандай әкенің ілтипатынан кейін баласының сабағына да, жатып-тұруына да жақсылап қарап бақылап жүруді міндетімізге алдық. Оның үстіне апта сайын келмесе де, айына бір соғып баласының артықшылығы мен кемшілігінен хабар алғысы келіп тұрған адамға қалай риза болмайсың! Өйткені кейбір баланың ата-анасын жыл он екі ай өтсе де төбесін бір көрмейсің... Өз аяғымен келу тұрмақ шақырып келтіре алмайсың. Оқушымыз Ержанмен басталған таныстық ары қарай жалғаса берді... Үйелмелі-сүйелмелі төрт ұл, төрт қыздың әкесі Нұрмұқан аға барлық балаларын оқытты. Енді ойласам – бұл кісінің Ержанына, Еркініне, Ербосынына, Күлпашына... сабақ беріппін. Кейін Ержан батыр Медицина университетіне, Еркін педагогикалық оқу орнына, Ербосын ішкі Қытайдың Нанкай университетіне оқуға түсіп, ағаның мерейін тасытып, ұстаздар қауымына да қуаныш сыйлады.

1991 жылы мектептен кетіп Құлжа қаласына көшуіме, 1994 жылы Алматыға қоныс аударуыма байла-





нысты ағаның өзге ұл-қыздарына сабақ берудің реті болмады. Бірақ сол кезде қалыптасқан жақсы қарым-қатынас, сүйіспеншілік бізді байлап-матап тастағандай 33 жылға жалғасып келеді. Сол педагог Нұрмұқан, міне, алдарыңызда отырған жазушы, ақын, сыншы Нұрмұқан Жанұзақұлы да, жас мұғалім пақырларыңыз Дәулетбек Байтұрсынұлы.

Менің кейбір әріптестерім (ішім біледі) кеш Нұрмұқандікі, бұл жерде балаларының қандай қатысы бар деп іші қипылдап отырған болар?! Әрине кешірім сұрай отырып айтарым, адам өмірге келген соң ұрпағын, болашағын баулиды. Қызметің, өнерің, шен-шекпенің, кісілігің бәрі жиналып өмірге әкелген перзенттеріңнің тәрбиесіне шоғырланады. Сыртта дабысың дардай болғанымен отбасыңда береке болмаса, акку, шаян, шортан секілді бірі көлге, бірі көкке, бірі құмға тартса арбаң қайтып қозғалсын?! Отбасын реттей алмаған адам қоғамды, өзге адамдарды дұрыстыққа бастай алады дей алмаймын. Ал, біздің кейіпкеріміз осы мәселелердің бәрін үйлестіре білді, балаларына өмірді, білімді үйрете білді. Кейін өзі де мемлекеттік үлкен қызметтер істеп, ұстаздығын әкімшілік жұмыстарымен жалғады. Аудандық үгіт-насихат бөлімінің бастығы бола жүріп қазақ деген халықтың ыстығына күйіп, суығына тонды. Артынан құрметті демалысқа шыққан соң, ауданнан мың шақырым жердегі Үрімжі қаласына көшіп барып, бала-шағасының қасында болып олардың қызметіне, кәсіпкерлігіне дем берді, қолдап қуаттады.

Үрімжіде Ербосын құрған «Жаңа әуен» компаниясы қазақ мәдениеті мен өнеріне өлшеусіз үлес қосты. Сол тұста ақсап жатқан қазақтың ұлттық ән-күйіне тын тыныс, серпінді өмір сыйлап, шөліккеп отырған жұрттың алдына рухани құндылықтарды тартты. Жаңа дәуірдің лебі ескен эстрадалық бағыттағы осы заманғы ән-әуенге



ден қойып жас дарын, жана есімдерді жарыққа шығарды. Мемлекеттің өзі қаламақыға жарытпай тұрған сол тұста Ербосын таланттарды тауып, ел ішінен небір әншілерді сахнаға шығарып, ақысын төлеп үнін халыққа жеткізді. Қазақстанның қазіргі таңда аса беделді болып саналатын жұлдыздарының бұл әулеттің шаңырағынан дәм татып, босағасына ат байламағандары кемде-кем. Мәдениетіміз бен өнеріміздегі ең үлкен үлес «Қара жорға» биін тірілтіп, ғасырлар қатпарынан жеткен сол бидің әуенін әрлеп, заманға лайықтап сөз жаздырып, қимыл-қозғалыстарын айшықтап айналымға енгізді. Алғашында мұндағы ағайындар тосырқай қабылдап, «моңғолдікі» деп, әр түрлі қағытпа сөздер айтқанымен бүгінгі таңда «Қара жорғасыз» той өтпейді. Тіпті кей өңірде мектептерде гимнастиканың орнында оқушылардың спорттық сабағына да айналып үлгірді. Нұрмұқан аға «Жана әуеннің» әкесі ғана емес ақылшы, кеңесшісі сипатымен де осы жаңалықтардың жуан ортасында жүрді. Бұл туралы Нүрекеннің ағасы Токтасын Батырханұлы деген кісінің кең тараған мынандай тақпағы бар:

*«Ербосын шықты ағалап,  
Бизнесті жағалап.  
Ербосынның бағытын,  
Нұрмұқан тұр бағалап», –*

деген еді.

Қарап отырсақ, 8 баланы да жоғары оқу орындарында оқытып, қоғамнан лайықты орын тауып кетуіне бағыт-бағдар берген, жөн сілтеген әке еңбегі айтуға лайық деп есептеймін.

Өмір жолын ұстаздықтан бастаған Нұрмұқан Жанұзақұлы қоғамның біраз саласын сүзіп шықты. Партия-өкімет орындарында, кәсіпкерліктің айналасында ши-

рак, сергек жұмыстар атқарды. Қоғам қайраткері ретінде мәдениетіміз бен әдебиетімізге тер төгіп тегеурінділік танытты. Ауыз толтырып айтатын мәселе – ол кісінің осындай өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктерді қайыра тұрып, қара шаңырағы ата қонысқа ат басын бұруы дер едім. Бұл кісі секілді жылы-жұмсақты таусап жұтып жүрген ағалар әлі көп. Солардың арасынан суырылып шығып, ұл-қыздарына үлгі болып, ат басын бұрып, көштің бетін Егемен еліңе тіреуі мадақтауға тұрарлық жағдай! Және келіп ұрпақтарымен ілгерінді-кейінді Алматы мен Астанаға қоныс тебуі сүйінерлік емес пе?!

Осындай өзгешелікке ие болған Нұрмұқан ағамыз негізінде ақын, тумысынан сезімтал, сергек кісі. Қытайдағы мемлекеттік баспалардан бірнеше кітабы, атап айтар болсақ өлеңдер, дастандар жинағы Үрімжіден, Бейжіңнен жарық көрді. Қазақстаннан «Бір ауыз сөзім – мың ділда» кітабы екі дүркін, ал, мақалалар, өлеңдер жинағы жеке-жеке басылып шықты. Соңғы бірнеше жылдағы бұл еңбектің өзі аз емес. «Әдебиет айдыны», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ елі» өзге де басылымдарда еңбектері жарияланды.

Анау жылы 60 жасқа толған шағында арнайы шақыруымен Алматыдан төрт кісі барып шығармашылық кешіне қатынастық. Үрімжі қаласында өткен салтанатты басқосуға өлке көлеміндегі қалам ұстаған қауым, атқамінер азаматтар толық жиналды. Туған ауылы Мұңғұлкүре-Шапшалдан жүзге жуық кісі арнайы барғанын көрдік. Өмірі, шығармашылығы туралы тұшымды пікір айтылып, өлеңдеріне жазылған әндер орындалды. Сол күнгі кеш мемлекеттік телеарнаның жобасымен түсіріліп Шынжаңда әлденеше мәрте эфирден берілді. Осылайша халқы сүйген азамат ақын ретінде кең көлемде насихатталды. Одан бері де аттай он жыл өте шығыпты. Ағамыз бұл күнде қазақстандық. Ұл-қыздары әр салада.



әр кәсіпте тірлік етуде. Баяғы балаларын тәрбиелеген жолмен немерелеріне жөн сілтеп, күндерін көңілді өткізіп өмірге құштарлығы еселеп артып ертеңіне кетіп барады.

2008 жылы Көдек Байшығанұлы Маралбайдың 120 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстан Жазушылар одағының қара шаңырағында өткен ұлы дүбірде ағамыз Одақтың есігін ашқан болатын. Сол жолы Қытайдан келген қонақ ретінде көрнекті акын Көдек туралы сөз сөйлеп әдеби ортаның назарын аударғаны есімде! Өйткені Көдектің табаны тиген топырақта өмір сүрген, суын ішкен бұлақтан су ішкен акын ағамыздың айтар әңгімесі баршылық еді. Сол күннен бастап әдеби ортада белсенділік танытып, қаламын тербеп келеді. Өлеңдері, мақалалары жарық көрді. Енді міне, қос кітабы қолымызда!

Ұстаз, акын, қайраткер сипатымен «70» деген кезеңге де алқынбай, шаршап-шалдықпай емін-еркін шықты. Жас кезінде «мәдениет төңкерісінің» зардаптарын бір кісідей тартса да, қарттықтың қамалын жан рахатымен, еңбектің табысымен бағындырды. Мұның өзі Алланың сыйы, зор нығмет дер едім. «Менің екі үлкен байлығым бар. Бірі – Құдайдың берген балалары, екіншісі – қаламым!» – деп ылғи да айтып жүреді. Шынында мұнан үлкен не бар?! «Балаң жақсы болса орның төрде. Балаң жаман болса қарай алмайсың елге» деген ой-пікірі де өмірдің өзінен туған тап-таза мәтел!

Бұл секілді афоризмдер «Бір ауыз сөзім – мың діл-да» кітабында жеткілікті! Аталған осы кітаптың алғашқы редакторы және құрастырушысы ретінде айтарым өте көп... Өн бойы тұнып тұрған сырлы сөз, сұлу ұйқастар! Зер салып қарап отырсам, осындағы айтылған нәрселердің дені біз білетін өмірінен алынған ақиқаттар. Барлық адамда осындай өмірді, жаңағындай жағдайды басынан өткізеді, алайда қорытып кәдеге жарату көркем ойға



айналдыру жағынан әркім әртүрлі... «Аттын арық болуы иесінен, Адамның ақымақ болуы тәрбиесінен», «Адам ақылымен қымбатты, ұрпағымен сымбатты», «Құмға құйсаң теңізді, бір тамшысы қалмайды. Гүлге құйсаң тамшы су, тіршілікті жалғайды», десе, қандай жарастық тауып тұр. «Балаларым, барлығыңды жаратқан бір Алла. Алладан кейінгі екең мен шешен. Батасыз баланың бағы жанбас, тұсауы шешілмес», — десе, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айтқан хадистің рухымен үндесіп тұр. «Алланың ризасы ата-ананың ризасында» деген мазмұн осы арадан анық көрінеді. Тағы да айтар болсақ «жанжалшыл үйден жарым ес бала өседі» десе өтірік дей алмаймыз. «Балаң кітапқа құмар болса, адамдық мұратқа да құмар болады» деген ойы бір данышпанның «Кітап оқу тоқтаған жерде, ойлауда тоқтайды» деген философиясын есіне түсіреді. «Әке-шешесімен сыр бөлісе алмаған бала, дауға түсіп пұл бөліседі» деген сыны бүгінгі өмірдің шындығы емес пе?! «Ертегі естімей өскен ұрпақтың ертеңі бұлыңғыр» — бұл да басымыздағы жағдай!.. Мынаны қараныз: Нұрмұқан аға өз әулетінің өмірінен алып қоя салған мақал: «Балаң он болса, біріне-бірі үйретеді. Балаң жалғыз болса, қазан-ошағыңды күйретеді». Бәрі осындай демесек те, орынды ескерту екені анық. Шолжаң мен сойқандар ерке-жалғыздардан шығып жүргені өтірік емес.

Нұрмұқан Жанұзақұлы туралы айтар сөз әлі көп, дегенмен өмірі мен шығармашылығына үңілгенде, осылай тұжыруға тура келеді.

Жоғарыда айтқанымдай, 33 жыл бойы бірге келе жатқан аға-досқа арнаған сөзімді түйіндесем: Өмірге құштар күрескер адам, өнерді ардақтаған ізденгіш кісі, ұрпақ тәрбиесін бәрінен биік санайтын саналы қазақ деп тұжыратын едім.



Сержан  
ТОКТАСЫНҰЛЫ

## ӨМІРДІ СҮЙГЕН ...

*(Нұрмұқан Жанұзақұлының  
шығармашылығы туралы)*

**А**қын, әдебиет сыншысы, тарих зерттеуші, педагог, журналист, қоғамтанушы Нұрмұқан Жанұзақұлы 1945 жылы қараша айында ҚХР-ы ШҰАР-ының Шапшал ауданында өмір есігін ашқан.

1964 жылы Құлжа қаласындағы қазіргі Іле педагогикалық институттың «Жалпы ғылымдар» бөлімін үздік аяқтап, еңбек жолын Іле қазақ облысына қарасты Өртеkes (Мұңғұлкүре) ауданында ұстаздық етуден, ал, қаламгерлік жолы 1963 жылы «Іле» газетінде жарық көрген «Отан» атты өлеңі және «Қазақтың өлең тойларында айтылатын кара өлендердің ерекшелігі» атты мақаласы арқылы басталған.

Ақынның уыз жастық шағы Қытайдағы ең қырсықты жылдарға, оқымыстыны орға тығып, зиялыларды зынданға салған «Мәдениет төңкерісі» деген атаудағы





адамзат мәдениетіне қарсы ойранды жылдарға тура келген. Оны ақын:

*«Бұл өмірдің апыр-ау несін алғам,  
Күшігімде-ақ қуалап есімді алған», —*

деп мысқылдайды.

Ақын ойранды, он жыл ішінде үш жығылып үш тұрған. Таяқтың дәмін татып, түрменің есігін еріксіз ашқан ай-күндерді басынан өткізді. Бар жазығы тіл өткірлігі мен ой өткірлігі. Турашылдығы еді. Ақын: «Мәдениет төңкерісі қате болды» дегені себеп болған. Оған жазған-сызғаны қосылып, 20 жастағы балғын жігітті жазықсыз жазалаған. Алайда қысым мен қудалау оның өмірді шын сүйген рухын өшіре алған жоқ. Осыдан кейінгі өмірінде, қоғам жүгін де адалдықпен аркалап, тәңір сыйлаған талантын тастаған да, өшірген де жоқ. Оқып үйрене берді жаза барді.

Біздің қарымды қаламгеріміз ел тәуелсіз болғаннан кейін өзінің және ұл-қыздарының жайлы қоныс, жақсы тұрмыс, мәртебелі қызмет орындарын тастап, өз кіндігінен тараған жоғары білімді 4 ұл, 4 қыздың отауларын Алматы мен Астана қалаларына көшіруі, және олардың үкіметтен көк тиын дәмептестен Отанның әр саласына өз үлестерін қосуы — осы бір ұлтжанды, отансүйгіш қаламгердің асқақ бейнесі екені анық.

Нұрмұқан Жанұзақұлы — Қытай Жазушылар одағының, ШҰАР Жазушылар одағының, Қазақ мәдениеті қоғамының, Журналистер қоғамының, Іле Қазақ облыстық Жазушылар одағының, Ғылым-техника қоғамының мүшесі.

Нұрмұқан аға Қазақстанға көшіп келген қысқа бес жыл мерзім ішінде шабыттана шалқып жазды. Оның жұртшылықтың назарын қатты аударған еңбектері,



мемлекеттік тапсырыспен шыққан осы заманғы ақылияларымен ой-толғау жинағы «Бір ауыз сөзім – мың ділда» және екі бөлімді «Өткен із бен күткен арман» атты дастандар жинағы болатын.

Қазақстанның радио мен телеарнасында қоғам мәселелері, әдебиет, ел тарихы сынды тақырыптарда келелі сұхбаттар берді. «Қазақстан-1» ұлттық арнаның «Айтуға оңай» бағдарламасында ұлттар арасындағы достық қарым-қатынас, ұрпақ тәрбиесі және ұлттың рухани тазалығы жөнінде сарабдал ойларын ортаға салды. Сондай-ақ «KazakTV» арнасы қаламгердің өмір жолы туралы «Соңғы көш» атты білім-тәрбиелікке бағытталған отыз минуттық фильм түсірді.

Мұқағали Мақатаев шығармаларына «Әлем аспанында ұшқан ақ сұңқар» («Қазақ әдебиеті» газеті), Ділда Матайқызы Тасмағамбет келінінің «Айналайындарым менің» атты кітабына, («Халық елі» газеті) «Ұлт пен ұрпақты ойлайтын каншаумыз бармыз?» Нұрлан Оразалиннің жалпы поэзиясы туралы «Тұғыры биік тұлғалы жыр» («Түркістан» газеті) атты көлемді және мұнан өзге оншақты сын мақалалар, очерктер, әдеби-зерттеу және ұлт тарихы тақырыбындағы туындыларын да жариялап үлгерді. Ал бұқаралық ақпарат құралдарындағы қоғамдық мәселелерді қозғаған мақалалары өз алдына бір төбе.

Ұлт тарихын зерттеу туралы дүниелерінің көрнектілері: «Қара жорғадан қазақ неге қашады?» («Айқын» газеті), «Қазақ неге жер әлемге тарыдай шашылған?» («Айқын» газеті), «Исатай батырдың қазіргі жастарға төрт үлгісі» (кітапта), «Қарқара көтерілісінің көсемдері туралы жаңа дерек» (жинақта), айта берсек, тағы бар.

Жасы жетпіске келсе де ұлт үшін, тәуелсіздігі үшін барын салып жүрген осы бір тынымсыз еңбектің иесі ақыры аңсаған арманына жетті. Мұны қаламгер өз





сөзімен былай жеткізеді: «Бірінші – тәуелсіз Қазақ елінде өмір сүріп отырмын. Екіншіден, 70 жасымда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болдым».

Ағаштың тамыры болады. Нұрмұқан Жанұзақұлының ең алғашқы ұстазы – әкесі Жанұзақ. Ол Құлжа қаласына қурай отын сата барғанда Нүкенге алуан түрлі кітаптар сатып әкелуді өзінің әкелік міндеті деп білген. Соның арқасында Нүкен екінші класс оқып жүргенде-ақ Сәбит Мұқановтың «Алтай – Сұлушаш» өлең-романын, «Қызжібек пен Төлегенді», «Әлі Айдардың қиссасы», «Шахиаппастың қиссасы» секілді он шақты қисса-дастандарды жаттап, зердесіне түйіп алады. Бұл Нүкеннің ақындық жолдарының алғашқы негізі болатын.

Нұрмұқан Жанұзақұлы 1986-1988 жылдар аралығында Шынжаң университетінің филология факультетін сырттай оқып бітірді. 1964-1984 жылдар мерзімінде бастауыш, орта мектептерде, әдебиет пәнінің оқытушысы, мектеп директоры жұмыстарын абыройлы атқарды. 1984 жылы аудан орталығына ауысып, 1988 жылға дейін аудандағы мұғалімдер дайындайтын педагогикалық училищенің философия, педагогика, психология пәндерінен арнаулы оқытушысы, әрі зерттеушісі болды.

Міне, осы жылдар Нүкен қоғам және ұлт сапасын жоғарылату мақсатында көп еңбектеніп «Ерді намыс өлтіреді», «Егінші, малшылар ғылымды игермесе иесіз қалады», «Қазақтар қала ортасынан неге қашады?» атты елді елең еткізерлік мақалаларын, ал ұрпақ тәрбиесін қатысты «Орта мектеп оқушыларының киінуді жайында», «Аялаудан ақылды бала өседі», «Ұстаздың оқушы алдындағы түр-тұлғасы жайында» деген ғылыми-тәрбиелік мәні зор кесек мақалалар жазып, жариялады.

1988 жылдан 1999 жылдың соңына дейін Нұрмұқан Жанұзақұлы Моңғұлкүре аудандық парткомының шақыртуы бойынша аудандық парткомның үгіт-идея



бөлімінің орынбасары, аудандық рухани-өркениет кенесінің меңгерушісі, бөлім партия яшейкасының секретары сынды жауапты жұмыстарды атқарады. Осы маңызды қызметтерді атқару үстінде де қаламгер қазақ ұлтының ғылым, білім, мәдениет істерінің дамуына есте қаларлық қыруар еңбектер жасалды. Бұрын аудандарда болмаған қазақ тіліндегі Ақпарат қоғамын, Ғылым-техника қоғамын құрды және өзі сол қоғамдарға басшылық етті. Ауданда тұңғыш реткі *(осыдан кейін мынадай жақсылық бұл ауданға бұйырған жоқ.)* сол ауданнан шыққан ақын-жазушылардың ғылыми-әдебиет конференциясын өткізудің жоспарын құрып, әрі сәтті өтуіне мүмкіндік жасалды. Ғылыми конференцияның соны жайлаудағы мерекелік кешке ұласып, Өртекес елінің ойында Нүкеннің бейнесі осылайша жарқырай қалған болатын.

Осы жылдары Нұрмұқан Жанұзақұлының шығармашылығы сапа мен сан жағынан бірдей өскен кезі еді. Ол проза жанрында онға жуық очерк жазып үлгірді. Нүкеннің «Қарағаймен көмкерілген қалашық» атты очеркі өлке дәрежелі «Үлгілі очерк» сыйлығын, «Өр Текстегі өнер дауысы» атты очеркі мемлекеттік көркем туынды атағын жеңіп алды. Осы жылдары қоғамдық мәселелерді қозғаған көптеген тәрбиелік туындыларының ішінде «Екі жеңін кимегендер елге кесірін тигізеді» атты мақаласы мемлекет бойынша «Ең үздік мақала» сыйлығын жеңіп алды. Осынау мақаласы қытай және басқа ұлттардың тіліне аударылды.

Жазушы осы он жыл ішінде әдебиеттің сын жанрымен көбірек айналысты. «Бұранын сүрінуі ботаға сабақ», «Алқаса осындай әңгімелерді алқау керек», «Автор бағаланбайды, шығарма бағаланады» деген көптеген әдеби сын жазып, жұрт назарын өзіне аударды. Сол тұста Шынжан қазақ әдебиетінде әдеби сынмен айналысатын

сыншы екеу болса, бірі – біздің Нұрмұқан ағамыз болатын.

Нүкең екі ел қазақтары арасында поэзияның ең мазмұндысы – дастан түрін ең көп, әрі сапалы жазған ақынның бірі. Ағамыздың астарлы да, ағыл-тегіл ойы бар тұңғыш «Шолпан туралы аңыз» дастанының атымен Бейжіңдегі Ұлттар баспасы арнаулы дастандар жинағын шығарған болатын.

2000-2010 жылдар аралығында Нұрмұқан ағамыз жанұясы, бала-шағаларымен бірге Үрімжі қаласында болды. Бұл мезгіл жазушы шығармашылығының шарықтаған шағы десе де болады. Ол осы мезгілде Пекиндегі Ұлттар баспасынан «Арман-ай» атты өлең-дастандар жинағын, «Шолпан туралы аңыз» атты дастандар жинағын, Үрімжі қаласындағы «Халық» баспасынан «Ақын жүрегі», Жастар баспасынан «Күз жыры» атты жыр жинақтарын баспадан шығарды.

2008 жылы ақпанда Шынжаң телеарнасының үшінші арнасы ақынға арнап «Күз жыры» атты көлемді шығармашылық кешін өткізді. Кеште ақынның 21 өлеңіне жазылған әндер шырқалды. Сондай-ақ ақынның 60 жасқа толған мерейтойы мен шығармашылығының 40 жылдығы Шынжаң Жазушылар одағы тарапынан да атап өтілді. Қаламгер шығармашылық кешінде қоғам қайраткерлері мен сыншылардың ыстық ықыласына бөленіп, шынайы бағасын алды.

Шынжаң телеарнасының сегізінші арнасы «Жан сарайы» атты акпараттық фильм түсіріп, Нұрмұқан ағаның ұрпақ тәрбиесіндегі мол жетістіктерін Қытайдағы, жалпы қандастарға үлгі етіп таратты. Бұл хабарды Қытайдағы өлке, облыс дәрежелі қазақтілді телеарналар да таратып жатты.

2009 жылы Мұқағали ұрпақтарын Үрімжіге шақырып, 3 мың адам жиналған шырайлы кеш өткізіп берді.



Нұрмұқан алдыңғы ғасырдың кейінгі жартысындағы мұқағалитанушы. Ол Қытай басылымдарында Мұқағали шығармаларын насихаттауда және сол Қытайда шыққан Мұқағалидың шығармасын камтыған кітаптарды насихаттап-тарату жолында көп еңбектенген бірден бір тұлға.

Ақын, сыншы, қоғамтанушы Нұрмұқан ағамыз ұлты мен оның ұрпақтары үшін тер төгуде шаршауды білмейді. Ол Алматы қаласына көшіп келген бойда-ақ Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығын атап өту шарасына қызу атсалысты. Мұқағали Мақатаев атындағы халықаралық қор қоғамының төрайымы Бакытгүл Кадырбайқызымен бірге қала ішіндегі әскери бөлімдер мен мектептерді аралап, Қытай казактарының Мұқағали және әдебиет, мәдениет тарапынан әрі аз, әрі саз лекциялар оқып, екі мемлекеттегі қандастардың өзара түсінісуіне көпір болды. «Бүркіт» атты әскери журнал Нүкеннің кездесуде сөйлеген сөзін басты.

Нүкен қоғамтанушы, ұлттанушы ретінде осы алты жыл ішінде Алматы, Астана, Тараз қалалары мен ішінара аудан мектептеріне, гимназияның жоғар класс оқушыларымен кездесіп, бая-аяғы 12 рет кездесу өткізіп, ұрпақтарымыздың тәрбиесіне өзіндік үлестерін қосып келеді...

Нұрмұқан Жанұзақұлы өзін Отан, ұлт үшін арнаған жан. Ақынның екі шумақ өлеңіне зер салып көрелікші:

*Топырағыма тойғалы үшін келгем жоқ,  
Ежелден-ақ өзімдікі жер мен көк.  
Топырағымда басы қалған бабамның,  
Қайда жүрсем ұлт намысын бергем жоқ.*

*Қазақ қанын сақтап жүрдім тап-таза,  
Дос көңіл көп, жақынға да, жатқа да.*



*Өз Отанын сүйе білмес жандардың,  
Қайда жүрсе екі беті қап-қара!*

Ақын ағамыз 2000 жылдардан бастап күнделік жазуды әдет еткен. 16 жыл бойына ай, күн құрғатпай жазып, қазірге дейін сол күнделіктегі жазғандары 20 шақты кітап болған. Бұл қазынаны «Менен кейінгі ұрпақтарыма арнадым» дейді педагог ағамыз.

Нұрмұқан ағамыз жаңадан ашылу үстіндегі қазына іспеттес. Жарық көрмеген дүниелері жарияланған еңбектерінен әлдеқайда көп деуге болады. Мысалы, Тәуелсіз отанымыздың тырнақалды өнімі 35 сериялы «Болашақ» атты фильмді көрген соң, сыншымыз балаша қуана отырып «Болашақтан болашағымызды көргендейміз» атты мақаласын жазғаны бар.

Қарымды қаламгер Нұрмұқан Жанұзақұлы әдебиетімізде болсын, тәуелсіз отанымыздың мәдениеті мен әдебиетін қайта құруда болсын, творчестволық шеберлігі айтсақ та, жанкештілігі мен адамгершілігі қасиеттерін айтсақ та, қысқасы, қатарымызға қосылған жаңа үлгілі тұлға екенін мақтанышпен айтар едік.



**Нұрбол ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
*М.О.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми қызметкері, докторант*

## ЕСКІРМЕЙТІН СӨЗ

**Н**ұрмұқан Жанұзақұлы – қаламұшы ойға толған, сырға тұнған ақын. «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты нақыл сөздерінің топтамасы осы ойымызды бекітіп, көзқарас-пікірімізді қуаттай түсері күмәнсіз. Автордың осылай жан сөзін қағазға қондыруы заңды да. Өйткені, өмірден көргені мен түйгенін түйін-сөз арқылы жеткізу – толысқан қаламгерлерге тән қасиет. Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әли: «Нақыл – ақылдың ақырғы аялдмасы», – деген болатын. Өзінің де «Ең алдымен – ел камы», «Одан кейін – қалғаны» атты қос томдық афоризмдер жинағын шығарғаны оқырман қауымның есінде болар. Абыз ақынымыз Мұзафар Әлімбаевтың да өсиеті мен өнегесі мол нақылдары баспа бетін көргенде, қазақтілді аудиторияны кең шарлап кеткенін білеміз. Немат Келімбетовтің «Ұлым меніңінде» де осы дәстүр байқалмай қоймайды. Міне, таяуда ғана қабырғалы қаламгерлер қатарында Нұрмұқан ақынның мың ділдалық сөздері оқырман көпшілікке жол тартып, ықыласына бөленді. Бұл, бір жағынан, кеше ғана бастау





алған іс емес, күллі шығыс әлемінің алтын ғасырына баланатын орта ғасырлардағы парасат алыптары – Қорқыт, Ахмет Йүгінеки, Жүсіп Баласағұндардың заманынан бергі үзілмей келе жатқан сұрлеу-соқпақтың ХХІ ғасырдағы ерекше жалғасы, заңды мұрагер-тәсілі. Өйткені, Нұрмұқан Жанұзақұлының жинағында Тәуелсіздік дәуірдің таңбасы айқын көрінгенмен, дидактикалық сарынмен суарылған шығыстық мәнер де жоқ емес. Кітапта өлең сөз де, қара сөз де қатар қолданылады. Аталмыш кітапқа қазақтың дәстүрлі қара өлең үлгісі мен қара сөзі бірге ұя салғаны, әрине, оқырманын баурап әкелері сөзсіз. Бастысы, қысқалық бар. Нақылдың өзіне тән қасиеті де сол емес пе еді? Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін екі ауыз сөзге сыйғыза білу, бір жағынан, автордың шеберлігі болса, екіншіден, замана алға тосқан сансыз талап-тілектің бірі де бірегейі деп ойлаймыз. Қазіргі қазақ әдебиетінде ғана емес, әлемдік руханият кеңістігінде қарқынды түрде жүріп жатқан үдерістің бірі – қысқалық қуу. Қуып қана қоймай, соған барынша көп мағына-мән сыйғызу. Яғни, бүгінде «Абай жолын» оқымаған қазақ – қазақ емес» деген ХХ ғасырдағы қағидат сіңімді бола қоюы неғайбыл. Ешкімге кінә артуға болмайды. Бұл – замана қалпы мен салты. Оқырман жүздеген беттік романның сығынды-сөлін қысқа да нұсқа шығармадан алғысы келеді. Бұл орайда, біздің нысанамызға ілінген нақыл сөздердің топтамасы оқырманын қанағаттандыра алады деп сенеміз.

Кіріспе сөзін өзі жазған автор біршама сұрақтардың жауабын беріп те кетіпті. Бұл әдебиеттану ғылымының өзінше бір бағыты – туындының жазылу тарихы төңірегіндегі зерттеулерге қордалы азық болатыны анық. Жинақ атауының өзі әке мен бала арасындағы сабақтастықтың, ұлттық тәрбие мектебінің белгілі бір қырын танытатын секілді. Өйткені, «Бір ауыз сөзім –



мың ділда» деп аталатын тақырыптын өзі әке аузымен айтылған халықтық хикая незігінде дүниеге келеді. «Не үшін мың ділда?» деген заңды сұрақ туындайтыны шүбәсіз. Бәлкім, сөздің құны түсіп, қадірі қаша бастаған бүгінгі кезеңде ұлттың әр сөздің нарқы мен парқын айыра білетін төл қасиетін, қымбат құндылығын қаперге салғысы келді ме екен? Құндылық демекші, әр тараудың өзі ұлттық құндылықтарды ұлықтауға бағыттталыпты: ұрпақ тәрбиесі, жанұя, заң, ұлт, ғылым – адам өмірінің басты дінгектері. Жә, сөзімізге дәйек ретінде жинақтың аса ауыр жүкті көтеріп тұрған тарауларынан үзінді келтіре кетейік:

*Ұрпақ тәрбиесі.* «Ұлының ойын, қызының қылығын байқай білген ата-ана ұяттын отына оңайшылықта күйе қоймайды».

*Жанұя.* «Әйел адамға «еркектейсің» деген сөз мадақ. Ер адамға «катын екенсін» деген сөз мазақ пен азап».

*Адам және психика.* «Иманы жоқтың адам баласын сыйлары жоқ, сыйсыздың көп ішіне сыйғаны жоқ» не болмаса «Асығым алшысынан түссін десең, машығың мүкият болсын!». «Басқаның кенесін тыңдауға шеберлік керек. Ықыласпен тыңда! Кенес келісті болса да, кемісті болса да, келеңсіздік келбетіннен көрінбесін! Кесімді кенеспен келісерсің!», «Достасуды ұмытқан адам – ақылдың кедейі, өмірдің өгейі».

*Кітап және ғылым.* «Баланды кітапқа құмар етсең, ақыл-ойын шынар етесін».

Автор бірде – психолог, бірде – заңгер, бірде – философ. Ең алдымен, қазаққа болсын дейтін алып жүректің иесі. Оқушысын келіспеске қоймайды. Нандырып әкетеді. Ақынның өзі де Абайды үлгі тұтатынын айтады. Рас сөз. Рас болатыны, Абайша сілтейтін тұстары аз емес. Ақын атамыздың бес асыл іске ұмтылдырып, бес кесір қылықтан сақтандыратыны бар емес пе еді?





Ой бағушы Нұрмұқан ақын сегіз түрлі озық қасиет пен сегіз түрлі оғаш ғадетті хатқа түсіріпті. Бәрі де өз өмірінің өрнегіне айналған қағидалар. Филология ғылымында сөздің классификациясы түрліше таратылады. Біздің назарымызды аударған тағы бір дүние мынау. Сөз туралы сөз. Автор сөздің көркем жіктелуін өзінше жасап шығыпты: «Шын сөз, гүл сөз, дауыл сөз, себезгілеген жауын сөз, даулы сөз, жаулы сөз, сылдыр сөз, мылжын сөз, шорт сөз, қырт сөз, өрт сөз, ұрт сөз, жок сөз...». Әрине, поэтикалық сарынға бой ұрғаны анық. Дегенмен, автордың ұмтылысын бағаламауға болмайды. Айналып келгенде, автор өзіне әрі ұқсап, әрі ұқсамай калған. Ұқсайтыны сол, афоризмдерді оқып отырған оқырман жоғарыда тілге тиек етілген Қадыр, Мұзафар ақындарды ғана емес, адамды сүйіп, Алланың хикметін сезуге шақыратын ұлы Абайды да, «Адамдық борышын — халқыңа қызмет қыл!» деп жырлаған Шәкәрім қажыны да, тіпті орта ғасырлардағы дидактикалық шығармалардың авторларын, алтын дәуірдің жарқын тұлғаларын еске алып отырып оқиды. Ұштастықты, ұқсастықты сезіне отырып ой түйеді. Олай етпеске шара жок. Өйткені, Н.Жанұзақұлы — парасат алыптары ретінде дүниеге танылған қазақтың ірілерінің бүгінгі інілерінің бірі. Ұқсамайтыны, жана заманның өкілі ретінде ақын ағамыз өзінше із қалдыруға талпыныс жасайды. Ізденісі бірден білінеді. Тағы да бас ақын — Абайға оралайық. Абай дана өзінің 19-қарасөзінде былай дейді: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды; естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», — деп. Автор өміріндегі естіген, көрген, білгені, көңілге түйгендерінің бір парасы аталмыш кітапқа 1100 накыл сөз боп кестеленіпті. Естілердің сөзін ескеріп




жүрген ақынның өмір тәжірибесімен суарылған салмақты сөздері болашақ ұрпақ үшін де есті сөз боп қанат қакты. Ескеріп жүрген қазақ баласы ұшпаққа шығып, парасатпайымының кеңейетіні айдай анық. Нақылын оқы да, авторын таны. Көркем мәтін автордың жан-дүниесін терең тануға жол ашатын бірден-бір дереккөз, сенімді қайнаркөз десек, біз афоризмдер топтамасын оқи отырып Нұрмұқан Жанұзақұлының елім деп еңіреген, езілген ет жүрегiнiң дүрсiлiн тындап, беталысын танығандай болдық. Автор болмысының бiр үзiк бөлшегi – осы. «Даналық – ашыған ақыл», – дейдi Қадаған, Қадыр ақын. Қадаған айтса, қадап айтады. Қазып айтады. Ақылдың қазанында қайнап, көңiлдiң бағында суытылған сөздер ғана афоризм болмақ, оқырманның жүрегiне жол тартпақ. Нұрмұқан Жанұзақұлының сөзi санамызға сәуле шашып, жүрегiмiздi жылытты. Оқырман көңiлiнен шықты деген осы болар.

Екінші бөлім.

---

*Туған  
топырақтың иісі*





**Бекмұхамет МҰСА,**  
*Мемлекет және  
қоғам қайраткері*

## АДАМ ЖАНЫНА ҮҢІЛҮ

**Ж**еміс жерден өседі. Ақын, сыншы ардагер елден шығады.

Ақын, сыншы Нұрмұқан Жанұзақұлы «Күз жыры» жыр жинағынан бұрын «Арман-ай», «Ақын жүрегі» атты жыр жинақтарын оқырманына ұсынған болатын. Ал мына жыр кітабы өзінің тарлан тартқан шағында жазылды. Оқып көріп жаным разы болғандықтан естілік жазуға отырдым.

Мен сыншы да, ақын да емеспін. Жаратылыстық ғылыммен, басшылық жұмыспен айналысқан адаммын. Алайда көркем әдебиетті сүйетін оқырманмын. Қарбалас кезімде осы мақаланы жазуға еріксіздендірген Нұрмұқан қаламынан туған жырлардың тарту күші болса керек.

Мен Нұрмұқанды бұрын танымайтын едім. Газет-журналдардан атын үздік-создық көріп жүретінмін. Тек соңғы жылдарда ақынның тарлан тартқан шағында, 2003 жылдан бері араластым, таныстым. Ақынның аты 1999 жылы жаз мезгілінде ел аузында жүрді. Олай болатыны, сол жылы Өртеkes ауданы (Моңғұлкүре) төлтума



ақын-жазушылары Көдек Маралбайұлы (110 жылдығы) Тәліппай Қабаев, Әуесқан Нұрқожақызы, Құрман Әбдікерұлы сынды өнер адамдарының шығармашылық кештерін өткізді. Бұл шара «жиын» деп аталғанымен іс жүзінде ұлттық сахаралық мәдениеттің мерекесіне айналып кетті. Бас-аяғы он бес күн жалғасып, үлкен дабыра қозғады. Мен қызмет бабымен қатынаса алмадым. Той тарағаннан кейінгі осы реткі шараны жоспарлау, ұйымдастыруда Нұрмұқанның орны бөлек екенін естіп, разы болып жүрдік. Одан өзге осы азаматтың 20 жасынан 30 жасына дейін үш жығылып, үш тұрғанын да естіген болатынмын. Ол шақты Нұрмұқан: «Апырау, мен бұлардың несін алғам, Күшігімде-ақ қуалап есімді алған», — деп өкпесі де, өткір мысқылы да бар өлең жолдарымен бейнелеп жүретін. Мен азаматтың өзін көрмесем де ақынның өлеңдеріне тәнті болған жәйім бар. Одан басқа да әдеби шығармаларымен, қоғам мәселелері жөніндегі сын мақалаларын, ұлт сапасын өсіру жағындағы еңбектерін үзбей оқитын болдым.

2003 жылы 9 қаңтар болса керек. Ол кез Нұрмұқанның Үрімжі қаласына көшіп келген кезі. Әрі Нүкеңмен алғашқы кездесуім. ШҰАР-дың сауда мекемесінің басшысы Нұрмұқанның қызметтес жерлесі *(сол жылдары Әскербек Өртекес ауданы парткомының екінші хатшысы еді де Нұрмұқан аудандық парткомның үгіт-насихат бөлімінің басшысы болатын.)* Әскербек Дүмішұлы барлығымызды қыстың соғым шайына шақырған екен, бардық. Дастарқанға жайғасар алдында Нұрмұқан келіп сәлем беріп, бізге өзін таныстырды. Осыдан бастап танысып, араласып кеттік.

Дастарқан өз мәресіне жеткенде, қонақ иесінің құрметі үшін ән шырқалып өлеңдер оқылып, алтын лебіздер айтылып жатты. Кезегінде Нүкең өздігінен сахнаға шығып өзін таныстырды. Қалғанын өзінің басшы-



сына, оның сүйікті жанұясына деген құрметімен, жан толқытар жақсы лебіздермен толықтырып, сонын әнге жалғап кетті. Дастарқан басында отырғандар алғаш мән бере қойған жоқ еді. Екінші шумағынан бастап еріксіз тынышталып қалдык:

*«Мен әнімді айтайын осындайда.  
Елдің басы еліне қосылмай ма?  
Елдің басы еліне қосылмаса,  
Періштесі қазақтың шошымай ма?»*

Мына сұраулар ойлантты. Қиялдарды талай қиырға жіберді. *(Осы жылдарда дүние қазағы Қазақстанға қауырт көшіп жатқан кез еді. Мақаланы көшірушінің еске салуы.)* Қайырмасын айтып шырқай берді:

*«Есіктің алды қоғалы-ай!  
Жақсының орны жоғары-ай!  
Сыйласып өткен бір күнім,  
Мың күнгідей болады-ай!»*

Дастарқан басы сілтідей тынып қалды. Ән жалғаса берді:

*«Мен әнімді айтайын осындайда.  
Достар басы досына қосылғай да.  
Елдік кетсе араңнан, сыйың кетсе,  
Қамшы келіп жотаңа осылмай ма?»*

**Қайырмасы:**

*Есіктің алды көл дейді.  
Сезімім кейде шөлдейді.  
Артымда қалған жас өмір,  
Айналып қайта келмейді.*





Жалғанай-ай, десеңші. «Заманы жастық жалынына жалын қосып берген болса қайтер еді бұл пәле?..» деп күлдік. Күрсіндік. Мынау тек қана өлең мен ән ғана емес, ұлтымыз үшін жасалған заң сияқты сезілді маған. Көз алдында ру-руға бөлінбей, қазақтың қаймақтай тұтасып жатқан жарқын көрінісі елестеді. Отанын, ұлтын сүйетін ақын осындай болатын шығар деп ойладым. Өлең қарапайым сөздер арқылы ешбір түсіндіруді керексінбейтін көркем туынды. Өлеңнің айтарын, тыңдағанның барлығы түсінді. Шапалақ шатырлап кетті. Мен сахнаға шығып бауырымның бетінен сүйдім. Әсерленіп кетіппін, бірталай сөз сөйледім. Сөзімді «Бауырым, жас кезінде өмірдің қаспағын жеген болсаң, енді қаймағын жеуге тиіссің. Солай да болдың...» — деп түйіндедім. Белгілі тілгер, ШҰАР Тіл комитетінің менгерушісі Тоқтасын Батырқанұлы ағасы «Түсінісу» атты өлеңін оқып беруді талап етіп тұрып алды. Ол адам Нұрмұқанның ұялып, тартынғанына қоймады. Нұрмұқанның бір жақсысы сәтті шыққан өлеңдерін жатқа оқиды екен:

*Бояйыншы ақ шашты жасырайын,  
Жастық шаққа шамамша тасынайын.  
Кетпе менен махаббат асыл айым,  
Кетпе сезім мен саған бас ұрайын.*

*Тілейтінім жүректі арала деп,  
Ойды сана!  
Шашымды санама көп!  
Бояп қойдым арудың қос жанары,  
Қасат қарға қарығып қала ма деп.*

*Бәрі жалған,  
Қап-қара көмір дейсің,  
Оның сырын, я біліп я білмейсің.*





*Мені алдаған тағдырды мен де алдадым,  
Тағдыр өзі алдамшы неғыл дейсің?*

*Ұрылса да төбеме тасы маған,  
Мына өмірде титтей де жасымағам.  
Боясам да шашымды тарасам да,  
Төбел тазды мен қалай жасыра алам?*

*Тірі жүрсем жүре алман дауылдамай,  
Жасты көрсем қуанам тауым бардай.  
Отыз жылым шегініп кетер ме еді,  
Басымнан бір сипасаң арулар-ай!*

Қараңыз! Нұрмұқанның өлең саласында өз жолы бар. Мынадай өлеңдер тыңдарманы мен оқырманын күлдіріп отырып күрсіндіреді. Күрсінгішті күлдіреді. Кез келген адамды ойға жетелеп, сезімге бөлеуі хақ.

«Қаспақ» пен «Қаймақ» атауларын түсіндіре кетейін. Өмірдің қаспағын қалай жеп, қалай қазан түбінде қалғандығын жоғарыда айттық. Қазір Нұрмұқан «қаймақ» жеушінің өзі.

Нұрмұқан тәңір берген төрт ұл, төрт қыздың әкесі. Олардың барлығын университеттен оқытып, Отанға, ұлтқа пайдалы адамдардан етіп тәрбиелеп шығарды. Үрімжі сияқты үлкен қаладан қазақтың 7 шаңырағын көтеріп отыр. Бұл осал адамның қолынан келмесе керек. Бұл «Қаймақ» емей немене? Нүкеннің ұрпақ тәрбиесі жағындағы биіктерін зерттеуді педагог-ғалымдардың еншісіне қалдыра отырып, мен өзімнің борышма оралайын.

«Күз жырының» беташар өлеңі:

*Көктем едік күз болдық,  
Жас едік қарт біз болдық.  
Екі жол едік қосылған,  
Тарау-тарау із болдық...*



Бұл өлеңнен өзінді, өзіннің өмірінді көресің. Әрбір жас шаңырақтың болашағының осылай болуын бір Аллаһтан тілейсің. Бұл — бір шумақ ұлтымыздың өсіп-өну, өркенін жаюдың шежіресі дер едім.

*Мезгіл мен мезгіл арбасты.  
Әнеки, тауды қар басты.  
Балаққа да жармасты.  
Ажал деген албасты....*

Қорқасың, тағы да қуанасың. Күзден соң қыс келері даусыз. Алайда ақын күзден де, қыстан да қорықпайды. Тіпті көзге іліп те қоймайды. Өз басының пайдасы өмір артқан жүктің жанында түкке тұрмайды.

*Өмірге бекер келмедің,  
Есепте, қанша бергенің?  
Ел үшін қанша терледің?  
Етіктің үшін көре алмай  
Өзіңді қанша жерледің?*

Немесе:

*Өмірге мақтан емес келгендігің,  
Кім кетіп, бұл дүниеден келмеді кім?  
Тірлікте береріңді ойламасаң,  
Шынымен тірі жүріп өлгендігің.*

Біз ақыннан асырып не айтамыз? Мынадай жаныңды желпіп отырып ойландыратын өлеңдерді оқымасына амалың жоқ.

Осы мақаланы жазудан бұрын «Күз жырының» қолжазбасын Нұрмұқан маған алып келіпті. «Аға, қаласаңыз осы жинағыма алғысөз жазып беріңіз. Менің байқауымша, менің өмірім, өлеңім, азаматтығым жағынан мен Үрімжіге келгеннен бері мені өзіңіздей түсінген



адам жоқ па деп ойлаймын. Осы кітабыма алғысөз жазып беріңізші!» — деп қиылды.

Мен:

— Әй бауырым, мен акын да, сыншы да емеспін, — десем:

— Жақсы басшы болған адам бәрі бола алады. Мен үшін, мені түсінген адамнан артық сыншы жоқ, — деді де өз сөзінде табандап тұрып алды. — Мен сізді қаладым, — дейді. Содан қолжазбаны оқып болып, өзін шақырдым.

— «Күз жырыңды» оқып шықтым. Махаббатсыз жасағың келмейтін сияқты. Сол өлеңдерін өз жасына сай келе ме? — дегеніме:

— Аға, — дейді күліп: — Мен пенсияға анкета толтырып жатқаным жоқ. Акын өлең жазып жатыр ғой! Акын өзінің жасын, күйкі тіршілігін ойлап жазса өлені де қара кожалақ өмір шығар еді. Акын адамзатты, оның жанын жазуға міндетті. Женгем екеуіңіздің махаббаттарыңыз өшу емес, өскен шығар?! Махаббат адамзаттың жаратылысының барлық барысында бар. Алайда адамдар сапасының жоғары-төмендігіне қарай махаббат тазалығымен оның тарту, тәрбие күші іріленіп немесе ұсақталып отырмақ. Мен өлеңді өзім үшін жазбаймын, Оқырманым үшін жазамын, — деді де күрсініп алып:

— Біз қартайдық, алайда қазіргі әдебиет әлемінде біздің оқырманымыздың басымы жастар. Жастардың махаббаты мен арманы пәк, таза, үміткер болса ұлтымыздың рухани сапасы өсер еді, — дей келіп, — тағы бір себебім бар, — деп бір өленін оқи жөнелді:

*«Жас кезімде жас болып жасағам жоқ,  
Ырызғысын жас шақтың асағам жоқ.  
Ырызғысы жас шақтың татар шақта,  
Таспен ұрып талдырды тасадан кеп», —*

деп болып:



— Менше, — дейді ол:

— Мен бір тұзы кем адаммын. Неден кедей болсан сол жаққа аңсарың ауа береді. Байығың, толықтағың келеді. Махаббат өлеңдерін жазу біріншіден, жан тұзымның кемін толықтау. Екіншіден, ақылшыл, асыра сілтеген өлеңдерді жастар керек етпейді. Ақынның барлығы өмір мен оқырман үшін болу керек. Одан қалса жан дүниенің ләззаты...

*«Бір көшеден өттім-ау ойран ботқа.  
Сол ботқаға батырып қойған жоқ па?  
Батпағына талай жыл батып жаттым  
Қайдан пәле шығады ойда-жоқта.  
Жаның тоқтап қалғанмен бірдей екен,  
Жас шағыңда қалғаның ойдан тоқтап, —*

деп сөзін аяқтады.

Мен еріксіз мақұл дедім. Нұрмұқан өлеңдері қарапайым, тілге жеңілдеу көрінгенмен ой қатпарлары қалың келеді. «Күз жырында» «Шолпан туралы аңыз», «Зұлқарнайын патшаның мүйізі», «Сонғы қоштасу» қатарлы көлемді үш дастаннан басқа «Қулардың құйрығынан сыз өткізіп», «Етегін баспа, белін бу», «Жанның гүлі» (ән сөздері), «Батаменен ел көгерер» қатарлы бес топтама мазмұндық бөлімдері бар екен. Оқып болып кітабын ұнаттым. Ұнатпасқа не шара?!

*Келсе де қысың күзбенен,  
Махаббат жанбыз іздеген.  
Жетімді көрсек жетектеп,  
Қайырымсыздыққа төзбеген.  
Махаббатымызбен өсірдік,  
Ұл менен қызды біз деген.  
Махаббат керек сізге де.  
Махаббат керек бізге де.*



Біз жасаған өмір мен өңірдің шын сыры да осы. Алайда біздің қалам иелерінің қалай айтуына байланысты. Мына заманның адамдары ақын өлеңінде айтылғандай болса екен деп тілемеске бола ма? Нұрмұқан бауырымның өлеңдері ұлтымыздың тап-таза қанымен, ақкөңіл жанымен, қарапайым, әрі сонша сұлу тілімен суғарылған деуге тұрарлық. «Отардағы ойлар» деген өлеңін оқыңызшы:

*«Қараңғы үй, қараңғы сай, қараңғылық.  
Барады-ау, бақытыңды таланды қып.  
Отарлап бармақпысың болашаққа,  
Бауырым, жанға түскен жараңды ұқ!»*

*Бұл тауда оқу қайғы, ойын қайғы.  
Телевизор, кино тіпті қойылмайды.  
Кеміреп қатқан нанын қарға шылап,  
Қойшының қарны бір күн тойынбайды...»*

Қазақ деген ұлттың тұрмыс тарихы жаратқан малын отарлап бағу сынды «Ата қонысынан қуалайтын» төңкеріс сипатты өлең тек Нұрмұқан қаламынан туып отыр. Сенбесеңіз, толығын оқып көріңіз!

Заманымыздың алып ақыны Мұқағали өлеңдеріне жазған пародиялары оқырмандарына көп жақтан ой салар, ләззаттанар деп ойлаймын:

Мұқағали:

*Ащы жсырым құйылса өтке барып,  
Ашырқанып алайда сөкпе халық.*

Нұрмұқан:

*Алтын болып ағылған асау жырды,  
Хан сөзіндей көтерді көкке халық.*



Мұқағали:

*Жарқ етіп сөнген жасындай,  
Өтуі мүмкін жақсы мен жақсы қосылмай.*

Нұрмұқан:

*Қай түкпірде жүрсең де, қай заманда жасасаң,  
Пенделер заңы осылай.*

Мұқағали:

*Өмірді қалай сыйласаң,  
Өлімді сондай жат көрме!*

Нұрмұқан:

*Құдайдан тілеп өлімді,  
Үйіңе бастап ап келме!*

Осылай кете береді. Ойың толқымай, тебіренбей тұра алмайсың. Тарих пен бүгінгіні матап ойламасқа еріксізсің. Нұрмұқан інімде жүрек те бар. Ол қаламын жалтақтап сілтеп көрген емес. Ол өлеңдегі философиялық ирімді талай ақын сықылды көркем жырды ақыл айтуға апармайды.

Біздің оқырмандарымыз Нүкең өлеңдерінен гүл көріп сергимін деп жүріп, гүл ішінен алтын тауып алуы ғажап емес:

*«Жыбырлап жүрген құртты да,  
Үстінен жаншып өткем жоқ.  
Қастық қылған бұлттыға,  
Қастық тұрмақ өкпем жоқ.»*

Немесе:

*Найзағай түссе жүрекке,  
Шамы деп тірлік қуандым.*



*Сәбилер тілі шыр етін,  
Өле ғой десе тіл алдым.»*

Әлемдік кеңдікпен, еңіреген нәзіктікпен айтылған сұлу жыр. Әрі мынадай жырлар біздің жарасымды қоғам, бейбіт дүние жаратуымызға аса пайдалы. «Жаздың қызығы қымыз. Көктемнің қызығы уыз» дегендей ақынның азаматтығы, адамдық психологиясы, жырлары бірін-бірі толықтап отырады да айтқанына көнгін келеді. Ақынның өзі де айтқанынан алыс кетпейтін жан екендігін жаратылысын бірге жүрген біздер біліп, көріп жүрміз.

*«Қуанам, жылап кетем елім десем,  
Көз жасым, қаным, терім төгілмесе.  
Боламын қалай ұлың, қайтып ақын,  
Нұр болып мен көгіңнен көрінбесем.  
Тұқым боп топырағыңа себілмесем,  
Егін боп жазығыңа егілмесем...»*

Мен сүйікті ақын інімнің сертке бермес сөздеріне сенемін. Қалғанын уақыт пен оқырман айтар.

*2007 жыл, қазан айы.  
Үрімжі қаласы.*





**Барат  
ТАБЫСБЕКОВ,**

*ақын,*

*Шынжаң Жазушылар одағының  
мүшесі*

## ПОЭЗИЯДАҒЫ ОЙ МЕН КӨРКЕМ ТІЛДІҢ ТОҒЫСУЫ

**Н**ұрмұқан аға екеуіміз Өртеkes аудандық (Мұңғұлкүре) партия комитетінің үгіт-идея бөлімінде 7 жыл бірге қызметтес болдық. Ағамыз маған басшы еді. Кейінгі жылдары арамыз алыс кетсе де жанымыз жақын жүрді. Жас айырмамыз алшак болса да, екеуіміздей сырласқан адам жоқтың қасы шығар. Сондықтан ағаның өмірі мен шығармашылығы туралы айтарым көп. Шын жақсы өлең шынайы шындықтан тұмақ. Шын жақсы адам елі үшін шырқырап жүрмек. Нұрмұқан аға кіммен болса да сырласып, достасып кете алады. Халық пен ұлтқа пайдалы болса болды, жұмыс таңдап жатпайды. Баламен де, данамен де, аулымен де, қаламен де араласып кетеді. Қазір жасы жетпістен асты. Солайда Өртеkes ауданына жұмыс бабымен, немесе туысшылап келер болса жан-жағымыз жиылып, дуылдасып жырғап қаламыз. Айналасын әңгімеге әзілге, күлкіге, әнге, қандырып жатады. Баяғы біз танысқан қырықтағы адамдай. Бірге жүрген елудей...



Баяғы сол калпы. Мен ширек ғасыр бірге жүріп Нұрмұқан ағаның біреудің ғайбатын айтып отырғанын көрмеппін. Ағамыз өзінің ғайбатын айқан адамды да елеусіз қалдыра салады. Бір күні осынын жәйін сұрағаным бар. Ағамыз күліп тұрып: «Жамандаған адамнан жан-жақтылы асып түссен, күндердің бірінде өз қатесін білетін болады. Жамандасумен адамдар жақсы бола алмайды», — деген еді. Нүкен өмірі бұл айтқанының шындығын дәлелдеумен болды. Нүкенге пендешілік еткендердің барлығынан озып шықты. Барлығымен достасып сырласып кетті. Ешкімнен ешкім кешірім сұрасып жатқан жоқ.

Біз ақынбыз ғой! Мен де өлең жазамын, өз жолым бар. Аға мені шабыттандыра ма, қолға ұстарым бар ма, әйтеуір мені мақтап жатады. Мен де мақтаймын. Ағаның поэзиялық жолының бір бөлек екенін, әсіресе ауыр ой мен көркем тілді қабыстыра төгіп, оқырманын өзіне тез баурап ала жөнелетін дарыны бөлек. Өз тұлғасы, өз жолы бар дара ақын.

Таяу жылдары Нұр-аға туысшылап ауданымызға келді. Көпшілік дастарқан жайып қарсы алдық. Сонда Нұр-ағаның бір шумақ өлеңі мен айтқан сөзін барлығымыз жабыла қойын дәптерімізге жазып алғанбыз. Нүкеннен Қазақ радиосының бір тілшісі: «Нүке-аға, Мұқағалиды жоғары бағалап құрметтеп, зерттеп жүр екенсіз. Үрімжіде Мұқағали кешін өткізудің бас дәріптеушісіз. Өзіңіз де ақынсыз. Ендеше, сіз Мұқағалидан үйренген ақынсыз ба?» — деп сұрапты. Сонда Нұрмұқан аға мынадай бір шумақ өлеңмен жауап берген екен:

*«Алланың алдына сап айдауы бар,  
Ақын болсаң өзіңнің байлауыңды ал!  
Мұқағали Хан Тәңірдің ақ бас шыңы,  
Қойнауында қыстау мен жайлауым бар.»*

Мен айтпақшы болған терең ой мен көркем тілдің тоғысуы осы өлеңнен табылып тұр. Төрт жолда төрт кі-



тап жатыр десек те болады. Бірінші жол, Нұр-аға өзі айтатындай «ақындықты алдымен Алла атайды». Немесе дарынсыз туған адамнан ақын шықпайды. Екінші жолы: Ақын болудың жолы. Үшінші жол: Мұқағалиға берілген құзар шың баға. Төртінші жол: Ақынның еңбек жолы, немесе тілші сұрауына жауап. Солайда бір ғажайып өлеңнің қалай туындағанын айта кетсем, тіпті ақын ағамызды ілгерлеп білуге көмегі тиетін сияқты.

1995 жылы сәуір айының басы. Қар еріп болған. Алайда жерге көк әлі шықпаған кез. Ел болып жұмылып ағаш отырғызу науқаны жүріп жатқан. Аудандық парткомның үлесіне Текес өзенінің «Азат көпіріне» баратын мемлекет тас жолынының жағалауындағы мидай жазық дала тиген. Сәскеге жақындағанда демалысқа үзіліс болды. Мен Нұр-ағадан калмаймын. Қайда болса, бірге болам. Оңашалау жерге барып, ала жүрген сусындықтарымызды ішіп, әңгіме дүкен құра бастадық. Екеуіміздің айтарымыз сол – әдебиет мәселелері. Сөйтіп отырғанда, көз ұшында ақ па, көк пе көйлек киген жаяу қыз көлденеңдеп өтіп бара жатты. Нұр-аға: «Иен далада мына қыз неге жаяулады екен?» – деп менен сұрай бастады. Мен әр түрлі әзілге бастым. Ал Нұр-ағаның өңі бірде қуарып, бірде қызарып сала берді. Мен тандана бастадым. Әлден уақытта маған қарап: «Барат, мен анау жаяу қыздың жүрісінен бір өлең жазатын болдым», – деді.

– Жазыңыз, – деп күлдім танданып. Жасы елуден асып барады, қызда несі бар екен деймін ішімнен. Одан ары не демекпін. Нұр-ағаның сөмкесінінен қағаз-қалам үзілмейтінін осында білдім. Менен аулақтау жерге барды да бір төмпешікке отырып, қағазын тізеге қойып, жаза бастады. Өте тез жазды. Еңбек үзілісі біткенше жазып болып, мені қасына шақырды.

– Өлеңнің қадірін білесің ғой, – деді. Мен бір рет оқып болып ағамызды танымайтындай бетіне бажы-



райып қарап қалыппын. Өленде жазықта кетіп бара жатқан жаяу қыз емес, адамзат әлемі жүріп бара жатқандай. Тіпті ішіне мен де кіріп кетіп бара жатқандай сезіндім. Күлетін, күрсінетін ойлар мен махаббаттың қыры мен сыры. Табиғаттың сұлу картинасы, бәрі бар. Терең, сұлу ойлар мен сұлу табиғат құшақтасып тұрғандай, күледі, мұң шағады. Сөзімнің дәлелі үшін «Бір ару бара жатыр айдалада» атты өленді негізінен толық келтірейін. Олай болатыны – әр шумақтың көтерер жүгі бөлек. Оқырманға берер ләззаты басқа-басқа:

*«Бір сұлу бара жатыр айдалада,  
Апыр-ай жол алды екен қайда ғана?!  
Желбіреп жел көтерген ақ көйлегі,  
Ойнайды желмен желпіп майда ғана.*

*Жапан дүз, жалғыз сұлу бара жатыр,  
Алдында кең көсілген дала жатыр.  
Барады күн жамбастап жайғасқалы,  
Бар сұра!  
Жайын ұқшы, бала батыр!*

*Ай ару барады екен несін іздеп?  
Бара ма туған-туыс, досын іздеп?  
Мастығы жас жандардың шөлдетті ме?  
Бара ма арманына шешім іздеп.*

*Бұрылып арман бұлақ ағысынан,  
Жан ба екен бақытының тағы сынған?  
Тірліктен жәбіршілік көрді ме екен,  
Жан ба екен сарамастан сағы сынған?*

*Мүмкін ол бет алдыма қуанғалы,  
Сарығын, сағынышын суарғалы.*



*Жігіттің құшағына аунай кетіп,  
Сүйісіп тірлігіне бу алғалы.*

*Жігітім тұрма қарап жанына бар,  
Жан керек қазір оның жанын ұғар.  
Адамның ақылына зәру шығар,  
Адалдық, көмек, достық, арына зар.*

*Бол жылдам!  
Қайда қалған жігіттігің?  
Басыңда тұрған жоқ қой бұлтты күн.  
Қыз көрсем қырық белден асып жүрген,  
Қалыпты-ау!  
Қайран жастық...(біліп тұрмын).*

Өлеңді оқып, ақынға қараудың орнына қыз кеткен жаққа қараппын. Ақын ағаның өлең-жүрегің әлгі қызға жеткізгім келген шығар! Әмірін орындайын дедім бе екен, оны өзім де білмеймін. Жапан дүзден әлгі қыз ғайып болған. Ғажайып ойлармен сұлулық тоғысқан ғажайып өлең жадымда жатталып қала берді. Міне, бұл ағамыздың өлеңді қалай жазатынын көзбен көріп, қолмен ұстағаным.

Ағамыз ақылия сөздерді де, ойлы көркем өлеңдерін де өмір майданынан алады.

Сол парткомда жұрып тағы бір өлеңнің жазылуына куә болдым. Күндердің бірінде «Өлген адамның жаманы жоқ, тірі адамның жамандаудан аманы жоқ» деп, халық айтқандай, тірілеріміз өлген бір адамды «Жақсы адам еді» деп, қабірге тапсырып жатырмыз. Нұрмұқан аға қабір басында тұрып, «мына қабірден бір жақсы өлең алатын сияқтымын», — деді. Естігендер жымыып күлдік те тындық. Ертеңінде «Қабыр басындағы ой» дейтін өлеңін маған оқып отырып өзі күрсінді. Үш шумағын келтірейін:



*«Тұйықтап топырақпен төңірегін,  
Жатырсың ел қорғаны небір ерім.  
Жылым жер бәрін жымдай жасырыпты,  
Топырағың торқа болсын,  
Егілемін.*

*Жерлікке тағы бір жан қатар келді,  
Тіріде ала көзбен атар елді.  
Оны да «Жақсы адам» деп жаптық бетін,  
Өтірік, шын жап-жақын жатар енді.*

*Ақыры бір төбеге жиылыпты,  
Тоймас көздер тойыпты құйылып құм.  
Ақырғыш, әкім жағы аяз бүркіп,  
Таңылып екі елі ақпен тиылыпты.*

(«Ақын жүрегі», 5-бет.)

Енді ел қорғағандар мен елді қорлағандар тып-тыныш қатар жатыр. Жағаласқан жаулар да солай. Өлеңге түсінік беру артық. Мынадай өлі мен тіріні қатар жатқызған өлеңді өз басым естіп, көргем жоқ. Ал тірілеріміз ағамыз сияқты тіршілікте өмірдің оң мен солын байқап жүргеніміз абзал екені дәлел.

Нұрмұқан Жанұзақұлы ағамыз поэзия саласында сонысы бұзылмған «Жайлау мен қыстау» тапқан ақын. Адамзаттың ақыл-ойын көркем поэзиялық тілімен айтады. Ағамыз қайбіреулер сияқты ақыл айтам деп ұйқасты мақалаларға айналдырып жібермейді. Оған біз жоғарыда айтып өткен жеке өлеңдері ғана емес, көлемді дастандары мен поэмалары дәлел бола алды. Қазірге дейін 15 дастан, поэма, балладалар жазыпты. «Зұлқарнайын патшаның мүйізі» атты көлемді дастанында зұлым патшаның басына мүйіз шығады. Патша мүйізін жасырамын деп, істемеген зұлымдығы мен



залымдығы қалмайды. Алайда Тәңірдің қарғысы тиіп, мүйізді жасырған сәлдесін қара құйын ала қашып кетеді. Ең соңында ел алдында маскара болады. Патшанын қан-ішерлігі де, қулығы да, залымдығы да «мүйізін жасырып қала алмайды. Көз алдыңнан мына дүниедегі талай қылмыстар мен әзәзілдіктер шұбап өтеді...».

«Шолпан туралы аңызда»: Алланың бұйрығын атқаруға барған қос періштенің азғындауын, олардың қылмысқа бату барысын баяндайды. Оқып отырып қазіргі қағамның теріс бейнесі тізіліп көз алдыңнан өтеді. «Көрден табылған хат», «Дос батыр оның баласы», «Төсектегі түс» балладасы қатарлылар қазірге дейін ешкім жол тартпаған әсерлі тақырыптар. Барлығы арнайы зерттелетін шығармалар.

Мен Нүке-ағаға арнаған бір өлеңімде: «Аға-іні болсақта, артық өстік құрдастан», — деп жазған едім.

Нұрмұқан аға Үрімжі қаласында тұрған он жылында болсын, мейлі Қазақстанға қоныс аударғаннан кейін болсын, екеуіміздің тағы да сол баяғы достығымыз күшейсе күшейді, әлсіреген жоқ. Нұрмұқан аға Қытайға келерінде мемлекет шекарасынан аттаған соң-ақ, Нүкеннің тағы бір жақын досы, қадірлі ағамыз Жұмағали Мұқайұлына (*аудандық тұрақты комитеттің меңгерушінің орынбасары*), одан соң маған телефон соғады. Кездесеміз, баяғы таусылмас әңгімелер басталады. Өмірді де, өзін де өртеніп сүйген ақын ағамыз, ақыл ағамызбен айызымыз қанғанша әңгімелесіп жырғап қаламыз.

Жылы есімде жоқ. Бір тобымыз Өртекестің көшесінде жаяулап келе жаттық. Жүкен жасы тақау болған соң замандаспын деп әзілдерін айта береді.

— Әй Нүке, өзін де желпініп, мақтанып сөйлейсін. Ақындығыңды да алға тарта бересін. Мына көшенің





қызыл шырағына жақындап қалыппыз. Осы қызыл шырақты қосып бір шумақ жақсы өлең құрашы! Сыйлығымыз дайын! — деді. Аға көп іркілген жоқ:

*«Көтеріп жүр басыңды,  
Қайырып артқа шашыңды.  
Алды-артыңа байқай жүр,  
Жолың қызыл-жасылды.»*

Тындармандар үнсіз қалды. Жүкенде сөз жоқ. Әлден уақытта есін жиып: «Жаныңда жүрсек те сені толық түсінбеген екенбіз. Ұрпақтарымыз осы айтқаныңды орындаса екен...»

— Ширек ғасырдан бері ағаның жаныңда жүріп ақтарылған аппақ көңілін, армандарын, тұрмыс ережесін, қызмет жауапкершілігін, өмір мен өлімге деген көзқарасын, наным-сенімін түсінемін-ау деген мақсатпен «ағамыз кім еді?» деген сұрауға мақалам арқылы оқырманға айтамын. Алайда оны ақын ағамыздың өзінің қаламы сөйлемек. Ақынның жан дүниесі:

*«Ақ тілеулі туған ел, түсін мені,  
Орындайын өңіңді, түсіңді де.  
Махаббатта, арманда күшім менің,  
Елім десем еңіреп жүрген жанмын,  
Алтын болып ағатын ішімдегім.  
Елім, ұлтым, отаным, өскен ортам,  
Қалауыңа қашанда ұшыр мені!»*

Отаны, ұлты, елі жөнінде осылай опырып айтса, енді өмір сүрудегі мән мен мақсаттарды оқып көріңіз:

*«Өмір деген аққан су,  
Қайта айналмас артына-ай!»*



*Борыш деген тіккен ту,  
Көтермектің қиыны-ай!  
Тау болсаң да көтердім,  
Жау болсаң да жеңемін.  
Өмір сенің өріңде,  
Нұрмұқан боп өтемін.  
Өкпелемен өмірге,  
Өкпелейтін не теңім.  
Масыл емен өмірге,  
Өмір менің жетегім!»*

Ақын ағамыз өлеңінде айтқандарын өмірінде орындайтын ерекше адам. Қазақстанда «Ан Арыс» баспасынан шыққан «Өткен із бен күткен арман» атты дастандар топтамасының алғашқы бетін ашқанда, беттің дәл ортасында бір шумақ өлең тұр.

*«Өмір деген досым-ай!  
Жаздым сені осылай.  
Өмірді сүй адамдар.  
Көлеңкеңнен шошымай.»*

Ақынның жас шағының алғашқы он жылы жазықсыз жазалаумен өтсе де ақын өмірге өкпе айтқан жоқ. Мысқылдап қойып алға тартып барады.

*«Бұл өмірдің апыр-ау несін алғам?  
Күшігімде-ақ қуалап есімді алған.  
Қу дүниенің аузына құмын құйып,  
Тағдырымды байлаудан шешіп алғам.»*

Жала мен пәленің құрығы мойнынан түсе сала өлең мен өмір салмағын тең ұстады. Ол ол ма, 8 баланы бағып-жетілдіру міндетімен бірге ұстаздық, басшылық



міндеттерін абыроймен атқарып жүрді. Ер жігітке қырық өнер де аз екен, ақындыққа әдебиет сыншылығын, қоғам зерттеу мен қоғам зерттеу тақырыптарын қосып алды. Ұлтының сапасын өсіруге не керек болса, қаламы соның барлығына барды.

*«Қуанам, жылаймын мен елім десем,  
Көз жасым, қаным, терім төгілмесе,  
Боламын қалай ұлың, қайтып ақын,  
Жыр болып көңіліңнен көрінбесем,  
Гүл болып өміріңе егілмесем.*

*Емес-ау өлімді ойлау сырапшылық,  
Туған соң топырағымды тұрақ қылып.  
Бақиға қажет күні аттандырап,  
Сүйікті «ақыным» деп жылап тұрып.»*

Осылай төгіліп кете береді. Ақын өлеңінде де, өмірінде де өз бағдар мақсатын орындады.

2000 жылдардың басында ақын алғашқы арманына жетті. 4 ұл, 4 қызы Үрімжі қаласында 7 отау, Құлжа қаласында бір отау көтеріп Шынжаң қазақ тарихында қазақтардың қалаласуына көш бастады. Дәл осы 8 жыл ішінде Бейжің Ұлттар баспасы мен Шынжаң халық баспасынан дастандар топтамасы мен жырлар жинағынан 4 кітабы жарық көрді. Асыл армандар мен жанкешті еңбегі жеміс беріп халықтың қажетіне жарады. Ол олма, 2008 ақпанда Үрімжі қаласында екі елдің қонағын шақырып, дүрілдетіп «Күз жыры» атты шығармашылық ән кешін өткізді. Армандар орындалады. Шынжаң телевизиясы аға өмірі жөнінде «Жан сыры» атты құжатты фильм түсірді. Нұрмұқан аға тілшінің сұрауына жауап бергенде: «Қаламымның алдында балаларым



тұрады» деген болатын. Ол Қазақстанда топ жарған кітабы «Бір ауыз сөзім — мың ділда» атты кітабында:

*«Әкеде де әке бар,  
Баласы үшін жан берген.  
Тағы бір түрлі әке бар,  
Балаға тек нан берген.  
Тағы бір түрлі әке бар,  
Олар ұқсас мал менен», —*

деген болатын. Тіл тимесін деңіз, қазіргі әлемдегі ең үлкен әсем, экологиялық қала Алматыда 6 отау, Астана қаласында 3 үш отауы бар. Отау болғанда қандай кілең сайдың тасындай. Қазақтың отаулары ағамыздың отауларындай бола берсе шіркін! Әлгі «мың ділдаға» бергісіз кітабында ағамыз «Баланы бастау әкеден, Баланы баптау шешеден» дерін қайтерсің. Балалары үшін «балтаның жүзіменен жүріп өткен» қамқор, ақын әке балаларын отаны мен ұлты үшін дайындаған екен. Балалары, балаларының шешесі үшін де ел есінен кетпес өлеңдер жазды. Қазақ сүндет тойының той сәні болған «Балаларым» әнінен бірер шумақ оқиық:

*«Балаларым, ертеңімің,  
Жанымның бөлшегісің.  
Арманымның ертеңісің,  
Ұмтылшы, ұмтыл балам,  
Болашақ ертеңнің көркемі үшін.*

Жеңешемізге:

*Көл болса менің көңілім,  
Сен болмасаң толмайды.  
Гүл десем менің өмірім,  
Сен болсаң мәңгі солмайды.*



*Әр минутым, әр күнім,  
Сен болмасаң болмайды.  
Сүйген жүрек әмірі,  
Күйін солай толғайды.»*

Жетесіне жеткізіп жыр жазу деген осылар. Сонда ағамыздың мінезі қалай? Оған да өз өлеңінен жауап табайық:

*«Байқадың ба, көңілімді көкем аға,  
Күліп жүрем, ойлар жоқ бөтен ала.  
Алақтау мен жалақтау, аласатсыз,  
Бәрімізге жетер тау, жетер дала.»*

*Күліп жүрем, менде жоқ жабық қайғы,  
Аулақ кетсін кешегі ғарып, қайғы.  
Күле алмайтын құлқыннан азат жанмын,  
Сол себепті көңілім тарықпайды.»*

Немесе!

*«Жыбырлап жүрген құртты да,  
Үстінен жаншып өткем жоқ.  
Қастық қылған мықтыға,  
Қастық тұрмақ өкпем жоқ.»*

*Жапырағын төксе бәйтерек,  
Өтті деп өмір жыладым.  
Бір шыбық өнсе ертерек,  
Құдайдан соны сұрадым.»*

Міне, өзінің шын өмірін шымыр тілді, көңілі гүлді өлеңдермен ширатады келіп. Біз барлығымыз Қасым Аманжоловтың «Өмір сырын» оқып өстік. Өмірге «өмір



сырынан да» күштірек, тереңірек өлеңдер Нұрмұқан қаламынан бүгінгі ұрпаққа келді деп айта аламыз.

Нұрмұқан ағамыз неге басынан асып жатқан жан-ұясындағы, мектептегі ұрпақ тәрбиесі (*25 жылын ұстаздыққа арнады*), қарбалас қызмет бабынан асып неге қартайса да қаламын тастамайды? 60 жастан асканнан кейінгі 6 жыл уақытын жұмсап, ұрпақ пен ұлттың психологиялық оқулығы іспетті, 11 тарау 1300 ақылиядан құралған «Бір ауыз сөзім – мың ділданы» жазып шықты. Жетпістің аржақ-бержағындағы Алматыдағы жеті жыл ішінде ақ тер, кара терге түсіп баспадан төрт кітап шығарса, Қазақстан басылымдарында көлемді 30 сын зерттеу мақала жазып, оның 14-і Қазақстандағы ірі басылымдар: «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Түркістан», «Қазақ елі», «Жетісу» қатарлы газеттер мен «Жұлдыз», «Бүркіт», «Мөлдір бұлақ», «Қазақстан медицинасы» қатарлы журналдарында жарық көрді. Қазақ батырлары мен шежірелік қазақ тарихын зерттеген мақалалары 5 томдық жинақтарға енді.

Нұр-аға кәрі жанды осынша неге қинайды? Оның жауабын тағы өз жүрегінен іздейміз.

*«Мүмкін біздер армандарға жетерміз,  
Армандарға жетпей де өтіп кетерміз.  
Ұрпақтарға бере алмасақ еш нәрсе,  
Бұл тірлікке бекер келген екенбіз.»*

Немесе:


*«Тірлікке мақтан емес келгендігің,  
Кім кетіп бұл дүниеге келмеді кім?  
Тірлікте өлеріңді ойламасаң,  
Шыны сол тірі тұрып өлгендігің.»*

Мынадай өлеңдер болар-болмас адамдық сезімі мен ойы бар адамды түршіктірмей қоймайды Бұдан



іздеген сұрауымызға жауап таба аламыз. Ақын ағамыз, ақыл ағамыз «Ділда» (қысқартылды) атты кітабында ақымақты төртке бөліпті: «Жас болса қартайтынын білмейтін ақымақ. Дені сау болса өлетінін білмейтін ақымақ. Билік алса кететінін білмейтін ақымақ. Қартайса өлетінін білмейтін ақымақ». Біз Нұр-ағаға әзілдеп: «Балаларыңыз анау, не жетпей жүр, қартайғанда қу жаныңызды қинап?...» — десек, Нүкен-аға: «Мен өз сөзіме тоқтауым керек қой! Төртінші ақымақ өзім болып қалмаймын ба?!» — дейді. Өлендері мен ойлары тоғысқан, көркем тілі шебердің бояуындай жұғысқан Нұрмұқан Жанұзақұлын өз ерекшелігі мен өз орнын тапқан заманымыздың ойшыл ақыны десек, айтқан сөзіміздің де өз орнын тапқанын мақтан ете аламыз.





**Қапас ӘСЕЙІНҰЛЫ,**

*жазушы,*

*Шынжаң Жазушылар одағының мүшесі,*

*аға редактор*

## ӨЗІН ДЕ, ӨМІРДІ ДЕ ЖЕТЕКТЕУШІ

*(Сапар естелігі)*

**2**016 жылы мамыр айында Алматы қаласындағы Сүлеймен Демирель атындағы Қазақ-түрік университетінің шақыртуымен филология ғылымының профессоры, жас ғалым, Шынжаң-Санжы педагогикалық институтының аға оқытушысы, профессор Серік Мұстапаұлы екеуіміз, филология ғылымдары жөніндегі конференцияға қатынастық. Осы байланыспен қазір Алматы қаласында тұратын белгілі қаламгер, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, Шынжаң Жазушылар одағының, Іле Қазақ автономиялы облысы Жазушылар одағының мүшесі, тағы да талай қоғамның мүшелігінде жүрген көпке таныс ақын, айтулы әдебиет, қоғам сыншысы, ағартушы, ұлт тарихын зерттеп, шежіресін жазып жүрген қоғам қайраткері Нұрмұқан Жанұзақұлының жанұясымен хабарластым. Нүкенмен ширек ғасырдан бері үзенгі жолдас, дос едік. Телефонды



Нүкеннің өзі алды. Екеуіміздің дос көңіліміз үшін бе, әлде туған жерге деген сағыныштан ба, балаша мәз болып кетті. Үйдің мекен-жайын бастырмалата айтып, дереу от жаққан мекенін көруімізді өтінді. «Алматы қаласы, Алатау ауданы, Аккент шағын ауданы, 25 үй, 22 пәтер. Райымбек данғылы мен Момышұлының қиылысы...»

Айтқан мекен-жайдағы үйіне бардық. Алдымыздан аңқылдап өзі жүгіріп шықты. Жасы 70-тен асып бара жатса да мен көріп жүрген сол баяғы Нүкең өні мен түсі, мінезі өзгермепті. Менімен бірге жүрген кезде шашын қап-қара етіп боятып алатын. Қазір шашы ақ күмістей ағарып, сұйықтапты. Өзі айтатын бір өлеңіндегі: «Шаш кетсе де әйтеуір бас кетпесін, бір бассыздың қолында жетегінде» дегендей қайраты қайтпапты. Ұшып-қонып жүр, күліп тұратын қалпы.

Мен Нұқанды құшақтап тұрып:

— Өте жақсы тұрыпсыз. Жас тұрсыз ғой! — дедім әзіл-шыны аралас.

— Өзін де өте жақсы тұрыпсын. Мен екі ене емген төлмін. Құлпырып тұруға тиіспін, — дейді ештеме білмегендей.

Біз келгенше қонаққа не керектің барлығын дайындап болған. Өзі мен кішкентай немересі ғана бар екен. Немересі «Ассалаумағалайкум» деп амандасты. Тәрбие деген тәрбие ғой деп ойладық.

— Сізден басқасы? — деп танданып сұрадым. Нұқан жәйін айтты. — Кешіріңдер! Үйде менен басқалары әр түрлі жұмыспен сыртта. Кемпірім Астанадағы балалардың үйіне кеткен. Келін Қытайда сауда сапарында. Балам түндегі концерт, тойлардың сахнасын безендіруші. Ештеме етпейді. Қазақтың жазасы бір қазан ет. Сенімен іш жарылғанша әңгімелесуім керек.

— Мұныңыз қалай? Сіз, — деп тандандым, — бекер келіппіз, сізді осынша қинап.



– Келмей қоятынынды біліп, осылай істедім. Іздегенің мен ғой! Мына Серік інімді де сыртынан еститінмін. Бізге осындай мақтана алатын жастар керек.

Мен танысқан, 1995 жылдары Нүкен Моңғұлкүре аудандық партком үгіт бөлімінің орынбасар бастығы, әрі аудандық руханият комитетінің кеңсе меңгершісі еді. Әрі екеуіміз де «Шынжан» газетінің ерекше ұсыныс еткен тілшісі болатынбыз. Алуан басылымдарда өлендері мен мақалалары басылып, оқып тұратынмын. Әсіресе, қоғамдық сын мақалаларына қатты қызығатынмын. Жан-жағына жалтақтамай жазатын. Газеттерде жарияланған «Ерді намыс өлтіреді», «Бұл арада ток зорекерлеріне қашан тиым салынады?», тағы басқалар. Сол арада бүкіл Шынжанды елең еткізген «Шынжан авангарды» журналынан «Екі женін кимегендер елге кесірін тигізеді» атты мақаласын оқыдық (*Кейін ханзу тіліне аударып, партия журналдарына басылды. Мемлекеттік екінші дәрежелі марапатқа ие болды*). Мен осыдан кейін-ақ Нүкенмен танысып, достасуға құмар болып жүргем. Өзінің ықыласы да менімен бірдей екенін айтыпты. Ақыры жолым болып, 1997 жылы «Шынжан» газетінің тілшілерінің басқосуының кезекті жиыны Өртекес ауданынында (Моңғұлкүре) ашылды. Бір күн әңгімелесіп, ертесі күнінен бастап, Нүкен әзілге бастап кетті. Нүкен әзілді жанынан шығара салады. Әзілдің әкесін Нүкен 1999 жылы Мори ауданында ашылған тағы осындай жиында көрсетті. Нүкен қызметті қалт жібермей мұқият істейді екен де, демалыс уақыттарының барлығы мәні де, сәні де бар әзілге толы болады екен. Жолдастарын күлдіріп те, ойландырып та жүреді.

Сол кездегі Мори Қазақ автономиялы ауданының бас әкімі Қабыл Мошанұлы тілшілер үйірмесін Моридың Сарысерке жайлауына бастап апарды. Баратын сапарында Нүкен екеуімізді өз көлігіне отырғызып алды. Жолға



шыға салып, мен Нүкеңе: «әзіл айтып жол қысқартып бер!» – деп қолқаладым. Әрі Нүкеннің жалпы жағдайын әкімге таныстырдым. Қабыл мен Нүкең екеуі сөйлеспей-ақ түсінісіп қалған сияқты. Нүкең сөз бастады:

– Қапас-ау! Екеуімізге жарасқан әзіл ел басшыларына жараса бере ме? «Үрлей салып көзің қандай» дегеніміз ұят, – дейді қуланып. Қабыл да әзілмен өнерге желіп тұрған басшы ғой! Алдыңғы орындықта отырған Қабыл әкім мойнын бұрып:

– Ағасы, қазақ әзілді хан мен караға бөлген емес. «Әзілің жарасса атаңмен ойна» деген емес пе? Әкімдік артта, кеңседе қалды айта беріңіз!

– Жарайды, мен келістіріп бірді айтамын. Сіз маған Құрманбек пен Жамалканның ерекше айтысын жатқа біледі екенсіз, соны айтып беріңіз!

Нүкең әзілді де ойдан жасай салатыны бар. Қабыл әкімнің шофері сол кезде біз құралпас жігіт болатын. Шоферді бір байқап алды да бастап кетті.

«Біздің жақта да сіз сияқты бір әкім болған. Әкімнің іргелес ауылда бір сұлу көңілдесі бар екен. Келіншек ауылдан шалғайлау жерде болса керек. Ол келіншекті шофері тасып жүреді екен. Бір күні әкім шоферді алқымға алып жатыр дейді: «Иттің баласы, әкел десе өстіп әкелесің бе?» – деп. Бізді күлкіден өлтіре жаздады. Әкім де уағдасында тұрды. Нүкең айтысты естіп күліп-күліп алды да: «Айтыс қазақтың нағыз ен-таңбасы ғой! Қазақ деген ұлттан басқа, әлемде кім осындай айта алар!?» – деп тербеліп, тебіреніп кетті...

Нүкең өз үйінің дастарқанын жаюға екі бойжеткенді жалдап алыпты. Енді біздің де арқамыз кеніп қалды. Нүкең ел амандығын сұрауға көшті, тағы ең алдымен сұрағаны Қабыл Мошанұлы болды. Сөз ортасында: «Мен бақытты жанмын. Шынжанда сендер сияқты достарым көп. Барлығын сағынамын. Үрімжіде

тұрғанда мені қаламдастарым алақанына салды. Анау Қожай Доқасұлы Бекмұқамет Мұсаұлы, Тәліппай Кабаев, Тоқтасын Батырқанұлы, Әбдіманап Әбеуұлы, інілерім Қызайжан Сейліқожаұлы, Әскербек Дүмішұлы, Болат Талашұлы, Рақымқожа Токтақынұлы қатарлы азаматтар болмаса, мен кім едім? Үрімжінің төрінен жетер мақсатыма жетіп, жеті отау көтере алар ма едім? Алла маған өз талантымды берген десем де анау Жакып Мырзақанұлы, Бексұлтан Кәсейұлы қатарлы ағаларым менің Бейжіңде әдебиет сыны туралы көптің назарын аударған мақаламды оқуыма мүмкіндік жаратты. Шәмис Құмар қатарлы інілерім Жонгоны аралап, көз аямды кеңейтуіме қамқорлық жасады. Әр дәрежелі Жазушылар одағымен мәдениет, ғылыми қоғамдарына мүше болдым. Анау Әлімжан Нұрғазыұлын айтпаймысың, «өлеңдерің көңіліме ұнайды аға» дей жүріп, тұңғыш кітабым «Армана-айды» баспадан шығарып, арманымның есігін ашып берді. «Шолпан туралы аңыз» атты дастандар жинағымның Ұлттар баспасынан шығуына қамқор болды. Ал, анау Бақытқан Біләлұлы мен өзін ше?! «Шораяқ тілші» деп маған ат қойып алып, қаншама қазақ ғалымдары мен еңбек адамдарын бірге араладық. Айта берсем, менің Үрімжідегі он жылым «хан» мен қарасы болып, ханзу-қазағы болып мені түсінген, қолдаған он жыл екен-ау! Мен кешегі ғасырдың 90-жылдарында, Жунгонің жүз озат аудан партком секретарының бірі, менің басшым (Моңғұлкүре аудандық партком секретары), мен Үрімжіде тұрғанда Автоном районның саяхат мекемесінің орынбасар бастығы Ли Шужуаң жолдасты әлі сағына еске аламын. Он жыл ішінде үш бірдей кітабым жарық көрді. Екі рет шығармашылық сыйлық алдым. Шынжаң телевизиясының 3-8-арналары арт-артынан таныстырды. «Шұғыла» журналы өзімнің журналым, «Шынжаң» газеті өзімнің газетім болды. Еңбектерім



шыға салып, мен Нүкене: «әзіл айтып жол қысқартып бер!» – деп колқаладым. Әрі Нүкеннің жалпы жағдайын әкімге таныстырдым. Қабыл мен Нүкең екеуі сөйлеспей-ақ түсінісіп қалған сияқты. Нүкең сөз бастады:

– Қапас-ау! Екеуімізге жарасқан әзіл ел басшыларына жараса бере ме? «Үрлей салып көзің қандай» дегеніміз ұят, – дейді қуланып. Қабыл да әзілмен өнерге желіп тұрған басшы ғой! Алдыңғы орындықта отырған Қабыл әкім мойнын бұрып:

– Ағасы, қазақ әзілді хан мен қараға бөлген емес. «Әзілін жарасса атаңмен ойна» деген емес пе? Әкімдік артта, кеңседе қалды айта беріңіз!

– Жарайды, мен келістіріп бірді айтамын. Сіз маған Құрманбек пен Жамалқанның ерекше айтысын жатқа біледі екенсіз, соны айтып беріңіз!

Нүкең әзілді де ойдан жасай салатыны бар. Қабыл әкімнің шофері сол кезде біз құралпас жігіт болатын. Шоферді бір байқап алды да бастап кетті.

«Біздің жақта да сіз сияқты бір әкім болған. Әкімнің іргелес ауылда бір сұлу көңілдесі бар екен. Келіншек ауылдан шалғайлау жерде болса керек. Ол келіншекті шофері тасып жүреді екен. Бір күні әкім шоферді алқымға алып жатыр дейді: «Иттің баласы, әкел десе өстіп әкелесің бе?» – деп. Бізді күлкіден өлтіре жаздады. Әкім де уағдасында тұрды. Нүкең айтысты естіп күліп-күліп алды да: «Айтыс қазақтың нағыз ен-таңбасы ғой! Қазақ деген ұлттан басқа, әлемде кім осындай айта алар!?» – деп тербеліп, тебіреніп кетті...

Нүкең өз үйінің дастарқанын жаюға екі бойжеткенді жалдап алыпты. Енді біздің де арқамыз кеңіп қалды. Нүкең ел амандығын сұрауға көшті, тағы ең алдымен сұрағаны Қабыл Мошанұлы болды. Сөз ортасында: «Мен бақытты жанмын. Шынжанда сендер сияқты достарым көп. Барлығын сағынамын. Үрімжіде





тұрғанда мені қаламдастарым алақанына салды. Анау Қожай Доқасұлы Бекмұқамет Мұсаұлы, Тәліппай Қабаев, Тоқтасын Батырқанұлы, Әбдіманап Әбеуұлы, інілерім Қызайжан Сейліқожаұлы, Әскербек Дүмішұлы. Болат Талашұлы, Рақымқожа Токтақынұлы қатарлы азаматтар болмаса, мен кім едім? Үрімжінің төрінен жетер мақсатыма жетіп, жеті отау көтере алар ма едім? Алла маған өз талантымды берген десем де анау Жакып Мырзаканұлы, Бексұлтан Кәсейұлы қатарлы ағаларым менің Бейжіңде әдебиет сыны туралы көптің назарын аударған мақаламды оқуыма мүмкіндік жаратты. Шәміс Құмар қатарлы інілерім Жоңғоны аралап, көз аямды кеңейтуіме қамқорлық жасады. Әр дәрежелі Жазушылар одағымен мәдениет, ғылыми қоғамдарына мүше болдым. Анау Әлімжан Нұрғазыұлын айтпаймысың, «өлендерін көңіліме ұнайды аға» дей жүріп, тұңғыш кітабым «Армана-айды» баспадан шығарып, арманымның есігін ашып берді. «Шолпан туралы аңыз» атты дастандар жинағымның Ұлттар баспасынан шығуына қамқор болды. Ал, анау Бақытқан Біләлұлы мен өзің ше?! «Шораяқ тілші» деп маған ат қойып алып, қаншама қазақ ғалымдары мен еңбек адамдарын бірге араладық. Айта берсем, менің Үрімжідегі он жылым «хан» мен қарасы болып, ханзу-қазағы болып мені түсінген, қолдаған он жыл екен-ау! Мен кешегі ғасырдың 90-жылдарында, Жүңгонің жүз озат аудан партком секретарының бірі, менің басшым (Моңғұлкүре аудандық партком секретары), мен Үрімжіде тұрғанда Автоном районның саяхат мекемесінің орынбасар бастығы Ли Шужуаң жолдасты әлі сағына еске аламын. Он жыл ішінде үш бірдей кітабым жарық көрді. Екі рет шығармашылық сыйлық алдым. Шынжаң телевизиясының 3-8-арналары арт-артынан таныстырды. «Шұғыла» журналы өзімнің журналым, «Шынжаң» газеті өзімнің газетім болды. Еңбектерім





олардың беттерінде он жыл «ойнақ салды». XX ғасырдағы қазақ жазушылар қатарына да ендім... Қысқасы, Үрімжі мені он жыл алақанына салды. Қыспақта өткен жастық шағымның есесін алып берді. Ал менің өмір жоспарымды, досым саған айтайын!

Нүкең толқып, жылау мен қуанудың ортасында отырды...

– Ән салғым келіп отыр! – дейді де ол ойын қайтып алды.

– Бәрекелді, салыңызшы!

– Бір ән айтамын. Тоқталып барып айтамын. Әннің сөзі де, музыкасы да, орындаушысы да өзім. Үрімжімен қоштасу әні. Бірақ аты «Қоштаспаймын», қоштасу дастарқанында айқанмын. Сендерді сағынғанда айтып жүремін.

Серік екеуіміз не дерімізді білмей, аузымыз аңқайды. Таңғалдық, «бәрекелді, бәрекелді» дей беріппіз.

– Жоқ алдымен бір өлең оқимын. Өлеңімнің аты «Өмір деген не деген?» Ол бастап кетті.

*«Өмір деген не деген,  
Желмаядай желеген.  
Сорым неткен тебеген,  
Бақытым неткен береген,  
Бәрін көріп келем мен.*

*Өмір деген — аққан су,  
Қайта айналмас артына-ай!  
Борыш деген тіккен ту,  
Көтермектің қиыны-ай!  
Жау болсаң да жеңемін,  
Тау болсаң да көтердім,  
Өмір сенің өріңде,  
Нұрмұқан боп өтемін.*



*Өкпелемен өмірге,  
Өкпешілер не теңім.  
Масыл емен өмірге,  
Өмір менің жетегім...»*

Өлеңі өз өмірінің картинасы еді. «Аузынан қағынды» деп, «Мәдениет төңкерісі бұрыс жолға түсті» деп айтты деп, тағы басқа пәле-жала жабылып, 21 жастағы уыздай жас жігітті қызметінен қуалап, түрменін есігін де көрсетіп қайтарды. Ол ақиқаттын алдына салып, алысып жүріп қалпына келгенмен «Бір шықса жаманатын жақсы атай ма?» дегендей алыс ауылдың түкпіріне айдалып кете барды. Қызметін қызығып істейтін Нүкен бала-шаға бағудың қамымен, өмірлік арманы болған қаламынан бір мезет алыста қалып қойды. Өмірді өлердей сүйетін азамат ақыры 1984 жылы «баласын оқыту» мақсатымен ауылдағы мектеп директорлығы мансабын тастап, аудан орталығына көшіп келді. Ананы айт та мынаны айт, Нүкен сол арада да өзіне біткен таланты мен дарынын көрсете алмады. Бұл Нүкеннің қайран жалынды жастығынын жарымынан көбі ысырап болып кеткен кезі еді. Ол «Елуге келдім» атты өленінде:

*«Елу жылды өз басым жасағам жоқ,  
Ырызғысын жас шақтың асағам жоқ.  
Ырызғысын жас шақтың жейін десем,  
Таспен ұрып талдырды тасадан кеп...»*

*Атқа қондым, жас ақын секілденіп,  
Арман қайта қасқайды, кекіл керіп.  
Жиырмаға жасымды есептей сал,  
Өмір сүйгіш ақынның отын көріп.»*

(«Арман-ай». 88-бет.)



Нүкең Қабыл Мошанұлын тағы сұрады. Меніңше Қабылдың сол бір ауыз өлеңі адал, шын көңілдің өлеңі еді. Онда ән мен өлеңді ауданның бас әкімі тұрмақ ауыл әкімінің көпті бастап емес, көппен бірге ән айтып отырғанын көрмеппін. Әкімдер көңіл көтергісі келсе, әншілерді «малайлыққа» шақырып алады.

— Ей Қапас! Ей Серік! — деп бізді өзіне қаратып алды да:

— Сендер білгенмен сезбейсіндер! Күнде бірге жүр емессіңдер ме!? Тыңдашы! Қабылдың осы бір шумак ән-өлеңдерін білуге тиісті сыр бар карашы!

*«Сарысерке, сенің басың ұларлы шың,  
Әнімнің мен арнаймын құнарлысын.  
Алысқа сұлтан болып кетсем-дағы,  
Өзіңе дайым бұрып тұрады ішім».*

Біздің арамызда еліне бүйрегі бұрып тұратындар қанша бар екен, деп күрсінді.

Мен сол тақырыпты ары қарай жалғадым:

— Нүке, сол тілшілік сапарымыздағы Моридың өзбек ауылына барғанда жанқалтадан ала салып айтқан өлеңінді айтшы, — деп қолқаладым.

— Не деген тәтті өмір еді, — деп кең тыныс алды Нүкең. Нүкеңнің тілшілік шеберлігі де ерекше. Сикқыры бар ма? Бірдемде сол өзбек ауылының адамы болды да кетті. Өзбек ауылына барғанда дастарқан басына жеткенше өзбектердің бұл араға қалай келіп, қашан қоныстанғанын, қазіргі тұрмыс-күйлерін, ұлттық салт-санасын, тіл-мәдениет жағдайын ауыл бастығы мен басқалардан ұғып алыпты. Ұлттық әдет деген күшті ғой! Өзбек ауылы сауда, егіншілік, бағбаншылық еңбектен қазақтардан ілгері тұрады. Өзбектерден әйелді қайдан алып, қызын қалай ұзататынын да біліп үлгерген. Өзбектер қайын жұртым



болғандықтан мені қатты құрметтейтін. Әрі қазақтар салты бойынша маған әзілдесетіндері аз емес еді.

Дастарқанның бір белесіне барғанда мен Нүкене: — Айтыс ақынысыз, қайын жұртым сізге өзбектен әріптесті тауып бере алмайды. Мына өзбек ауылы, өзбектер туралы бірер шумақ тастанызшы, — дедім. Ойында дайындығы бар сияқты. Қазақтың қара өленінің ырғағымен бастап жіберді:

*«Өзбек деген не деген батыр халық,  
Бәйгені бұл Моридан жатыр алып.  
Ұмытып кетіңіздер өз ұлтыңды,  
Қойнына қарындастың жатып алып», —*

демесі бар ма!?

Барлығы қыран-топан күлкі. Өзбектер мақтауын алса да, қызарақтап қалды білем, бір орынбасар ауыл бастығы: «Ағасы, мына күйеудің сырын біледі екенсіз. Қапастың қалай екенін айтып беріңізші!» — деп қиылды. Нүкен қонақ иесінің де көңілін қайтарған жоқ.

*«Қаламгер, адал мінез, түзу келген,  
Дарыны оза шапқан ұзынды елден.  
Өзбектердің тәлейі үстем екен,  
Қапастай хан жігітке қызын берген.»*

— Жарайды, дәл айттыңыз, енді күлейік, күйеудің жіберген бір жері бар шығар, — деп шуылдасты өзбек жігіттері. Көңілге болмаса, мен де қыпылдап қалдым. Алдыңғы күні кеште Нүкен екеуіміз бір бөлмеге жатқанбыз. Өкіметтің қонақасынан кейін жатақта жатсақ түнгі тойдан тараған ұйғыр әйел мұғалімдер: «Қапас әпендім, біз білән азырақ бірге болун!» — деп болмай сүйрелеп әкетіп, түннің бір уағында оралған жәйім бар.



Міне, ойлаған жактан жел шықты:

*«Оқыста жаңылады дарынды адам,  
Басқа емес кешкі жүріс мәлім маған.  
Ұйғырдың сұлулары сүйреп кетті,  
Өзбектер деп ұйғырды тани алмай».*

Кейінгі жылдары өзбек ауылына бара қалсам, өзбек ауылындағылар езулерінен күлкі кетпей Нүкенді сұрайды. Мен де күліп жәйін айтам.

Дастарқанда сөзге ініміз Серік Мұстапаұлы араласты. – Нүке-аға, кешірініз! Әнізізді айтарсыз! Алдымен жаз жаныңыздың түкпірін сұрағым келіп тұр. Мен сізді бұрыннан танымын. Әрі оқырманыңызбын. Қазақ еліне көшіп келіпсіз. Көшкенде қандай, Үрімжідегі, Құлжадағы 8 отауыңызды бастап, өзіңізді аялаған алақанды, шалқыған тұрмысты, балаларыңыздың мемлекет органдарындағы орнын тастап көшіп келіп алдыңыз. Осыны қалай түсінеміз?

– Шырағым, бұл сұрауды «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Александр Тасболатов сұраған. 2013 жылы қазан айында ҚХР мен ҚР-дың мәдениет ауыстыру қимылының соңғы бөлімінің концертті Үрімжідегі Халық залында өтіп жатты. Тасболатов екеуіміз алдыңғы қатарда бірге отырып қалыппыз. Сөз арасында концерт залына қойылған шырақ пен АЛЕИД (сахна сәулеті) менін Ербосын деген баламның компаниясінікі екендігін айттым. Әлгі тілші маған таңдана қарап: «Осыншама жақсы тұрмысты тастап неге көшесіңдер?» – дейді. Мен қайтара сұрақ қойдым. «Сендер неге тәуелсіз боласыздар?» Осыдан кейін бұл мәселені жүйелі түсіндіру керектігін ойладым да мемлекеттік газет «Айқынға» сұхбат бердім. Ең алдымен Жоңғо коммунистік партиясының тура ұлттық саясатының



арқасында қазақ ұлтының тіл, дін, салт-санасын, ұлттық ерекшеліктерін сақтап отырғандығын айта келіп, көшу адамзат шындығы екенін, ұлтын шын сүйетін ұлт зиялысының осылай істеуге тиіс екендігін, Жоңғоның атом ғылымының атасы Щяншосын 1950 жылы ел азат бола салып Америкадағы көл-көсір тұрмысы мен зерттеу орнын тастап, алуан қауіптер мен қастандықтарды, кедергілерді жарып өтіп туған топырағына оралды. Мен Щяншосын бола алмасам да Щяншосіннен үйренуіме неге болмайды?» – дедім сұхбатымда.

Мен туған отаным Жоңғоны сүйемін. Өмір бойы отаныма адал қызмет істеп бердім. Мен өзімнің ұлтымды сүйемін. Адамзатты сүйемін. Солайда өз ұлтын сүйе алмаған адамның отанын сүйемін дегені өтірік. Меніңше сүю деген ұғым, ең алдымен өзін сүюден басталмақ. Сондықтан ұрпақтарымды ата топырағыма жеткізуді қаладым. Мен қай топырақта өмір сүрсем де туған, өскен жерім Жоңго үшін сөйлеуді, қызмет істеуді бос қалдырмаймын. Әрі солай істеп жүрмін. Бір жылдың ішінде әлденеше рет туған жеріме барамын. Үрімжіден көшкенде де өскен, туған жерімді қимай көп қиналдым. Балаларымның алды көшіп кетті. Енді барып оларға көз-құлақ болуым керек. Осы сөздерімнің айғағы үшін Үрімжідегі қоштасу дастарқанымдағы айтам деген әнімді айтып берейін!

Нұрмұқан аға толқып отыр. Қайта-қайта: «Қапас, сендердің келгендерің қандай жақсы болды. Шаршап жүргем. Шаршағаным басылып, ішім бір босап қалатын болды», – деді де әнді бастап кетті. Құдай-ау, бір ысылған музыкант пен әншінің айтары. Мәтіні мынау:

*«Күйіп-жанып, кей-кейде қалады ішім,  
Туған жерім, өскен ел қаламысың.  
Әке болсаң бәрі де балаң үшін,  
Баласы үшін тағы ұшты-ау, қара құсың.»*



*Аударылдым Алатау бөктеріне,  
Қадіріңе ел, жеттім бе, жетпедім бе?!  
Өкпелімін өмірдің өткеліне,  
Қуанамын қолымның жеткеніне.*

*Қоштаспаймын, сендермен қоштаспаймын,  
Қоштасқалы қолымды ұстатпаймын.  
Елім мені түсінді, мен де елімді,  
Өздерің мен қуаныш ұқсас қайғым.*

*Өмір деген батар күн, аққан бұлт,  
Жүрегімді түсін ел жатқан күліп.  
Өкпелеткен, өрлеткен өздеріңсің,  
Ал өздерің жібергін аттандырып.»*

Ән барлығын айтып тұр. Ән тоқтады, үшеуара үнсіздік биледі. Нүкеннің бетінде әжімдер ойнайды. Мұн бар. Мен тақырыпты бұрып кеттім.

– Жаңа қонысыңыз құтты болсын! Ақ жүрегіңізді ақтарып отырсыз. Сіздер мен біз Үрімжіде болған он жыл ішінде балаңыз Ербосын мен оның «Жаңа әуен» компаниясы ел үшін талай өнімді жұмыстар тындырды. Қазақстанмен мәдениет алмастыру, «Қара жорғаның» эстрадалық түрін дамытты. Мектеп ашып, неше мыңдаған жастарды өнер мен ғылымға баулыды. Мұқағалидың кешін өткізді, тағы басқа... Айтуыңызға қарағанда, ол да әзір өзіңіз сияқты «екі енені бірдей еміп» жүр екен. Өзіңіз не тындырдыңыз?

Бұл арада үшеуіміз де желпініп қалған болатынбыз. Әңгімесін өлеңмен бастады.

*«Тірлікке мақтан емес келгендігің,  
Кім кетіп, бұл дүниеге келмеді кім?  
Тірлікте өлеріңді ойламасаң,  
Шынымен тірі тұрып өлгендігің!»*





Жасым жепістен асып барады. Мен көшіп келген кезде алпыстың жуан ортасында болатынымын. Мен үшін уақыт өте қысқа. Мен үшін арысы адамзатқа, берісі ұлтқа, ең керекті еңбек етуім, айтарымды айтып калуым керек. Мен мақтанар ұлы еңбек – «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты кітабымның өмірге келуі. Үрімжіде жүргенде бастаған едім. Алматыға келгеннен кейін казак біреу болғанмен өмір ұстанымы екеу болып шықты. Өзгерістерді зерттей отырып, қайта жаза бастадым.

2015 жылы, жыл басында өз қаражатыма, «Бір ауыз сөзім – мың ділда» деген атпен «Ан Арыс» баспасынан көпшілікке ұсындым. Шыға салып оқырманның назарын аударды. Сыншылар мен ғалымдардан алты адам алғыс мақалаларын жазып, баға берді. Жыл соңында Мәдениет және спорт министірлігі тарапынан «Қоғамның әлеуметтік тәрбиесіне пайдалы кітап» деп танылып, 2200 тиражбен мемлекеттегі қажетті орындарға таратылды. Ақысын да берді. Биыл «Өткен із бен күткен арман» деген атпен «Ан Арыс» баспасынан дастандар мен поэмалар жинағым жарық көрді.

Қазақстанның қазақ әдебиетінде де сын саласы жұтап тұр. Мен көшіп келгеннен кейін казак әдебиетінің жұтаң саласына атсалысуды ойластырдым. Өзім дегенім өзім, осы әдебиет сыны қосынға адам ретінде де, қалам жағынан да батылдықпен араласуды бастап кеттім. Ақындығымды таныстыру үшін істі Мұқағали Мақатаев поэзиясын зерттеуден бастадым. «Қытайдағы Мұқағали поэзиясы» дейтін тақырыпты талдап алдым. Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығында Жоңғодағы Мұқағали поэзиясының ықпалы туралы «Аспандап ұшқан ақ сұңқар» атты көлемді әдеби-очерк жазып, Қазақстандағы сын жолымды бастадым. Мақалам «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланды. Ақынның 80 жылдығында «Мұқағали халықаралық қор» қоғамының төрайымы,



Мұқағалидың келіні Бақытгүл екеуіміз Алматы қаласы мен Алматы облысы көлеміндегі 20-ға тарта мектептер мен әскери бөлімдерге барып, Мұқағали поэзиясының қыры мен сыры, Жонго оқырмандары жөнінде лекция жасадым. Олар «Бүркіт» және «Мұқағали» журналдарында жарияланды. Мұқағали жөніндегі Жонго және Қазақстандағы еңбектерім үшін Алматы қаласындағы Мұқағали атындағы №56 мектеп-гимназиясы Оразакын Асқар, Тұманбай Молдағалиев және Мұқағали ұлқыздарының қатарында шапан жапты, — деп аға шалқып, балқып отыр.

— Өзіңіз де мақтаншақтың өзі едіңіз, — дедім күліп.

— Менің Аят деген ұстазым болған. Сонда сен сияқтыларға «Аят білгеніне мақтанады, білмесе несіне мақтанады» дейді екен. Мен де солардың шәкірті болдым емес пе? Ал мақтанды десен, кеттім ары. Өткен жылғы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына шақырылдым. Әрі Тараз қаласындағы Қазақ-түрік қыздар институтында кездесу өткіздім. Қазақ ұлтының мақтаныштарымен бірге болдым, әңгімелестім. Осыған қарағанда, мен де жақсы адамның бірі сияқтымын. Үшеуіміз күліп алдық. Мен ойланып қалдым...

— Ары қарай жүре беріңіз!

Қызынып алған Нүкең ағамыз ат тізгінін жияр емес.

— Қаламгерде де ақыл, жоспар болу керек. Жасым болса жарқабаққа таяп келеді. «Атың шықпаса жер өрте» дейді ғой халқымыз. Әлсіз түйінді шешуге алдымен ұмтылайын дедім де істі сыннан бастап кеттім. «Жығылсам нардан жығылайын», асау тайдан бала жығылар оны кім байқайды дедім де, алдымен Қазақстан сыншыларының көш бастаушысы Бақыт Сарбаламен достық байланыс жасап, әдебиет сынының ауқымы жөнінде сыр бөлістім. Өзімнің ой жоспарларымды айтып, қолдау таптым. Сонымен екі жылдың ішінде көлемді үш кітапқа үш баға жаздым. Бірі — Ділда Матайқызы Тасмағамбет



келінінің «Айналайындарым менін» атты кітабына жазған «Ұлт пен ұрпақтың қамын жейтін қаншауымыз бармыз?» («Қазақ елі» газетінде), екіншісі Нұрлан Оразалиннің үш томдық өлеңдер жинағынан іріктеп алған, Шыңжаң жастар-өрендер баспасынан шыққан «Ғасырмен қоштасу» атты кітабы үшін «Тұғыры биік, тұлғалы жыр» («Түркістан газеті) және бірі, «Жұлдыз» журналының бөлім редакторы, жазушы Заря Жұманованың «Біз іздеген әлем» атты әңгімелер жинағына баға «Өмір және жазушы» («Қазақ әдебиеті» газеті), «Қара жорғаны қазақтар неге бөтенсиді?», «Қытайдағы қандастар ақ ниетпен көшуде» (екеуі де «Айқын» газетінде) жарияланды.

Мақалаларымда туған отанымды мақтасам мақтадым, кейбіреулер сынды даттағаным жоқ. Қазақ радиосы мен газет-журналдарға 10 рет сұхбат бердім. Университеттер мен мектептерде 6 рет кездесу өткіздім. Қазақ тарихына байланысты халықаралық конференцияда лекция оқыдым. Әрі зерттеу мақалаларым кітаптарға енді. Мен туралы Еуразия телеарнасы «Соңғы көш» атты құжатты фильм түсірді. «Қазақстан-1» ұлттық арнасы екі рет сұхбат алып, үш рет «Айтуға онай» бағдарламасында басты кейіпкер боп отырдым. Қысқасы, қазақ қоғамына, адамзатқа, ұлтқа пайда беру мақсатымен араласып кеттім. Менің Қазақстанда өтіп жатқан жылдарым, тарихи отаным мен туған отанымды теңдей сүю, екеуін теңдей жырлау, екі ел достығын әспеттеу барысы еді. Мен осы алты жылда, ұлтын сүю, екі ел ынтымағын қорғауға тырыстым. Әлі жарық көрмеген, кітапқа дайындап отырған сын-зерттеу мақалаларым да баршылық.

– «Шұғыла» журналының биылғы 4-5 нөмірлеріне қатарынан жана өлендерім жарияланыпты. Өлендерімді оқып берсем бола ма? – деді сұраулы жүзбен.

– Бүгін сіз қалай күтіп алсаңыз да, «қазаншының өз еркінде, қайдан құлақ шығарса». Қалай екен, «Шұғы-



ла» екі санға арт-артынан басу, — деп таңғалысымды таныттым.

— Тәлейліге таңғалма! Мүмкін өлеңдерімнің де таңғалатын тұсы табылып қалар.

Өлең оқылып жатыр. Асын ішіп асыра мақтады десе, оқырман өз бағасын айтар. «Шұғыладағы» өлеңдері біздің Шынжаң қазақ әдебиетіндегі өрісі басқа өлеңдер екен. «Өзіме де рахмет» деген өлеңі мені катты баурады. Мына өлеңінде акынның жан дүниесінің түкпіріндегі айтары бөтен жолмен айтылған. Әр шумағы бірінен-бірі асып тұр, 8 шумақтың 4 шумағымен көппен бөлісейін:

*«Өмірдің өткен ізі білінбеген,  
Қалдың ба? Қайран жастық күлімдеген.  
Төсіңде торы тұлпар шауып барад,  
Сүріндірем десе де сүрінбеген.*

*Өлетін болсам-дағы аштан бүгін,  
Болмапты тірі жанға қастандығым.  
«Көп дұшпан көре алмаған не демейді»  
Тұнығын лайламаппын бастауымның.*

*Себебін сан қиырдан таратқанда,  
Іздерсің дарыннан да, талаптан да.  
Айналам, әкем, шешем, ұлтымнан да,  
Мың алғыс мені осылай жаратқанға.*

*Тәңірдің құдіретін сезінемін,  
Етене болып өстім өзіңменен.  
Алланы да, адамды алдамаған,  
Рахмет айтамын өзіме де».*

«Өкпеледім» деген өлеңінің басы:

*«Аңсап жүрсем әділ бидің айбынын,  
Мен аңсағам әділдіктің қай күнін?»*



*Өз құлынын өзі шайнап тастайтын,  
Қайдан шыққан бұл қазымыр айғырың, —*

десе, ортасында:

*«Сүйем сені амалым не?  
Сүйіктім!  
Сүйгенімнен тарттым талай күйікті.  
Астау толы ақ көңілдің айранын,  
Тар ыдысқа лақылдатып құйыппын», —*

дейді.

Мен өзіне өзі серт беріп, өзінің өмірінің бағыт-бағдарын жасап, сол сертін орындап жүрген дарын иелерін көп көрсем де көңіл аспанымдағы бір жұлдызым осы Нүкең болса керек. Өмірдің ащысы мен тәттісіне тең шыдайтын, осы шындықты өз аузынан естіп отырмын.

«Өмір деген...» өлеңімен бұрынырақ таныс едім. Тап бүгінгідей қатты әсер алмаған сияқтымын.

Ақын сыншы, қоғамтанушы Нұрмұқан Жанұзақұлы өз сертін орындап келеді. Нұрмұқан боп өтіп келеді. Өзінде, өмірді де жетектеп келеді. Өз кіндігінен тараған 4 ұл, 4 қыз — 8 отаудың 3-еуі Қазақстан елінің қасиетті астанасы Астана қаласының төрінде, 5-еуі мың жылдық алып қала Алматы қаласының төріне жайғасыпты. Өздері кәсіп тауып шалқайған тұрмыста. Нүкеңнің ұрпақ тәрбиесіндегі елден ерек еңбегі Шынжаң телевизиясының 3-арнасы мен 8-арнасының «Бәйтерек бағдарламасында «Жан сыры» деген тақырыппен талай рет таныстырды.

Бүгінгі айтарымыз — Алматы түнінің бір күндік сыры ғана.

Аман бол аға!



**Бақытқан БІЛӘЛУЛЫ**

«Шынжаң ғылым-техникасы» газетінің  
бас редакторы

## АЛТЫНДЫ АЛДЫМЕН БІЗ БАЙҚАҒАН ЕДІК

«**Б**ір ауыз сөзім — мың ділда» атты кітапты алдымен біз байқаған едік. Бұл әңгімені айтар бұрын, Нүкен ағамен танысу, түсінісу, достасу жәйін айтайын.

Біздің «Шынжаң ғылым-техникасы» газетіміздің тілші, редакторларымыз әр жылы жылдың соңғы жарымында ғылым-техниканы ауыл-қыстақтарға насихаттау, газет таралымын көбейту мақсатымен Шынжанның ауыл, аудандарына барып бір ай жұмыс жасаймыз. Осындай мақсатпен мен 1995 жылы жазда Іле Қазақ автономиялы облысының Өртеkes (Моңғұлкүре) ауданына бардым. Жұмыс бабы үшін сол ауданның аудан басшысына барған едім, аудан басшылары сол кезде Өртеkes ауданындық парткомның үгіт-насихат басқармасының партия яшейкасының хатшысы әрі орынбасар бөлім басшысы, аудандық рухани өркениет кеңсесінің меңгерушісі қатарлы үш міндетті қатар жүктеп жүрген ағамыздың тындыратынын айтты. Өртеkes





ауданы Үрімжі қаласынан мың шақырым шалғайдағы шет таулы аймақ. Қазақстан Республикасының қазіргі Райымбек ауданымен (бұрынғы Нарынқолмен) іргелесіп жатады. Мен басқа жұмыстарымды реттедім де Нүкенді іздедім. Күн жексенбі еді. Қонақ үйде бекер жатқым келмей, Нұрмұқан ағаның үйін сұрай-сұрай таптым. Барсам... мақалалары мен өлеңдерін оқып, таудай көріп жүрген адамым далада жеңгіміз Дәшен Дошыметқызына көмектесіп, үйіндегі еденге төселген төсеніш текеметтің шаң-тозаңын қағысып жүр екен. Барғаным аяғыңсызданып қалдым. Мені көріп аға-жеңге екеуі де жұмысын тоқтатты да үйге бастады. Үйдің іші қым-қиғаш. Бір бұрышын босатып, шағын дастарқан әзірледі. Дастарқан үстінде білгенім: жеңгіміз бастауыш мектепте ұстаз екен де, үй шаруасына ортақ сияқты. 4 ұл, 4 қызы бар екен. Олардың жүгін көтерудің өзі де бір ерлік сияқты. Алдыңғы екеуі университетке аттанып, қалғандары әлі ауыр жұмысқа қолғабыс тигізе алмайды екен. Нүкен әзілдеп «қатынбашша емеспіз, алайда ұрпақ үшін, жеңген үшін үй жұмысының не түрі болса да тең көтеріміз», – дейді жайрандап. Нүкенмен бір сағатқа жетпейтін уақыттың ішіне-ақ әзілдесе бастадық. Шайдан кейін Нүкен-аға ауылдарға баруға жиналды. Мен аң-таң қалдым.

– Жанұяңызды осылай ашық-шашық тастап кете бересіз бе? Жеңгем ше?

Нүкен аға күліп кетті...

– Алаңсыз бол, күйеу бала! Ол менің Албан руына күйеу екенімді сұраншақтап жүріп біліп алған. «Ұрының қатыны өзіне лайық». Жеңгенді өзіме лайықтап алғам. Менің «Шынжаң» газетіндегі «Егінші-малшыларды ғылым-техника арқылы тәрбиелеу керек» дейтін мақаламды оқымағансың-ау деймін, базұң (басекенің қытайша айтылуы).





Бүгін менің ой арманымның бір бөлігі алдыма келіп тұрмай ма? Жанұям орнында тұрады, сен кетіп қаласын ғой... Мен Нүкең-ағаның ауыл адамдары үшін аузындағыны жырып беретін ұлтжандылығын оның сөз әрекетінен лезде түсіндім.

Өзімді ақтап жатырмын.

– Мен сізді бүгін көргенмен, сіздің еңбектеріңізбен ертеден таныспын. Сіз біздің сүйікті авторымызсыз. «Шынжаң» газеті, «Іле» газеті» және біздің газетіміз сияқты басылымдарға басылған «Ерді намыс өлтіреді», «Егінші-малшыларды ғылым-техникамен баулу керек», «Базар шаруашылығы және адам сапасы» қатарлы биік-биік ой толғаған мақалаларыңызбен сізді Жоңго қазағы таниды, – деймін.

– Мақтағаның бар болсын, мақтанатын іске кірісейік. Ауылдарға түсіп, қазақ егінші малшыларға ғылым, білім сабағын насихаттайтын орай келді. Әсіресе әлгі ел бастадым деп жүрген басшыларға, – дейді.

Сонымен, ауылға баратын шарқыш автобустарға отырып, ауылдарға кеттік. Ауылға барған соң ауыл әкімдерінің көлігіне жармасып жүріп он ауыл фермаларды, қыстақтарды, бірде тапқан көлікпен, бірде атпен, бірде жаяу-жалпы араладық. Талай рет жанбырдың да астында қалдық. Нүкеңнің өзіндік қоғамдық орны мен беделіне куә болдым. Ауыл адамдары бізді қатарласып тұрып қонаққа шақырады. Басшы да, бұқара да айтқанына бас шұлғып тұр. Нұсқаушылық етемін деп келген менде бас шұлғудан аса алмадым. Ғылым жөніндегі білетін білімі мен адамдық қасиетінің кемелділігіне сүйсініп жүрмін. Газетке жазылу – дйттеген мақсатқа жетпек түгіл газетіміз тарихында бір аудан бойынша ең жоғары көрсеткіш орындалды. Өртекес (Монғұлкүре) ауданы сол жылы газетімізге жазылуда Шынжандағы аудандар бойынша алға шықты. 3 мың таралымдық көрсеткіш орындалды!



Мен Өртеkes ауданынан қайтатын кезде ауданда «Шынжаң ғылым-техника» газетінің ғылымды жалпыластыру пунктін құрдым да, пункт басшысына Нүкенді ұсындым. Нүкен өзіне көк тиын пайдасы жоқ, әуресі бастан асар жұмысты күліп тұрып қабылдап, «Халқына пайдалы, өзіне пайдасыз істерді тек халықтың қаһармандары ғана мойнына көтереді» дегенді айтты. Әрі айтқанын орындады. Сол жылдан кейін, қашан Нұрмұқан Жанұзақұлы жұмыстан зейнеткерлікке шыққанға дейін қалам тербеуден болсын, газетке жазылудан болсын, Өртеkes ауданы Шынжаңның алдыңғы қатарынан көрінуден жаңылған емес. Менің бұл жұмыстарды айтпағым, осы мақалаға қойылған тақырыпты айқындау еді. Әрі сол күндері-ақ Нүкен осы заманға үйлесетін жана сөздер мен жана мақал-мәтел жарату ниетін білдірген болатын. Есімде қалғандары Қазақстанда басылған, әрі мемлекеттік тапсырысқа кіргізілген «Бір ауыз сөзім – мың ділда» кітабының алғашқы мазмұндары еді. Мен сол кезде байқадым да, бұл кітаптың алғашқы ішнара мазмұндарын газетіміздің «Өнегелі ойлы сөз» айдарын ашып, Нүкеннің өнегелі, ойлы жана дәуірлік мақал-мәтелдерін бір жыл бойы газетімізде жарық көргендігін мақтанышпен айтуымызға болады. «Алтынды» таныған алдымен біз едік.

Мен Өртеkestе 8 күн бірге болған сапар барысында Нүкенмен сырлас-дос болып кеттік. Маған бала тәрбиесі туралы да, өмірдің қызық-шыжықтары туралы да, адамның мінез-құлқы туралы да, ғылым-өнер, білім-мәдениет туралы да көп сөздер айтқан.

Нұрмұқан аға 2000 жылдың басында сұранып зейнеткерлікке шығып, Үрімжі қаласына көшіп келді. Алайда Нүкен-аға зейнеткерлікке шықпаған екен. Нағыз ел жұмысына енді кіріскен болып шықты.

Менің айтарым: «Бір ауыз сөзім – бір ділда» деген атпен алғаш газетімізге жарияланған ақылияларымыздың




Қазақстанда «Бір ауыз сөзім – мың ділдаға» қымбаттап, бағалы кітап болып тұсауы кесіліп, оқырман алқауына бөленгенін естіп, құттықтау ретінде осы мақаламды жазып отырмын.

Қапас Әсейін (*«Боғда» атты әдебиет журнал мен «Ғылым және өнер» атты журналдардың бас редакторы, жазушы*) екеуіміз тілшілік сапарда Нүкеңнің пайдасын көп көрдік. Нүкең-ағамен бірге осы бір тіс қаққан «шораяқ тілшіні» ертіп талай талай-тарлан ғалымдарға, басшыларға, тілшілік сапармен барғанымыз мәңгі ұмытылмайды.

Нұрмұқан ағаның өзіндік жуналистік ерекшелігі бар. Ол шебер шумерлік тілі арқылы обектіні күлдіре отырып, ішіндегісін ақтартып алады. Сөзге сараңдары қалай шешілгенін өздері де сезбей қалады. Айта берсек, сөз аяғы көп.

Мақалам арқылы қолынан талай дәм татқан жеңгеміз бен ағамыздың шаңырақ көтергендігінің 50 жыл толуымен құттықтаймын! Аға-жеңгеме зор денсаулық тілеймін. Қадірменді аға, сіздің сіз және сіз сияқты ағалардың ақылы сарқылмасын дей отырып, кітаптарыңыздың тұсауы кесіліп те шешіліп, ұлттың ұрпағына мол мұра қалдыра беріңіз! Жаза беріңіз! Қаламыңыздың қарымы қартаймасын!



## Күнделіктерімнен

*2009 жыл, 4 маусым.*

«Боғда» журналы мен «Іле жастары» журналдарында жарияланған, маған арналып жазылған арнау өлеңдерді күнделігіме көшіріп жазып отырмын, кейбіреуін киып шаптап жүрмін. Бұлар өткен жылғы шығармашылық кешімде оқылған өлеңдер еді. Бұл өлеңдер өмірімнің таңбасы, дәлелі, оқырманымның ойлары мен ықыласы ғой!

Бұрын да жастардың маған деген арнаулары басылымдарда бар еді. Оқып қана қоя салғам. Не деген салақ, жауапсызбын десеңші! Мына ұстаздарым мен достарымның арнауларын өзіндей көріп, оқып жүрейін. Күнделігім мен күндеріме көрік, жан жабырқағанда жанашырым, демеушім болар. Бұл арнаулар менің өмірімнің шындығы емес пе?

Халқым, оқырманым, елім-жұртым ақ тілегіннен, сен мені, мен сені сүйген жүректерден айналайын!



\*\*\*

***Нұрмұқан Жанұзақұлының Қытай елінде өткен шығармашылық кешіне арналған құжаттар, құттықтаулар, телеграммалар, арнаулар (жиыны 57 дана, сақталған нұсқалардың маңыздылары көшіріп жазылды.)***

## 1

*Іле Қазақ автономиялы облысы  
әдебиет-көркем өнершілер бірлестігінің құжаты  
ІҚАОӘКБ Құжаты Нөмі 2007.№ 24*

*Бекіткен басшы:  
Абдықай Мәженұлы (ОӘКБ-нің төрағасы)  
Нұрмұқан Жанұзақұлы жолдастың әдебиет  
жасампаздығының шығармашылық кешін өткізу туралы.*

Қатысты тарауларға!

Автономиялы облысымыз құрылған 50 неше жылдан бері, партиямыздың әдебиет пен көркемөнерге жасаған жетекшілігінің аркасында облысымыздың әдебиет-көркемөнер жұмыстары көңіл толарлық табыстарға жетті. Көптеген көрнекті әдебиет-көркемөнер қайраткерлері жетісіп шықты. Міне, солардың бірі, әрі көрнектісі – Нұрмұқан Жанұзақұлы. Ол Өртеkes ауданының үгіт-идея жұмыстарын басқарған кезде болсын, одан кейінгі демалыс мезгілдерінде болсын әдебиетіміздің поэзия, сын, зерттеу салаларында елеулі еңбек етті. Оның алуан жанрдағы шығармалары Жоңғо қазақ оқырмандары арасында өзіндік беделге ие.

Нұрмұқан Жанұзақұлының шығармалары бірнеше рет мемлекеттік, өлкелік, облыстық үздік туындылар қатарында бағаланды. Қазірге дейін үш кітабы баспадан шықты.



Нұрмұқан Жанұзақұлы облысымыздың әдебиет көркемөнері үшін өшпес үлестер қосты. Біз облыстық әдебиет көркемөнершілер бірлестігінің партия тобында талқылап, шығармашылық кешті 2008 жылы 2-айда өткізуді мақұлдадық. Кештің аты «Нұрмұқан Жанұзақұлы жолдастың әдебиет-көркемөнер сауық кеші» деп аталып, еліміздегі азұлт жазушыларының еңбектеріне мол табыс тілейміз. Партия мен өкіметіміздің тіректі жұмыстарын мұқият тындырумен бірге әр сала жұртшылықтың Нұрмұқан жолдастың сауық кешіне белсене қатысуын сұраймыз.

*Іле Қазақ автономиялы облыстық әдебиет-көркемөнер бірлестігі. 2007 жыл, 11-айдың 20-күні.*

## 2

*Моңғұлкүре аудандық партком мен Халық өкіметінің құттықтау хаты.*

Қарымды қаламгер, белгілі ақын, ағартушы Нұрмұқан Жанұзақұлы сіздің 40 жылдық қажырлы еңбегіңіздің жемісі, қара ормандай халқыңызға сыйлаған мол рухани байлығыңыздың куәсі іспетті «Күз жыры» атты шығармашылық кешіңіздің орталық қаламыз Үрімжіде салтанатпен ашылғандығын, сіздің табаныңыздың мөрі қалған, тағдырыңыздың ыстықсуығын бірдей көрген, ұлы топырағыңыздағы Моңғұлкүре аудандық партком мен халық өкіметі сізді қызу құттықтайды. Әрі осындай келелі шараны бас болып ұйымдастырған Іле Қазақ облыстық әдебиет-көркемөнершілер бірлестігіне, ШҰАР музыканттар қоғамына, Шынжаң телевизиясының 3-және 8-арналарына,



Үрімжі қалалық «Жаңа әуен» концерттік компаниясына ерекше алғыс айтамыз.

Сіз қоғам табалдырығын аттаған алғашқы күннен бастап ауданымыздың білім және идеология саласында қарқынды еңбек етіп, көп жұмыстарды тындырдыңыз.

Моңғұлкүредегі әр ұлт халқы сізге разы, әрі Моңғұлкүредегі әр ұлт халқының мақтанышысыз. Сонымен бірге партияның таңдаулы кадрлық міндетіңізді қалтқысыз орындадыңыз.

Сіз қоғамдық жұмыстардың ауыр жүгін арқалай жүріп әдебиет, көркемөнерде өз талантыңызды жанқиярлықпен сәулелендіріп мыңға тарта әр түрлі жанрда, халқымызға пайдалы шығармалар жазып, жарияладыңыз. «Арман-ай», «Ақын жүрегі», «Күз жыры» атты өлең-дастандарыңыз оқырманның қолында. Баспадан шығу алдында тұрған сын-зерттау кітаптарыңыздың жөні бір төбе. Ал ауданымыздың ақпарат саласына сіңірген еңбегіңіз айырым атап өтуге татитын бөлек дүние. Демек, сіздің халқыңызға берген рухани нәріңіз ауданымыздың мақтанышына айналып отыр.

Қадірлі Нұрмұқан Жанұзақұлы, аудандық партком мен өкімет және халқынз сіздің деніңіздің сау болуын тілей отырып, қаламыңызға күшті қарым тілейді. Сіздің осы толысқан шағыңыздан тағы да жемісті еңбектер күтеміз!

**Шығармашылығыңыз шұрайлы болсын!**

**Басыңызға әрдайым бақыт құсы қонсын!**

*Құрметпен:*

*М.К. аудандық партия комитеті;*

*МК аудандық халық өкіметі;*

*МК аудандық партком үгіт бөлімі.*

*2008 жыл, 2-айдың 15-күні.*





*Ескерту:* Аутком мен өкімет шығармашылық кешке он адамнан ұйымдасқан, аудандық парламенттің орынбасар төрағасы Жұмағали Мұқайұлы бастаған үйірме жіберіп қатынастырды. Әрі бір жақсы аттың ақшасын сауға етіп, ақынға ат мінгізіп, оқалы шапан жапты.

### 3

#### *Моңғұлкүре аудандық мәдениет-дене тәрбие мекемесінің құттықтау телеграммасы:*

Нұрмұқан Жанұзақұлының «Күз жыры» атты шығармашылық кешінің ұйымдастыру алқасына!

Белгілі ақын, сыншы, қоғамтанушы, ағартушы Нұрмұқан Жанұзақұлы ауданымыздың рухани өркениетіне, жүйеден ұлтымыздың рухани өркениеті мен мәдениетіне еселі үлес қосқан төл тумамыз. Ол талай жылдардан бері қарбалас қоғамдық жұмыстармен айналыса жүріп өзінің ақындық, сыншылық ерекшелігін тынбай сәулелендіріп, өмірдің әр қырынан қалам тербеп келеді. Нұрмұқан тек сыншы ғана емес әдебиет пен ұлт тарихын зерттеуші. Оған оқырман қолындағы кітаптары мен алуан басылымдардағы зерттеу мақалалары куә.

Ақынның қылыштай қылпылдап тұрған, тепсе темір үзетін жас шағында «мәдениет төңкерісі» дейтін адамзат мәдениетіне қарсы зобалаң кимыл басталып, оның арынын алқымдап, жалынын жасқан тұнық жырларының бастауын лайлаған болатын. Тек партиямыздың 11-құрылтай 3-жалпы мәжілісінен кейін қаламын қайта қолына алып, шығармашылығын шынға қарай жетеледі. Ысырап болған жылдардың бодауын толтыру үшін, ол күнді түнге жалғап, жапалы енбектеніп келеді. Қазіргі «Күз жыры» шығармашылық кеші осының айғағы.



Демек, Нұрмұқан Жанұзақұлы бейнетті күндердің болауына келген зейнетті күндерінде партия, өкіметке, өскен ел, туған халқына үлкен борыштылық білдіріп «Күз жыры» шығармшылық кешін оздырып отыр деген сөз. Біз аудандық мәдениет-дене тәрбие мекемесіндегі барлық қаламгер саптастары мен жұмысшы-қызметшілер қаламгерімізді қызу құттықтаймыз және қаламынан халқы мен ұлты үшін ұлағатты да ұлы шығармалар туатынына сенеміз.

*Құрметпен: Моңғұлуре аудандық халық өкметінің мәдениет-дене тәрбие мекемесі.  
Мекеме бастығы: Ержан Әбілғазыұлы  
2008 жыл, 2-айдың 16-күні.*

### 3

*Нұрмұқан Жанұзақұлының 2008 жылы 8 ақпанда өткізілген «Күз жыры» атты шығармашылық кешінде ХНР республикасы Жазушылар одағының алқа мүшесі, ШУАР әдебиет-көркемөнер бірлестігінің орынбасар төрағасы, Жазушылар одағының төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, әлем қазақтарының көрнекті жазушысы Шәміс Құмарұлының кешті құттықтап, Жұңго қазақ қаламгерлері атынан білдірген лебізі:*

Қайратты қаламгер Нұрмұқан Жанұзақұлы ағамыз өзінің дара талантымен ешкімнің сүйеп-демеуінсіз, мынау өр-енісі көп заманда тап-таза кіршіксіз өсу жолымен мынадай үш биікке өзі көтерілді. Біріншіден, партия қызметі мен білім саласында білікті басшы болды. Ол нендей жұмысты қолға алса да жалтақтамай жан-тәнімен атқарды. Білім саласының басшысы әрі зерттеушісі, ұлттық мәдениет пен әдебиеттің қолдаушысы болса,



екіншіден, әдебиеттің поэзия мен сын саласында өзіндік дара жолына түсті. Үшіншіден, Нұрмұқан ағамыз ұрпақ тәрбиесінде кейінгі ұрпаққа үлгі тұтар үлгіміз. Ол төрт ұл, төрт қызын түгелдей университетке оқытып, жоғары білім маман иелері етіп тәрбиеледі. Және олар қоғамның әр саласында салмақты жұмыстарды атқарып жүр. Нұрмұқан ағаның бірден бір сүйеніші – жанындағы аяулы жары, ұлағатты ұстаз Дәшен Дошіметқызы жеңгеміз. Мен қаламгерлер атынан және өз атымнан аға мен жеңгемнің шаңырақ көтергеніне 40 жыл толған мерекелі күндерімен құттықтаймын. Сыйласымдығымен шымыр, қайсар жанды, жібек мінезді ағамыздың қаламының бұдан да биік белестерді бағындыратынына сенемін. Деніңіз сау болсын, аға!

#### 4

*2008 жылы ақпанның 16-ында түстен кейін ақын, сыншы, ағартушы Нұрмұқан Жанұзақұлының «Күз жыры» атты шығармашылық ән кеші, Шынжаң телевизиясының концерт залында өткізілді. Ақын құрметіне арналған бір төп өлеңдерді оқырмандарға ұсынып отырмыз.*

#### Редакция

*(Шынжаң Санжы хұизу автономиялы облысы әдебиет-көркөмөнершілер бірлестігінің әдеби журналы «Боғданың» Қазақ редакциясы Нұрмұқан Жанұзақұлының шығармашылық ән кешімен құттықтайды. Осы арада бірнеше авторлардың өлеңдерін оқырмандарымызға ұсынамыз.*



Тәліпбай ҚАБАЕВ,  
ақын,  
ҚХР Жазушылар одағының мүшесі

## НҰРМҰҚАНҒА АРНАУ

Тудың, өстің, балалықты артқа ысырып тастадың,  
Тастадың да бал дәуреннің сатпағы мен шатпағын.  
Судан таза, сүттен аппақ,  
Мұңсыз, қамсыз өтті мезгіл қас-қағым.

Нағыз жастық дәуренінді, мидай жазық жері бар,  
Тау жайлаған елі бар,  
Өртекестен бастадың.  
Бастадың да, біле білдің алдында,  
Өмір сынды бір телегей жатқанын.  
Және де ұқтың сол телегей ішінде,  
Жас өмірдің қызық-шыжық, махаббаты жатқанын.

Содан бері бақыт пен сор алысып,  
Бақытыңды таптың да,  
Сорды сырып тастадың.  
Сондықтан сен көтере алдың азаптың зіл батпанын.  
Дәл сол кезден жалау етіп жүрегінді,  
Лириканы бастадың.

Содан бері жазып келе жатырсың сен,  
Өмір және сұлулықтың дастанын.  
Өлеңдерің кітап боп,  
Текстерің ән болып,  
Шарлап кетті бұл әлемнің аспанын...



## ӨТТІ ЖАСТЫҚ

Аппақ шашың елестетед,  
Тәңір таудың ақ қарын.  
Біліп жүрсің өлең деген пәленін,  
Ыңыршағы батқанын.  
Тағы, тағы сездіреді,  
Қу өмірдің өтіп бара жатқанын.

Ау! Нүкешжан,  
Тарт тереңге, жаз бұрқатып жырыңды.  
Аш өмірдің жұмбақ сырын, қатпарын!  
Жырла ұлы кісілікті,  
Жаз адами махаббаттың аспанын.  
Бір биікке жаңа шықтың, алдында бар көп биік,  
Шындарға ұмтыл, алдымен көр ақ танды.

**Барат ТАБЫСБЕКОВ,**  
*ақын*

## БІЗ БЕН СІЗ

*(Нұр-ағаға)*

Ақындық та бір басқа, адамдық та бір басқа ән,  
Аға, іні боп тусақ та артық өттік құрдастан.  
Дана менен балада біздейі жоқ сырласқан,  
Біз жарасып жүргенде жадырайтын нұрлы аспан.

Ұланына үн қоссаң, Өртекетей өлкенің,  
Баулығаның деп білем, болашақтың өркенің.



Бала бола білуде, даналықтың парағы,  
Даналыққа жол тарттың, биіктігің ол сенің.

Түскен сынды сезуші ең, үлкен жүгің жотаңнан,  
Саумал жырды сол мезет сабасымен қотарған.  
Сол өнеген ақыл боп, қаншама інің ақын боп,  
Қанша талант түледі, сенің әзіз батаңнан.

Алпыс жастың әжімі жүрсе-дағы жүзге еніп,  
Тайталасып уақытпен жүрсіз аға ізденіп.  
Біздер сіздей болуды құдай білер, алайда,  
Сіз қашанда кетесіз, емін-еркін біз болып.

Сәбидейін шалықтап қоясың ұрған боранға,  
Болмысыңды бір жырмен тәмамдауға болар ма?  
Арындай бер жан аға, аспандасын жырларың,  
Керуенің жүрер даңғыл жол алда.

Күркіреген кеуденнен, сорғаласын жаңбыр ән,  
Күмбірлеген күй төксін, жүректегі домбыраң!  
Даналық боп дарысын арттағыға мол мұраң,  
Жырларыңды естиміз, жырлай білер соңғыдан!



Гүли ӘУКЕНҚЫЗЫ,  
ақын

## ЖЫРДАН ШАШУ ШАШАЙЫН

*(Нұрмұқан Жанұзақұлының  
жыр кешіне арнау)*

Жырдан шашу шашайын құдамызға,  
Думандатпай бұл тойда тұрамыз ба?  
Күміс неке, жыр кешін бірге жасап,  
Алпыс жас та айналды жыр-аңызға.

Төзді ол қуғынға да, қас-жалаға,  
Ер жігіт өлімнен де жасқана ма?  
Қалың елден қара бұлт айыққанда,  
Нүкеңіз бір-ақ тартты Астанаға.

Сын естіп жазықсыздан соғылды да,  
Көріп өсті аштықты, тоқтықты да.  
Жау жағадан алса да, бөрі етектен,  
Елемеді еркексің оныңды да.

Тағдыр тәлкек етсе де қиыншылық,  
Арман жеңді бәрінен қиын шығып.  
Біздің құда осындай қиын жігіт,  
Сыйынсаңдар құдама сыйын жігіт!

Жігерін жанып өтті тасқа білеп,  
Қырандай шүйіледі қайта түлеп.  
Еш кеткен жастық шақтың төлеуі үшін,  
Жыр жазды алпысында түйдек-түйдек.





Ұрпақ үміт, ұрпағың болашағын,  
Гүлін ашты еңбегі алаққанның.  
Әке-шеше сыйлайтын ұрпағың бар,  
Аман болсын балалар-балапаның!

Шапағатты Алланың нұры дарып,  
Қайта келсін жастықтың оты жанып.  
Жетпісінде мерейтой тағы жаса,  
Қораланып төрінде отыралық!

### Гүли құдашаға!

Айналайын, құдаша тілеуіңнен,  
Ақ ниетті ақтардың жүрегіннен.  
Неткен тәтті түсініп, біле білген.  
Артқа қарап күніренем,  
Сенімен заманыма, күлемін мен,  
Жетпіс жаста ұстайын білегіңнен.

*Нұрмұқан Жанұзақұлы.*

*(Гүлидің өлеңі Құлжа қаласынан шығатын  
«Іле жастары» журналынан алынды.)*



**Бағашар НАРЫНБАЕВ,**

*ақын, жазушы,*

*ШҰАР және Іле облыстық Жазушылар одағының мүшесі*

## **НҮКЕҢНІҢ ЖЫР КЕШІНЕ АРНАУ**

Өртеkestiң кіндігі көк төбенің,  
Ауасымен тыныстап, көктеп өндің.  
Сәлем саған Өртеkes қауымынан,  
Көпшіл ақын.  
Көңілдің көктемі өзің.

Жаның шалқып шарладың түз даланы,  
Үнің өктем.  
Оны кім қызғанады?  
Өртеkestiң тағы бір өр мінезді  
Самғап ұшты саңқылдап мұз балағы.

Бірге таттық ләззатын шекті өмірдің,  
Дос дегенде қаймықпай хақ бөліндің.  
«Аты арып, жолында тон тозбаған»,  
Құтты болсын, кешіңіз ақ көңілім.

Жемісі мол «Күз жырың» күздей болсын!  
Жомарт жылдан жетелі ұл іздейді енші.  
Құлшыныспан құлпырып қуаттанғын,  
Ақ боз атың бәйгеден үзбей келсін!

Шыға берсін үзілмей дастандарың,  
Ойып түссін салмағы басқан жағын.  
Өнер жолы сенікі күйеу жігіт,  
Қызбен бірге арындап, аспандағын!



**Тоқтанияз ӘБДІЛДАҰЛЫ,**  
*ақын*

## **«КУЗ ЖЫРЫ» АТТЫ КОНЦЕРТ КЕШІНЕ АРНАУ**

Қуанышы екі мында сегіздің,  
Досың едім, қуанышқа егізбін.  
Жырларыңмен елге ерулік жегіздің.  
«Күз жырыңмен», па шіркін-ай, дегіздің!

Көңілің бар кең даладай көсілген,  
Жырларыңыз жібек арқан есілген.  
Хан Тәңірдің бауырында өстік екеуіміз,  
Ақ иықсың шыңдар көріп жетілген.

Жырың ескек, естің жырдың кемесін,  
Сенде биік ойлы жырдың өресі.  
Қажымадың қиындықтың бәрінен,  
Марғабылдың қасқасы боп келесің.

Мақтанышы Өртекестің деп білем.  
Сирек жанған менің Нүкем от білем.  
Айтыс ақын болып едің ауылда,  
Шыдамады шарпығанда отты өлең.

Сен жүйріксің,  
Өрге ұмтыл, өршеленгін,  
Қарымыңа қашанда ел сенеді.  
Бұл бақытың басыңнан ұшпасын деп,  
Қырғыз елінен келеді бата бергім.



Ерлан ҚАЙСА,  
ақын

## ӨРТЕКЕСТІҢ ӨР МІНЕЗДІ ҚАРТ АҚЫНЫ

Шалқар шабыт сыйлаған ақ шағала ән,  
Ақынсыз қыдыр дарып, бақ қараған.  
Қамалын қара өлеңнің аламын деп,  
Қаламын қай кез болсын тастамаған.

Тұмадай ойларыңыз мөлдір тұнық,  
Ұлағатты сөзіңіз өрілсе ұлық.  
Өнер көшін жалықпай өрге сүйреп,  
Өлең үшін келесіз өмір сүріп.

Қазыналы кеудеңіз мұрағат, бай,  
Жыр жазбауға еш жүрек шыдамастай.  
Қара өлеңнің қастерлі аманаты,  
Қаныңызда қашанда жүр адаспай.

Сағыныштың салмағы артатыны,  
Сезімдердің сөйлейді барша тілі.  
Өлең оты өшпейтін өзегінде,  
Өртекестің өз мінез қарт ақыны.

Білімнің саналарға жақтың шамын,  
Таптың орын, өзіңе тартты ұрпағың.  
Аспантаудың аскары асқақтатып,  
Биіктеді жырларың ақ сұңқарың.

Мазмұнды өмір,  
Мәртебе, маңдайға құт.  
Жан-дүниеніз әлі жас шамдай жарық.



Тыңға соқа салады сындарыңыз,  
Жырларыңыз жатады әнге айналып.

Қазынаңыз әлі көп сіз ашатын,  
Текті тіркес, терең ой парасат үн.  
Серке болған қара өлең селді жырдың,  
Елің көрді еміреніп шарапатын.

Жазға інкәр, көктемге құштар ақын,  
Шабыт еткен қыранның қос қанатын.  
Түн ұйқынды төрт бөліп жаза берші,  
Ұлт тағдырын мәңгілік ұстап ақын.

## ҚОС ШЫНАР

*Сөзін жазған: Мерей Тұрдақынұлы.  
Әнін жазған: Нұртай Әукенұлы.*

Өмірдің қырық жылын басып өттің,  
Тар жол мен тайғақ кезең асып өттің.  
Ұрпаққа мейіріңді шашып өттің,  
Тәңірім ұзақ ғұмыр, нәсіп етсін!

**Қайырмасы:**

*Бақытты әкесіңдер,  
Бақытты анасыңдар,  
Сендердей ата-аналар,  
Аңыз боп қаласыңдар.  
Жасай бер, дана шынар!  
Жасай бер, дара шыңдар!*




Әкешім – ұрпағыңа қазынасын,  
Анашым – балбұлақсың, жаның асыл.  
Балаңды құшақтаған құшақтарың,  
Жұптарың мәңгілікке жазылмасын!

**Қайырмасы.**

Қос шынар ұрпағыңа айнасыңдар,  
Өзіндей қос шынарлар қайдан шығар,  
Сендерге берсін Алла деннің саулығын,  
Халқыңның қақ төріне жайғасыңдар!

**Қайырмасы.**



## СОҢҒЫ СЫРЛАСУ

*(Уәлибек Нүсіпқанұлы Көлбай  
немересімен әңгіме)*

**Б**іздің үйге ел аттап су кешіп дегендей, келіп қонақ болып жататын адамдар аз болмайды. Біз көпбалалы болсақ та «Би болмасаң би болма, би түсетін үй бол» деген ата жолын ұстаныппыз. Қонақтың ырысы өзімен еріп келеді деген сөз де бар. Осы аталы сөз де қазақ тіршілігінің сынынан өткен. Алайда, мәселе – сенің қонақтарыңның қандай қонақ болуында. Қызыр келіп қонса, қызыр шалады. Ұры келіп қонса малынды, қарақшыны қондырсаң жаныңды алады дегендей. Қазақтар бұрын ел жақсысы келсе, сәбилерін әлгі адамның отырған орнына жаңа туған сәбиін аунатып алып жатады. Бұзық адам қонса отырған орнының топырағын қазап алып тастайтын салт бар. Ал менің бүгінгі қонағым әрі құда, әрі дос, әрі қызыр шалған адамдардың тұқымы болатын.

Қонақтың бәрінен естелік жазып, кітабына сақта-саң мән қала ма? Ал менің бүгінгі қонағым – өзіндік болмысы бөлек пішімдегі ерекше қонақ болатын. Олар ерлі-зайыпты қариялар, Қытайдағы Қазақ қоғамның белді мүшелері 80 жастағы Уәлибек Нүсіпқанұлы аға мен





70 жастағы Гүли Әукенқызы. Ерекше дейтінім, осыдан бес жыл бұрын Уәлибек ағаның дыбыс жолы қатерлі ісік ауруына кіріптар болып, дауыс шығаратын желбезегі алып тасталған. Қонақ болғандағы көңіл-күйімен, айтар әңгімесін қағазға жазып отырды. Мен оны өзгертпей көшіріп кітапқа бердім.

Ендеше осы екі адам кім еді?

Уәлибек Нүсіпқанұлы Көнбай немересі алты ата-сынан бері байлық пен билік үзілмеген кара көктін тұқымы. Атасы Көнбай бай болып ел билеген адам. Әкесі Нүсіпқан оқымысты, Үш аймақ төңкерісінің әскери қолбасшыларының бірі, Іле қазақ облысы төрағасының орынбасары болып, шешен, тілмар ел ішінде «Нүсіпқан полковник» деген атымен ел құрметіне бөленіп, атағы алты алашқа мәлім адам.

Уәлибек Бейжің универистетінің құрылыс мамандығын оқып, Жаңа Жұнгоның құрылыс саласының алғашқы іргетасын қаласқан инженер болды. Кейіннен Іле облысының құрылыс басқармасының бастығы болып, сол қызметінен демалысқа шыққан. Құдай қосқан жары Гүли Әукенқызы менің сабақтасым еді, ширек ғасырдан асқан соң өмір екеуімізді қайта жалғастырып, тұңғышым Ержан Гүлидің ағасы Айдар Әукенұлының қызын алып, Гүли құдаша болып шықты. Гүли белгілі журналист, Шынжандағы жастар өмірін жазатын бірден бір қазақ тілінде шығатын «Іле жастары» журналының бас редакторы. Шынжандағы беделді әйел. Бұлармен 20 жылға жуық достасқан, құда-жекжаттық жарастығымыз тағы бар. Мен осы быр қайсар қарттың біздің жанұямызда қаламмен қалдырған сөздерінен үзінді беруді жөн көрдім.



## 1

«Екі мемлекет емес пе? Бұрынғыдай араласа беруіміз қиындады. Сенің Алматы қаласында осылай қоныстанғаныңа қуанамын. Жолды жақсы талдағансың. Алматыға келе салып аттың басын сендерге қарай бұрдык. Сағынысып қалдык. Өздеріңмен дидарласайық дедік. Іш құсамды сендерге ақтарайын дедім. Барлығымыз Алматыда қауыштық. Осыған мың шүкірлік. Бұл Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігінің арқасы ғой!»

## 2

«Ал, Нүке! Дәшен!

Біз ауылдарыңа аттың басын бұрып келгенімізде аспаннан нұр жауып, бір ұл немерелі болыпсыңдар. Біз ақжолтай қонақ болдық. Сендермен бірге қуанып, масаттанып отырмыз Бауы берік болсын! Қазақтың қалаулы азаматы болсын! Атын әлі қоймаған екенсіңдер, баламызға «Нұржол» деген ат қойғым бар. Өйткені мемлекет басшысының да, өз атасының да аты «ұрдан» басталады. Сондықтан «Нұрда» қасиет бар. Өзіңнің де жолың болғыш азаматсың. Менің арғы атам Жолымбет те жолы болған қасиетті адам еді. Осы адамның алдыңғы жолын қосып атын «Нұржол» қойсақ деп, ырымдап отырмын. Ойласып көрерсіңдер!

Өз үйіміз дедік те Семейден шаршап келіп, Гүлі екеуіміз үй моншаларыңа қойып кеттік. Келін мен баланның жылы қабағы да бізді солай еткізді. Кешірім сұраймын. Тазаланып алғанымыз да жөн болды. Жанұялар сендер сияқты бақытты болсын! Алатаудың суы арғымаққа мініп жүргендей сергітеді екен...»



## 3

«Тілім, жағым сау. Тамағым тесік. Дыбыс жоқ сөйлей алмаймын. Басқа денсаулығымда қазірше кәріліктен басқа жоқ сияқты. Ел қатарлы түп-түзу жүремін. Сендермен, адамдармен адам сықылды сөйлесе алмағаннан кейін адам ішін пысып, қыстығып қорланып мазаң кетеді екен. Тәңірге не жаздым деші? Ертерек о дүниеге аттанып кетсем де тірлігіме разымын, жас болса келді. Менің басыма түскен ауыртпалық, пендем десе, басқалардың басына түспесін! Менің мінезім ауыр, сабырлы, салмақты болған соң шыдап келдім. Мінезі жеңілтек адамдар бұл қорлыққа шыдай алмас, бәлкім. Мен мынадай ауыр күйімді екеуіне ғана айтып отырмын. Сендер сияқты жаны жарасқан, адам қадірін білетін адамдармен әңгімелескенде, жаным жәй тауып қалады. Сендермен бірге болғанда арақты ішкім де келеді. Екеуіміз талай іштік қой бұл аты жаманды. Дәп қазір маған екі түрлі пайдасы бар. Бірі – аз да болса іш құстамды таратады. Екіншісі, тамағымды жібітіп, тынысымды кеңейтеді. Менің тірі жүргенім Гүліімнің арқасы. Барлық жағдайымды жасайды. Әсіресе көңілімді ренжітпейді. Менің бүгінгідей көңілді күндерімді көргенде гүл-гүл жайнап сала береді».

## 4

«Қазақстан дүниедегі ең бай, бақытты ел деп ойлаймын. Жерінің асты да, үсті де байлыққа тұнып тұр. Жер көлемі жағынан дүниедегі жүзден аса елдің ішінде 9-орында. Байлық пен мемлекеттің орны жағынан да тоғызыншы орынға әлі-ақ шыға алады. Қазақстанға көз тігіп, қызыға да, қызғана да қарап отырғандар аз емес. Олардың арам ниеті адыра қалсын! Өкінетінім



көп қазақтар мен сияқты тіліне қатарлі ісік ауру келмесе де тілі омалып, орыс боп кетіпті. Қарт мен жазылмаймын. Алайда жас тәуелсіз елдің бұл аурудан айығырына сенем. Қазақстанға ең керегі – тыныштық, ынтымақ, береке. Осы шарттар жалғасса Қазақстанның әлі-ақ әлем төріне шығатындығына сенемін. Назарбаев аман болсын! Ол сияқты ақылды айлалы, іскер азаматтар ол адамның артынан атқа мініп, артынан ере беруін Алладан тілеймін. Сендердің, сенің ұрпақтарыңның Қазақстанның қалаулы азаматы болуларыңды да Алла нәсіп етсін.

Мұтан Ғабдуллин деген адам алдыңғы ғасырдың 50-60-жылдарында Іле өңірінің білім саласына көрнекті үлес қосқан ағартуші еді. Егер бала-шағалары бар шығар, танысып қойыңдар! Жаксы адамдар еді, әдірісі...

## 5

«Мен 1988 жылы 9-айда Қытайдың достық делегациясының бір мүшесі болып Қазақстан мен Өзбекстанда он неше күн сапарда болдым. Мен бұрын да, сапар барысында да екі елдің достығы үшін біраз еңбек сіңіргенім бар. Бізді шақырған сол кездегі шетелдермен достық байланыс жасау қоғамының бастығы Ақмарал Арыстанбекова қандай ақылды, ақпейіл, өзі де аппақ әйел еді. Сол қарындасым кейін Сыртқы істер министрі болды. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өкілі болып Америкада тұрды. Қазір қайда екен деп сағына еске аламын. Сыртқы істер министрі болып тұрған кезде Назарбаевпен бірге Үрімжі, Құлжаға барғанда мені іздеген екен, мен жайлауға кеткем. Жолыға алмадым. Ақмаралдай қарындастарым аман болсын! Екі ел үшін сіңірген еңбектері еш кетпесін! Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын.»



## 6

Ішім толып кеткен сияқты. Сөзімді жазып беріп жатырмын. Жазғанға сөйлегеннен өте көп уақыт жұмсалады. Түсінеді деп білем, Нұрмұқан өзіннің Қазақстандағы бітірген жұмыстарынды таныстыршы? Құлағым сау-ғой, естиін.

Мен ұзақтау сөйледім. Тапсырыспен шыққан «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты кітабым жөнінде көп айттым. Жөні солай еді. «Өткен із бен күткен арман» атты кітабымды өз қаражатыма шығарғанымды да әңгімеледім. Бұл кітабымның екі бөлімнен тұратынын, «Өткен ізі» Қытай топырағында жазылғанын, «Күткен арманым» атажұртқа оралғаннан кейін жазған дүниелерім екенін түсіндіріп өттім.

Уәлибек аға тілдей қағазға: «Сен бір ауыз сөзбен бір дәуірдің мағынасын айта саласың-ау! Дастандар жинағыңның аты бір тарих қой», – деп мактады. Уәлибек аға, тағы да қағазға мыналарды жазып берді: «Бір ауыз сөзім – мың ділдан» қазіргі заманның ақыл-ой оқулығы екен! Оқып шықтым. Күнде көріп жүрген Нүкен едің, ана сөздер қай жеріңнен шықты? Ендігі жастар осы кітаптың салмағын сезіне алар ма екен! Даусын жақсы еді ғой! Әлгі Құлжаға барғандағы сағыныш пен қазақ зиялыларының өмірін бейнелейтін «Қоштаспаймын» дейтін әніңді айтшы! Үрімжінің қазақтары сені әрі ақын, әрі музыкант, әрі әнші етіп аттандырған екен».

Ендеше, сол әннің мәтінін толық келтірейін.

*Күйіп-жанып кей-кейде қалады ішім,  
Туған жерім өскен ел қаламысың?  
Әке болсаң барлығы балаң үшін,  
Ұрпақ үшін тағы ұшты қара құсың.*



*Аударылдым Алатау бөктеріне,  
Қадіріңе ел жеттім бе, жетпедім бе?  
Өкпеледім өмірдің өткеліне.  
Қуанамын қолымның жеткеніне.*

*Қоштаспаймын, сендермен қоштаспаймын,  
Қоштасқалы қолымды ұстатпаймын.  
Елім мені түсінді, мен де елімді,  
Өздеріңмен қуаныш, ұқсас қайғым.*

*Өмір деген батар күн, аққан бұлт,  
Жүрегімді түсін ел жатқан күліп.  
Өкпелеткен, өрлеткен өздеріңсің,  
Ал өздерің жібергін аттандырып.*

Уәлибек аға қатты күрсінді. Тағы тілдей қағазға:  
«Өмір шындығын қандай терең, сұлу көрсеткенсің. Мен  
сенің ақындығың жөнінде түсінігім аз екен...»

## 7

*Жас кезде тойшыл болдық, ойшыл болдық.  
Қаратып жалғыз қойға қойшы болдық, —*

деп жазып сабақтасым Гүлиге ұсынды. Гүли сынғырлап күліп алды да: «Маған ән сал деп отыр ғой! Екеуіміз бірге айтып өмір кешкен әнді айтайын», — деп Шәмшінің бір әнін айтты да соңында көзіне жас алды. Шалының хал-жәйін айтып мұнайды. Уәлибек аға қағазын тағы алып жаза бастады.

«Ау, Нұрмұқан, Дәшен! Екеуің бакыттысыңдар!  
Нүке, сенің өрісіңнің кеңейюіне де, өнеріңнің өршіл-



дігіне де сүйеніш, тілектес демеуші болып жүрген мына Дәшен екенін есіңнен шығарма! Осы жүрістеріңнен жаңылмандар! Өмір мен ұрпақтарыңның қызығын көре беріңдер! Мына немерең Ерасыл білгендей бізге гүл сызып әкеліпті. Осы кішкентай немерелеріңмен гүл-гүл жайнай беріңдер! Немерелеріміз, гүлдеріміз құлпыра берсін!»

Уәлибек аға дәмдерден алып, сусындардың түрлеріне қанып, демалып біраз отырғаннан кейін тағы да қалам мен қағазды алды.

«Қытайлықтардың ең ұнатып ішетін, құрметті адамдарына беретін арағы Іле лаужауды лақылдатып отырсың. Бұл арақтың менің туған ауылымда жасалатынын да білесің! Мұндайда барлығы ойға түседі. Мақтанғын келеді. Қазір едәуір көтеріліп қалдым. Сен де желпініп отырсың, тағы бір өлең оқышы!»

Мен жақында жазып, баспаларда жариялай алмаған «25 жыл» атты өлеңімнен үш шумағын оқыдым. Қалғанын жатқа соға алмадым:

*«25 жыл Тәңірдің берген жылы,  
Тәлей берді тәңірім елден бұрын.  
Қаулап өнді тауым да, кең далам да,  
Егемен ер елімнің терген гүлі.*

*Қазақстан – Отаным елден ерек,  
300 жылдық құлдықты жатыр жерлеп.  
25 жылдың жемісін қорғау үшін,  
Ми жақтағы өспені емдеу керек.*

*25 жылда толысты ақыл-есің,  
Енді жоғал жармасқан масыл есім.  
Кімдер келіп жерімді алам десе,  
Алдыменен өзінің басын берсін!»*



Уәлибек аға құшақтап сүйіп жатыр. Қайтадан орнына отырды да қаламын қолға алды. Тілдей қағазға былай жазды: «Қазақстанның өзінің өндірген арағынан бір құмыра ішейікші! Мен енді көп жасай алмаймын. Бес жыл шыдаған тамағым биыл бөлек түс көрсетіп тұр. Мүмкін соңғы дәмім шығар! Екеуіміздің де соңғы сырласуымыз болар.» *(Шыны солай болды. Үйіне қайтып барған соң тамақтың қатерлі ісігі қайталады да, төрт айдан соң бізбен мәңгі қоштасты.)* «Өз үйімде өз төрімде нанымды жегендей болайын. Қазақстан қазақтың отаны. Отаныммен де қоштасқаным болар! Бір шексіз шаттанайын. Масайрайын. Сенем, Гүли мен Дәшен де менің ойыма қарсы болмайды. Сендердің төрлерінде айтпаған шынымды қайда айтам. Шалқиын, қалқиын қазақтың отанында. Сендердің мені түсінетіндерінді, кешіретіндерінді білем».

\*\*\*

Сірге жиярдың орны үшін бір өлеңім арқылы оқырмандармен ой бөлісейін.

### **Ақын неге солай**

Жыбырлап өткен құртты да,  
Үстінен жаншып өткем жоқ.  
Қастық қылған мықтыға,  
Қастық тұрмақ өкпем жоқ.

Жапырақ төксе бәйтерек,  
Өтті деп өмір жыладым.  
Бір тұқым өнсе ертерек,  
Құдайдан соны сұрадым





Сүйе білмес жанды да,  
Жабыса сүйдім өлгенше.  
Түсінбес мені бұл елге,  
Асықтым жүрек бергенше.

Ашылам да шашылам,  
Ұлымды сүйем (жатты емес).  
Топырағымның тасы да,  
Өңешке жұмсақ (қатты емес).

Қарайдым.  
Ойлап жатырмын,  
Қайшылықты ойлар, қатты егес,  
Өлеңі тәтті ақынның,  
Өзі неге тәтті емес!?



## МАЗМҰНЫ

<b>БЕТАШАР</b> .....	<b>3</b>
----------------------	----------

### *Бірінші бөлім.* **АТА МЕКЕНДЕ**

<b>АВТОРДАН</b> .....	<b>6</b>
-----------------------	----------

<i>Б. Сарбалаұлы. ЖҮРЕКТЕН АҚҚАН ЖЫР-БҰЛАҚ</i> .....	<b>16</b>
<i>Ж. Медеуов. ТӘЛІМДІ ТҰЛҒА</i> .....	<b>37</b>
<i>Д. Әлбозым. ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АДАМЫ ЖӘНЕ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ КІТАБЫ</i> .....	<b>45</b>
<i>Д. Байтұрсынұлы. АҒА ТУРАЛЫ СӨЗ</i> .....	<b>55</b>
<i>С. Тоқтасынұлы. ӨМІРДІ СҮЙГЕН</i> .....	<b>62</b>
<i>Н. Құдайберген. ЕСКІРМЕЙТІН СӨЗ</i> .....	<b>70</b>

### *Екінші бөлім.* **ТУҒАН ТОПЫРАҚТЫҢ ИІСІ**

<i>Б. Мұса. АДАМ ЖАНЫНА ҮНІЛУ</i> .....	<b>76</b>
<i>Б.М. Табысбеков. ПОЭЗИЯДАҒЫ ОЙ МЕН КӨРКЕМ ТІЛДІҢ ТОҒЫСУЫ</i> .....	<b>87</b>
<i>Қ. Әсейінұлы. ӨЗІН ДЕ, ӨМІРДІ ДЕ ЖЕТЕКТЕУШІ</i> .....	<b>101</b>
<i>Б. Біләлұлы. АЛТЫНДЫ АЛДЫМЕН БІЗ БАЙҚАҒАН ЕДІК</i> .....	<b>118</b>
<b>КҮНДЕЛІКТЕРІМНЕН</b> .....	<b>123</b>



---

<i>Т. Қабаев.</i> <b>НҰРМҰҚАНҒА АРНАУ</b> .....	130
<b>ӨТТІ ЖАСТЫҚ</b> .....	131
<i>Б. Табысбеков.</i> <b>БІЗ БЕН СІЗ</b> .....	131
<i>Г. Әукенқызы.</i> <b>ЖЫРДАН ШАШУ ШАШАЙЫН</b> .....	133
<i>Б. Нарынбаев.</i> <b>НҮКЕҢНІҢ ЖЫР КЕШІНЕ АРНАУ</b> .....	135
<i>Т. Әбділдаұлы.</i> <b>«КҮЗ ЖЫРЫ» АТТЫ</b> <b>КОНЦЕРТ КЕШІНЕ АРНАУ</b> .....	136
<i>Е. Қайса.</i> <b>ӨРТЕКЕСТІҢ ӨР МІНЕЗДІ ҚАРТ АҚЫНЫ</b> .....	137
<i>М. Тұрдақынұлы.</i> <b>ҚОС ШЫНАР</b> .....	138
<b>СОҢҒЫ СЫРЛАСУ</b> .....	140

Нұрмұқан  
ЖАНҰЗАҚҰЛЫ

*Көктемнен  
күзге дейін*

Бас редакторы *Кәдірбек Құныпияұлы*  
Редакторы *Қызжібек Әбдіғаниқызы*  
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*  
Беттеген *Қуаныш Әділғазин*

Басуға 15.05.2017 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108<sup>1/32</sup>.  
Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «DS Times».  
Баспа табағы – 9,5. Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 404.

«Ан Арыс» ЖШС, 050000,  
Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105.  
Тел.: +7 (727) 272 51 84, 261 60 67, факс: +7 (727) 261 62 13

*Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.*

«Полиграфсервис» ЖШС. Алматы қаласы,  
Зеленая көшесі, 13 «А»



